**Ж.С. Әубәкірова, А.С. Жанбосынова, Э.О. Столярова**

# ӨЛКЕТАНУ

## ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Жалпы білім беретін мектептің 5–7-сыныптарына
арналған оқулық

# 5–7

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған

Алматы «Атамұра» 2018

УДК 000
ББК 000

# Шартты белгілер

 Зерттеуге арналған сұрақ!

 Назар аударыңдар!

 Шығармашылық тапсырма!

 Ойланыңдар!

 Топтық жұмыс!

 Сөздікпен жұмыс!

 Есте сақтаңдар!

 Бұл қызықты!

**Өлкетану.** Жалпы білім беретін мектептің 5–7-сыныптарына арналған оқулық/Ж.С. Әубәкірова, А.С. Жанбосынова, Э.О. Столярова. – Алматы: «Атамұра», 2018. – 176 бет.

ISBN 000-000-000-000

«Өлкетану» – негізгі орта білім деңгейінде жаңартылған мазмұндағы білім беру бағдарламасы бойынша оқушылардың өз бетінше жұмыстарын ұйымдастыруға арналған оқулық. Ол 5–7-сыныптарға арналған «Қазақстан тарихы», «Қазақ әдебиеті», «География», «Музыка» мектеп курстарына қосымша біріктірілген басылым деп саналады.

**УДК 000**
**ББК 000**

ISBN 000-000-000-000

© Әубәкірова Ж.С., Жанбосынова А.С., Столярова Э.О., 2018
© «Атамұра», 2018



**Н. Назарбаев**

**«БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»**

***Патриотизм*** *кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады....*

***Бағдарлама неге «Туған жер» деп аталады?*** *Адам баласы – шексіз зерденің ғана емес, ғажайып сезімнің иесі. Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүрегінің түбінде әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды.*

***Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу*** *– шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі. Бұл кез келген халықты әншейін біріге салған қауым емес, шын мәніндегі* ***ұлт*** *ететін* ***мәдени- генетикалық кодының негізі.***

*Біздің бабаларымыз ғасырлар бойы ұшқан құстың қанаты талып, жүгірген аңның тұяғы тозатын ұлан-ғайыр аумақты ғана қорғаған жоқ.*
*Олар ұлттың болашағын, келер ұрпағын, бізді қорғады. Сан тараптан сұқтанған жат жұртқа Атамекеннің қарыс қадамын да бермей, ұрпағына мирас етті.*

*Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс.*

## ОҚУЛЫҚТЫҢ АВТОРЛАР ҰЖЫМЫ

**«Қазақстан тарихы» бойынша авторлар:**

Әубәкірова Ж.С., т.ғ.к., С. Аманжолов атындағы ШҚМУ-нің доценті;

Жанбосынова А.С., т.ғ.д., С. Аманжолов атындағы ШҚМУ-нің профессоры;

Столярова Э.О., әлеум.ғ.к., С. Аманжолов атындағы ШҚМУ-нің доценті.

Савчук Е.В., философия магистрі, С. Аманжолов атындағы ШҚМУ «Алтайтану» ҒЗО-ның аға ғылыми қызметкері;

Жириндинова Қ.Р., тарих магистрі, С. Аманжолов атындағы ШҚМУ-нің аға оқытушысы;

Әубәкірова Ә.Ж., тарих магистрі, С. Аманжолов атындағы ШҚМУ «Алтайтану» ҒЗО-ның аға ғылыми қызметкері.

**«Қазақ әдебиеті» бойынша авторлар:**

Жүндібаева А.Қ., Семей қаласының Шәкәрім атындағы Мемлекеттік университетінің қауымдастырылған профессоры, философия докторы (PhD);

Мұқанов Б.Ш., Өскемен қаласы әкімдігі «№ 27 орта мектебі» КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

**«Музыка» бойынша авторлар:**

Құнафина Қ.Х., Халық әртістері ағайынды Абдуллиндер атындағы Шығыс Қазақстан өнер училищесінің оқытушысы;

Есембаева З.Т., Халық әртістері ағайынды Абдуллиндер атындағы Шығыс Қазақстан өнер училищесінің оқытушысы.

**«География» бойынша авторлар:**

Цыганов А.П., б.ғ.к., С. Аманжолов атындағы ШҚМУ «Экология және география» кафедрасының доценті, Өскемен қаласы әкімдігі «Оқу-зерттеу экобиоорталығының» директоры;

Зинченко Е.С., география және биология пәндерінің мұғалімі, Өскемен қаласының облыстық тарихи-өлкетану мұражайының маманы.

**Рецензенттер:**

**Барбосынова Қ. Т.,** С.Аманжолов атындағы ШҚМУ-нің доценті, ф.ғ.к.;

**Абселенова А. Ж.,** Өскемен қаласы әкімдігінің «Зәки Ахметов атындағы № 16 орта мектебі» КММ тарих пәнінің мұғалімі;

**Сәбиева Р.С.,** Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы «Шығыс» өңірлік орталығының оқыту мазмұны және білім беру сапасы мониторингі бөлімінің жетекшісі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің әдіскері.

## ҚЫМБАТТЫ ДОСТАР!

Біздің Отанымыз – Қазақстан кең – байтақ ел. Алтын күннің шапағы Алтай тауларына нұрын шашып, шығыстан көтеріледі. Көсілген Ұлы даланың көгінде қыран бүркіт самғайды. Кең – байтақ жерімізде көлдер ормандармен алмасып, оңтүстіктің гүлденген бақтарымен ұласады. Одан әрі батысқа бағыт алсаң, Каспий жағалауына жетесің. Осының барлығы кез – келген қазақстандық азамат үшін қымбат. Бірақ, біздің ұлан-ғайыр елімізге деген сүйіспеншілігіміздің шексіздігіне қарамастан, әркімнің өзіне ыстық бұрышы бар, ол – оның үйі, кіші Отаны. Біз үшін ол – Шығыс Қазақстан.

Біз осы жерде, еліміздің шығысында дүниеге келдік. Осы жерде біз алғаш рет әлемдегі ең маңызды дүниелерді – ата-ананың махаббатын, аталарымыз бен әжелеріміздің жан жылуын, алғашқы шынайы достық пен алғашқы ғашықтықты тани бастадық. Бұл бізді нәрлендіріп, әрқашан қуат беретін жер. Біз оның тартылыс күшін ғұмыр бойы сезініп өтеміз. Тағдырымыз бізді жер бетінің қай түкпіріне жіберседе біз түп-тамырымызды мәңгі есте сақтаймыз.

Сендердің назарларыңа өлкетану оқулығын ұсынамыз. Бұл оқулықта әр түрлі пәндер – «Қазақстан тарихы», «Қазақ әдебиеті», «География» және «Музыка» бойынша материалдар жинақталған. Қолдарыңдағы кітаптың ерекшелігі – мұнда біздің өлкеміз жайлы, оның тарихы, географиясы, табиғаты және мәдениеті жайлы әңгімеленеді. Бірақ, ең бастысы, сендер бұл кітаптан өлкеміздің байлығы мен тарихын қалыптастырған адамдар туралы білетін боласыңдар. Олар өлкеміздің тарихын қалыптастырып, даңқын бүкіл елге және одан тыс жерлерге мәшһүр етті.

Біз сендерді Шығыс Қазақстан бойынша қызықты саяхатқа шақырамыз. Сендер жеріміздің әсем табиғаты, отандастарымыздың ерліктері мен жетістіктері, осы жерде өмір сүретін адамдардың мәдениетінің алуан түрлілігі туралы мәліметтер аласыңдар. Осының бәрі көп ұлтты халықтың ерен еңбегі арқылы жасалып, сақталды және көбейтілді.

Өзінің түп тамырын, өлкесінің тарихын білетін адам алдыңғы ұрпақтың баға жетпес тәжірибесін иемденетінін түсіну маңызды. Ондай адам Қазақстан және кіші Отаны үшін нағыз маңызды істер атқарып, өз халқының мақтанышы бола алады.

Біз сендердің өз Отанын құрметтеген азамат болатындарыңа сенім артамыз.

***Құрметпен, авторлар ұжымы***

## ОҚУЛЫҚТЫ ҚАЛАЙ ПАЙДАЛАНАМЫЗ?

Бұл оқулық 5, 6, 7 сыныптарда «Өлкетану» біріктірілген курсын оқуға арналған. Бұл курс «Қазақстан тарихы», «Қазақ әдебиеті», «География» және «Музыка» тәрізді жалпы білім беру пәндерінің мазмұнын кеңейтеді және байытады.

Оқу құралымыздың мақсаты – туған жердің тарихы, мәдениеті және табиғатымен танысу, зерттеу дағдыларын, отансүйгіштік және кіші Отанға деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру.

Материалды зерделей бастағанда, параграфтың мәтінін оқыңдар. Содан кейін сұрақтарға жауап беріп, тапсырмаларды орындаңдар. Сұрақтар мен тапсырмалар, көбінесе, зерттеушілік сипатта және тәуелсіз шығармашылық тұрғыдан қарастыруды қажет етеді. Кейбір тапсырмаларды жеке немесе топтарда орындауға болады. Зерттеу тапсырмаларының түрлері әр алуан. Мысалы, тарихи ескерткішті сипаттау, сұхбаттасу, туристік маршрутты құрастыру, мектеп мұражайына жаңа құжаттар жинау, ойтолғаулар жазу, музыкалық топтама жасау немесе ауданның, елді мекеннің визит карточкасын жасау.

Орындалған тапсырмалардың нәтижелері аудиторияда да, сабақтан тыс іс-шараларда да ұсынылуы мүмкін. Тапсырмаларды ұдайы орындау оқу жылының соңында «Менің туған жерім» портфолиосын құруға мүмкіндік береді. Оған тарих, табиғат, проза, поэзия және туған өлкенің симфониялары бойынша зерттеулер кіреді. Бұл сендерге туған жер туралы жоба жазудың бастамасы бола алады.

Егер сендер ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізгілерің келсе, оқулықтан аймақтық жобаның қалай дайындалатындығы туралы ақпарат табасыңдар. Ол үшін сендер біз ұсынған тақырыптар тізімін пайдалана аласыңдар. Дегенмен, жоба тақырыбын мұғаліммен бірге кеңесіп немесе өздерің ойлап табуға болады. «Ғылыми жобаны қалай жазу керек?» параграфына назар аударыңдар. Бұл тақырыппен танысқаннан кейін мәселелік зерттеу жобасының тақырыбын қалай таңдауға болатынын, оның өзектілігін негіздеуді, зерттеудің мақсаттарын, міндеттерін, нысаны мен пәнін анықтауды үйренесіңдер. Сондай-ақ, гипотезаны ұсынуды және дәлелдеуді, жобаны іске асыру кезеңдерін жоспарлауды үйренесіңдер. Соңында, қорытындыларды тұжырымдап, жобаны қалай ұсынуға болатынын үйренесіңдер.

Жалпы мәтінде берілген аймақтың тарихы туралы қосымша ақпараттарды және қызықты фактілерді ескеріңдер. Тапсырмаларды орындауға оқулықтың соңында берілген глоссарий көмектеседі. Сондай-ақ, оқулықта сендер жеке тапсырмаларыңды орындау үшін тарихи дереккөздерден, әдеби шығармалардан үзінділер, географиялық объектілердің сипаттамалары сияқты қосымша ақпараттар аласыңдар.

Бөліммен жұмысты аяқтаған соң, білімдеріңді қорытынды сұрақтар арқылы тексеріңдер, өздеріңнің және сыныптастарыңның білімдерін бағаландар.

# ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

# МУЗЫКА

**СЕНДЕР ТАНЫСАСЫҢДАР:**

– Шығыс Қазақстан облысының аңыз-ертегілерімен;

– облысымыздағы тарихи және мәдени ескерткіштермен;

– тарихымызда белгілі билер мен ақындар, туған жерімізді басқыншылықтан қорғаған жауынгер батырлар және балуандармен;

– туған жеріміздің сұлулығын жырлаған ақын-жазушыларымызбен.

**СЕНДЕР БІЛЕСІҢДЕР:**

– қанша ғасыр өтсе де, аңыз-әңгімелердің өз мәнін жоғалтпайтынын;

– мұражайлардың не үшін керек екенін;

– жерлестеріңнің ерліктерін білудің қаншалықты маңызды екенін.

**СЕНДЕР ҮЙРЕНЕСІҢДЕР:**

– тарихи нысандарды сипаттауды;

– экскурсовод ретінде өлкетану мұражайының жәдігерлері туралы әңгімелеуді;

– Шығыс Қазақстан тарихының белгілі тұлғаларының өлкенің дамуына қосқан үлестерін бағалауды;

– музыкалық каталог құрастыруды.

# 5-сынып



Бадажков Ф.Г. «Түрлі түсті таулар». 1995.
Ағаш-жаңқалы тақта, майлы бояу. Суретшінің жеке қорынан

# § 1. ТУҒАН ӨЛКЕНІҢ АҢЫЗ-ЕРТЕГІЛЕРІ

**Сендер бұл сабақта:**



- туған өлке туралы аңыз-ертегілерді білесіңдер;
- аңыз-ертегілердің мән-мағынасын түсінуді және талдауды үйренесіңдер;
- өткен ұрпақтың тарихи және мәдени мұрасын сақтау мен толықтыру қажеттігін түсінесіңдер.

*Түйін сөздер: аңыз, аңыз-әңгіме*

**Зерттеуге арналған сұрақ!**
***Туған өлкенің аңыздарын білу бізге не береді?***

**Ойланыңдар!**
**Туған жер туралы қандай аңыздар мен аңыз-әңгімелер оқыдыңдар немесе естідіңдер?**

Тарихи ғылым аңыздар мен аңыз-әңгімелерді дереккөзі ретінде қарастыра алады. Аңыздар мен аңыз-әңгімелер өлкеміздің маңызды, есте қаларлық оқиғаларын әңгімелейді. Мысалы, неміс археологы және ежелгі мәтіндерді зерттеуші Генрих Шлиман грек ақыны Гомердің «Илиада» мен «Одиссея» эпостарының шындық болуы мүмкіндігін ескеріп, онда баяндалған ежелгі Трояны тапқан.

Бұл қызық! Тарихшылар өз зерттеулерінің негізінде аңыздар мен аңыз әңгімелердің шынайылығын растаған қызықты мысалдар аз емес. Мысалы, викингтердің Американы б.з.д 1000 жылы, яғни Христофор Колумбтан 500 жыл бұрын ашқаны дәл осы аңыздар мен аңыз-әңгімелерге негізделген дәлелдермен анықталған болатын.

**Сөздікпен жұмыс!**
**Аңыз (аңыз-әңгіме) –** шынайы болған оқиғалардың айғақтары туралы дәлелденбеген баяндаулары бар прозалық фольклор шығармасы.

**Ойланыңдар!**
**Аңыздар мен аңыз-әңгімелерді тарихи дереккөздер ретінде қарастыру мүмкін бе? Жауаптарыңды мысал келтіріп, дәлелдеңдер.**

Аңыздардың тарихи және тағылымды түрлері болады. Олар елді мекендердің, таулардың, өзендердің, көлдердің атаулары туралы әңгімелейді.

Сендер өздерің өскен үйлеріңнің ауласын естеріңе алыңдар. Мүмкін сендер маңызды немесе есте қалған оқиғалар жайлы әңгімелеп бере аласыңдар. Сол сияқты туған жер де маңызды оқиғаларға байланысты халықтың жадында қалған естеліктерге толы, олар әдетте оқиға орын алған белгілі бір елді мекендермен байланысты болып келеді. Мұндай елді мекендерге, географиялық объектілерге (өзендер, таулар, көлдер және т.б.) ата-бабаларымыз атаулар берген.

**Шығармашылық тапсырма!**
**Ертіс өзені мен Қоңыр Әулие жайлы аңыздарды оқыңдар. Аңыздар не ойдан шығарылған, не шындыққа сәйкес болуы мүмкін? Бұл аңыздардан қандай сенімді ақпарат алуға болады?**

Өзеннің атауы түркі тілінде Ертіс, орыс тілінде Иртыш деп аталады. Өзінің бастауын Ертіс Моңғолиядан алып, Хаара-Улус-Нор көлінен ағып шығып, Қытай территориясымен Алтай таулары арқылы ағып келіп, «Қара Ертіс» деп аталып, Шығыс Қазақстан аумағындағы Зайсан көліне құяды. Одан әрі Өскемен, Семей, Павлодар облыстарының аумағы арқылы ағып өтіп, Обь өзеніне құяды.

## ЕРТІС ТУРАЛЫ АҢЫЗ



«...Баяғы замандарда Шығыс Қазақстан жерінде көшпенділер өмір сүрген. Қазір Ертіс ағып жатқан өңір бұрынғы уақытта шөлді жазық болған екен. Бұл жазық аймақта өзен де, көл де, бұлақ та болмаған. Әрбір үш-төрт жыл сайын бұл жерлерде құрғақшылық болып, көк шалғын күйіп кетіп отырған. Адамдар аптап ыстыққа және ашаршылыққа шыдай алмай, аңдар мен құстар бұл жерлерден безіп кетіпті.

Көшпенділер бойы бұлттан да биік, көлеңкесіне тіпті ұшқан құстың назары жетпейтін алып батыр жайлы естіп, біледі. Көшпенділер Ертіс есімді алып батырды іздеп тауып, оларды құрғақшылықтан құтқаруды өтінеді.

Ертіс өз назарын оңтүстіктен көтерілген тауларға тігіп, оларға қолын созып, кең әрі терең арна салады. Бұл арнамен су жүгіріп, жаңадан үлкен өзен пайда болады. Гүлденген әсем далаға айналады. Бұл жерде енді ғажайып өсімдіктер мен гүлдер өсіп, аңдар мен құстар пайда болады.

Көшпенділер жаңадан пайда болған өзенді Ертіс деп атаған екен...»

**(Алтай халықтарының аңыздары мен аңыз-әңгімелерінің желісі бойынша)**

Абай атындағы облыстық кітапхананың (Семей қаласы) сирек қорында «Императорлық Орыс географиялық қоғамы Семей бөлімшесінің жазбалары» сақталған. Қоңыр әулие үңгірінде болған Виктор Брюхановтың 1912 жылы жарияланған мақаласында, «Үңгірге кіре берістің тарлығы сондай, оған адам қырынан ғана кіреді. Үңгірдің биіктігі шамамен екі метрден асады. Бірақ бір жарым метр жүргеннен кейін үңгірдің ауданы кеңейе түседі...

Кіргенде, үстіңнен төніп тұрған ірі тас кесектерін көргенде, бойыңды қорқыныш билейді. Олардың кейбіреулерін қолмен ұстауға болады, ал басқалары жоғары жақта орналасқан. Кіре берістен бастап, бұрышы 50 градусқа еңіске кетеді.

Кіре берістің оң жағында басты үңгір орналасқан. Тас кесектерінің үстімен жүз елу метр жүрген соң, алдыңнан суы көгілдір түсті мөлдір тостағандай көл шығады. Бұл құпия көлдің дәл өзі. Оның ұзындығы шамамен 17-18 метр, ені 12-15 метр көлемінде болады. Көлдің тереңдігі 5 метр. Ал суы таңғажайып таза. Судан әктас дәмі сезіледі. Сонымен қатар ол суық. Бірақ оған қарамастан, адамдар судың ерекше емдік қасиетіне сенгендіктен міндетті түрде шомылады. Жыл бойы үңгірде тұрақты ауа температурасы шамамен +7 градусты құрайды», – деп жазылған.



Сендерге Қоңыр Әулие үңгірі туралы аңызбен танысуды ұсынамыз.

## ҚОҢЫР ӘУЛИЕ ТУРАЛЫ АҢЫЗ

Аңыз бойынша «... бүкіл әлемдік су тасқыны болған заманда Нұх пайғамбардың кемесіне көп адам сыймай қалыпты. Сол адамдардың арасындағы үш пайғамбардың біреуі Қоңыр әулие екен. Үш әулие бөренелерден сал жасап, кеменің соңынан жүзеді. Бірақ, дауыл соғып, бөренелерден жасалған сал тас жиегіне ілініп, кемеден көз жазып қалады. Үш әулиенің әрқайсысы бір бір бөренеге отырып аман қалады. Олардың бөренелері үш жаққа шашырай ағып кетеді. Кейін олардың әрқайсысы жер бетінде қасиетті орындардың негізін қалайды.

Су деңгейі төмендегенде, Қоңырдың бөренесі Ақтас тауының жиегіне ілініп, тоқтайды.  Шаршап-шалдыққан жолаушы маңайды барлап шықпақ болады.

Кенет, оның жанынан үлкен үкі тауға ұшып кіргенін байқайды.  Осылай әулие тау жықпылындағы үңгірді көреді. Оған тек қырындап кіру мүмкін болады. Оның түкпірінен салқын самал есіп тұрады. Қоңыр әулие ішке енеді.

Үңгірдің іші қараңғы, тек тастың жарығынан ғана күн сәулесі түсіп тұрады. Көріпкел ақырындап алдыға жылжиды. Үңгір іші терең ұйқыға кеткендей, мүлгіген тыныштық. Төбеден салбырап тұрған тас кесектері алғашында қорқыныш сезімін ұялатқанымен, ол өзін қолына алып, абайлап басып, алдыға жылжи береді. Үңгірдің түкпірінде тасқа айналған ежелгі үңгір қарауылдарын көреді. Үңгір бірнеше «бөлмелерден» тұрады екен.

Жиегіне дейін шипалы су толтырылған тас тостағанды көреді. Үңгір ішіндегі кішігірім көл тұп-тұнық, суы мөлдір екен. Көл суын алақанына толтыра ішкен көріпкел бойындакүш-қуат пайда болғанын сезеді. Осы кезде Қоңыр көлге толығымен шомылуға бел байлайды. Ол көлдің мұздай суына жеті рет шомылады.

Алғашында оның бойын мұздай суық жайлап алады. Сәлден кейін ол өзін қайнаған суға түскендей сезінеді. Үңгірдің таңғажайып мөлдір суына түсіп шыққан көріпкел бірнеше жасқа жасарып, мұздай суық су оған жаңа өмір сыйлағандай болады. Оның жаны тыныштанып, қайтадан өмірлік күші толысады. Осы кезде әулие үңгір суының жай су емес, қасиетті екендігіне көз жеткізеді.

Қоңыр әулие осы үңгірде мекендеген екен. Ол сол уақыттан бері Қоңыр әулие үңгірі деп аталады.

**(Қазақ аңыздары мен аңыз-әңгімелерінің желісі бойынша)**

**Тарихи аңыздар** оқиғалар, маңызды тұлғалар туралы баяндайды. Олар халықтың жадында сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады. Соның арқасында өткенмен байланыс үзілмейді, өз елінің тағдырына деген ыстық сезім қалыптасады.

Қазақстан тарихындағы жарқын бейнелердің бірі, біздің жерлесіміз – XVIII ғасырда, қазақ-жоңғар соғысы болған кезеңдерде өмір сүрген халық батыры Қабанбай Қожағұлұлы. Өнегелі өмірі отансүйгіштіктің, туған жерге деген адалдықтың үлгісіне айналған, Дарабоз деген атпен елдің есінде қалған айбынды баһадүрдің ерлік істері «Ер Қабанбай» деп аталатын батырлық жырдың негізін қалаған көптеген аңыздар мен аңыз-әңгімелерде баяндалады.

**Топтық жұмыс!**
**«Ер Қабанбай» батырлар жырынан үзінді оқып шығыңдар. Соғыс кезінде халықтың рухын көтеру үшін аңыздарда айтылған батырлар бейнесінің маңызы қандай? Жас ұрпақты тәрбиелеуде батырлардың бейнелері қандай рөл атқарады? Жауаптарыңды топпен талқылап, бағалаңдар!**

**ЕР ҚАБАНБАЙ**



«...Қайратқа мінген Қабанбай.
Садақ жетер жерлерді, тартып кетіп барады.
Қылыш жетер жерлерді, қырып кетіп барады.
Ұстарадай жау тобын, тіліп кетіп барады.
Жекпе-жек келсе, найзамен іліп кетіп барады.
Өлексесін жауының, үйіп кетіп барады.
Алпыс аттан әр жерге, түйіп кетіп барады.
Жетпіс аттан әр жерге, жиып кетіп барады.
Кез-келгенін құлатып, орып кетіп барады.
Ойсыратып дұшпанын, торып кетіп барады.
Шын жүйрігі астында, дулығасы басында.
Қолбастап келген осында, дәл он алты жасында...»

(Шығыс Қазақстанның аңыз-ертегілері. Семей, 2018 ж.)

**Тағылымды аңыздар** өткен өмір туралы баяндайды. Олар бізге кез келген жаман әрекеттен аулақ болу керектігін ескертеді. Не жақсы, не жаман екенін көрсетеді. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» эпосында жырланған махаббат туралы аңызды да солардың қатарына жатқызамыз.

Дүниеге келгенге дейін әкелерінің құдаласқандығын білмей, жастар бір-біріне ғашық болады. Бірақ, олар есейген сәтте, Сарыбай (Қозы Көрпештің

әкесі) дүниеден озады, ал опасыз, екіжүзді Қарабай (Баян сұлудың әкесі) қызын жетім жігітке үйлендіргісі келмейді. Қозы Көрпеш сүйіктісі үшін шайқасқа түседі, бірақ өлім құшады. Бұл қазаға мойынсұна алмаған Баян сұлу сүйіктісін өлтірген қаскүнемдерден кек алып, оның қабірінде өледі.

Поэманың басты кейіпкері Баян сұлу – әйелдік сұлулық пен адалдықтың, қажымас ерік-жігердің идеалын бейнелейді.

Көптеген ұрпақтардың жүрегін толқытқан қазақ Ромеосы мен Джульеттасының қайғылы тарихы Ұлы Даладан тыс аймақтарға белгілі болды. А.С. Пушкин қайтыс болғаннан кейін оның мұрағатынан осы хикаяның жазбасы табылғаны соның айғағы болса керек.

Эпостың мазмұнынан көне замандарда біздің жерімізде өмір сүрген адамдардың өмір салты, әдет-ғұрыптарымен құндылықтары туралы білуге болады. Мысалға, «бел құда» дәстүрін айтуға болады. Өзара жақсы қарым-қатынаста болған отбасылар балалары дүниеге келерден бұрын-ақ осы әдет-ғұрып бойынша құда болуға уағдаласады.

Аңызда тек өткен оқиғалар ғана емес, барлық кедергілерлерге қарсы тұратын махаббат, уәдеге беріктік, достық, адалдық сияқты мәңгілік құндылықтар және зұлымдықтың түбінде жазаланатыны жайлы да айтылады. Сондықтан, өзінің көлелігіне қарамастан Қозы-Көрпеш пен Баян-сұлу тарихы әлі күнге дейін өзекті. Қос ғашықтың махаббатын ақын-жазушылар, режиссерлер мен суретшілер үшін шығармашылық шабыттың қайнар көзі деуге болады.

Туған жер, оның керемет және бай тарихы, таңғажайып адамдары, олардың ерлік істері туралы аңыздар біздің өңіріміздің бай тарихи-мәдени мұрасы бар екенін көрсетеді. Олар біздің кіші Отанымыздың тарихи-мәдени мұрасының бір бөлшегі болып табылады.

**Ойланыңдар!**

**1. Аңыз-әңгіме дегенміміз не? Аңыздың қандай түрлерімен таныстыңдар? Мысал келтіріңдер.**

**2. Тарихи және тағылымды аңыздар қандай ақпарат береді? Олардың сипаттамалары неге әртүрлі?**

**Шығармашылық тапсырма!**

**Біз сендерге «Қазіргі заман адамдары ертегілер мен аңыздарды неге оқиды?» деген сауалға ойланып, қысқаша шығарма жазуды ұсынамыз.**

**Өздерің тұратын елді мекеннің маңында орналасқан табиғи нысандар (мысалы, өзен, көл, тау, орман, қасиетті ағаш және т.б.) туралы ертегі немесе аңыз құрастыруға тырысыңдар.**



# § 2. БІЗДІҢ АЙНАЛАМЫЗДАҒЫ ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШТЕР



**Сендер бұл сабақта:**

- туған өлкедегі ескерткіштерді білесіңдер;
- туған өлкедегі тарихи ескерткіштердің құндылығын түсінесіңдер;
- туған өлкенің маңызды ескерткіштерінің әрқайсысының пайда болуын түсіндіріп, айтуды үйренесіңдер.

*Түйін сөз: ескерткіш*

**Зерттеуге арналған сұрақ!**
***Туған өлке тарихын зерттеудегі ескерткіштердің маңызы қандай?***

Әрбір ескерткіш – бұл халықтың жады, бұл – біздің Отанымыздың тарихының бір парағы. Сендер тұратын әрбір қалада, ауылда, жергілікті жерде Отанымыздың тарихы туралы көптеген қызықты деректер беретін ескерткіштер бар.

Қоғам ұрпақтардың жадында жеке тұлғалардың сіңірген еңбегін, маңызды тарихи сәттер мен негізгі тарихи оқиғаларды сақтау үшін ескерткіштер орнатады. Тіптен, кейде біз «естелікке сақтаймын», «естелікке кәдесый сыйлаймын», «мені естелікке фотосуретке түсір» деп айтамыз. Өмірдің әр сәтінен есте сақтаудың қаншалықты маңызды екенін осыдан-ақ аңғаруға болады.

**Ойланыңдар!**
**Неге адамдар ескерткіштер орнатады және сақтайды?**

**Бұл қызық! 18 сәуір** – *Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні.*

Әрбір ескерткіш өткен өмір, бүгінгі күнмен және болашақпен байланыстырушы ретінде маңызды рөл атқарады. Ескерткіштерді ата-бабаларымыздан қалған мұра, сонымен қатар өзіміз өмір сүріп жатқан кезеңнің символы деуге болады. Сондықтан, біз тарихи ескерткіштер мен қазіргі кезеңнің ескерткіштері туралы қарастырамыз.

**Есте сақтаңдар!**
**Ескерткіштер жеке, кешендер мен ансамбльдер түрінде болады.**

Біздің өлкеміз археологиялық ескерткіштерге бай. Күршім ауданының Қаратоғай ауылынан екі шақырым жерде орналасқан Қозыбай ескерткіші Шығыс Қазақстанда палеолит кезеңінде адамдар тұрғанын көрсетеді.

Зайсан ауданындағы Темірсу-Айнабұлақ деген жерде энеолиттік ескерткіш табылған. Осы жердің ежелгі тұрғындары бұл өзенді бекер Темірсу деп атамаған. Себебі, барлық металдарды жалпылама қарапайым ауызекі тілде «темір» деп атаған.

**Назар аударыңдар!**
**Сендерге тарихи ескерткіштерді сипаттайтын ережені ұсынамыз.**

**ЕРЕЖЕ!**

1. Ескерткіш қалай аталады?
2. Ол ескерткіштердің қандай түріне жатады?
3. Ескерткіш қашан қойылған?
4. Ескерткіштің нақты орналасқан жері мен мекен-жайы қандай?
5. Ескерткіштің авторы кім?
6. Ескерткіш қандай оқиғаға байланысты орнатылған? Ескерткішті жасаушы немесе жасатушылардың бұл оқиғаға қандай қатысы бар?
7. Ескерткіштің сипаты қандай? Ол қалай көрінеді?
8. Ескерткішті кім зерттеді?
9. Ескерткішпен байланысты қандай шаралар жүргізіледі?

Ұсынылған ереже бойынша, біздің облысымызда орналасқан сақ дәуірінің ерекше ескерткіші туралы айта кеткеніміз жөн.

Тарихи ескерткішті суреттеуге ұсынылған ережені негізге ала отырып, біздің облысымыздың аумағында орналасқан сақ дәуірінің бірегей ескерткіші туралы әңгімелейміз.

1. 2008 жылы скиф-сак мәдениетінің мұрасын сақтау мақсатында «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени мұражай-қорығы құрылған.
2. Археологиялық ескерткіш.
3. Мұражай-қорықтың аумағындағы қорғандар – б.з.д. IV-III ғғ. мерзімделеді.



Берел қорымынан табылған сақ көсемінің мүсіні

4. Берел қорғандары Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданының әкімшілік аумағындағы Бұқтырма өзенінің жазығында («Патшалар жазығы»), Берел ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 7 шақырым жерде орналасқан.

5. Қорғандарды скиф-сақ кезеңінің ежелгі көшпенділері, сонымен қатар, ерте түркі кезеңінде Алтайды мекендеген адамдар тұрғызған.

6. Оның құрылысы ру ақсүйектерін жерлеу үшін салынып, киелі жер ретінде танылған. Себебі, ол тірілер әлемі мен өлгендер әлемінің кездесетін жері деп есептелген.



«Патшалар жазығының» қорғандары. Берел. Қатонқарағай ауданы

7. Берел қорғандары ат-әбзелдері, ғұрыптық заттар мен киімнің керемет әшекейленгендігіне байланысты әлемге танымал болды. Қорғанның аумағында 70-тен астам қорғандар мен жерлеу-ғұрыптық құрылыстар орналасқан.

Оның құрылымы көшпенділерде дамыған құрылыс мәдениеті болғандығын көрсетеді. Олар жергілікті жердің табиғи-климаттық жағдайын ескере отырып, ішінде мәңгі мұздықтың сақталуын қамтамасыз ететін жерлеу орындарын салған.

Қазіргі кезде мұнда келушілер №2 қорғанның ішіне түсіп, 7 метрлік тереңдіктегі археологиялық жәдігерлерді жақыннан көре алады. Келушілерге ыңғайлы болуы үшін шыны мәйітхананың төбесіне шыны саркофаг орнатылған.



Берелден табылған сақ жылқысының салтанатты жерлеу әбзелдері

8. Алғаш рет Берел қорғандарын 1865 жылы шығыстанушы-археолог В. Радлов зерттеген. 1998 жылдан бастап Берелде біздің жерлесіміз, атақты қазақстандық археолог З. Самашевтің жетекшілігімен халықаралық археологиялық экспедиция жұмыс істейді. Оның жетекшілігімен бүгінгі күнге дейін археологияның аймақтық даму бағдарламасы шеңберінде зерттеулер жалғасуда.

9. «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени мұражай-қорығына жыл сайын мыңдаған туристер келеді. Шығыс Қазақстанның оқушылары мен студенттері танымдық экскурсияларға барып, туған өлкеміздің ежелгі мұрасымен танысады.



Берелдегі №2 қорған үстіндегі шыны саркофаг

Семей қаласында біздің өлкеміздің даңқын асқақтатып, тарихында маңызды рөл атқарған адамдар өмір сүрген ғимараттар көп. Көптеген жерлер Абай Құнанбайұлының, Федор Достоевскийдің, Евгений Михаэлис, Шәкәрім Құдайбердіұлының, Мұхтар Әуезовтің және тағы басқа белгілі тұлғалардың есімдерімен байланысты.

Семей қаласында 1940 жылы ашылған Абайдың мемлекеттік тарихи-мәдени қорық – мұражайына баруға болады. Кейін мұражай ғимараты бірыңғай сәулет ансамблінің бір бөлігіне айналды.

Бүгінде мұражай – қорық кешеніне Ахмет Ризаның мешіт медресесі, әкімшіліктің ескі ғимараты, Жидебайдағы Абайдың үйі, Бөрілідегі М.Әуезовтің мұражайы, К.Жанатаевтың мешіт мұражайы, Құндызды ауылындағы Ш.Әбеновтің мұражайы, «Алаш арыстары – М.Әуезов» мұражайы, Мақаншы ауылындағы Ә.Найманбаев мұражайы жатады.



Семей қаласындағы Абайдың республикалық тарихи-мәдени қорық-мұражайы

Қала құрылысы мен сәулет ескерткіштері белгілі бір кезеңнің дамуы деңгейі мен ерекшеліктері, оның технологиялық жетістіктері мен адамгершілік құндылықтары туралы мәліметтер береді.



Семей қаласының құрылыс және сәулет ескерткіштеріне мыналар жатады: Н.В. Гоголь атындағы алғашқы қоғамдық кітапхана (кейінірек Абай атындағы кітапхана), облыстық тарихи-өлкетану мұражайы, Ф.М. Достоевскийдің әдеби – мемориалды үй – мұражайы, бір мұнаралы және екі мұнаралы мешіттер, Жәмішев бекінісінің қақпалары.

Өскемен қаласының құрылысы және сәулет ескерт-



Өскемен қаласындағы металлургтардің мәдениет сарайы (қазіргі Достық Үйі – қоғамдық келісім орталығы)

кіштеріне металлургтардың мәдениет сарайы (қазір онда Достық Үйі – қоғамдық келісім орталығы орналасқан), Халық үйінің бұрынғы ғимараты (қазіргі Жастар театры) және т.б. жатады. Аталған металлургтар мәдениет сарайы 1957 жылы мәдени ағартушылық бағыттағы қоғамдық ғимарат ретінде салынған.

Металлургтар сарайының ішкі кеңістігі бірегей әрі ерекше әсем әрленген.





Тарихи ескерткіш дегеніміз әлдебір ғимарат немесе құрылыс нысаны ғана емес. Жанды немесе жансыз табиғат нысандары да табиғи ескерткішке жатады. Мысалы, жоғарыда аталған Н. Чернышевский атындағы мектептің жанында мәдени ескерткішке айналған ағаш бар. 1941 жылғы түлектер майданға аттанарда өз мектептерінің жанына осы теректі отырғызған. Бүгінгі күні бұл ағаш – майданнан оралмаған біздің жерлестеріміз – Екінші дүниежүзілік соғысының батырларына арналған ескерткіш ретінде саналады.

**Шығармашылық тапсырма!**

1) Суреттерде қандай тарихи ескерткіштер бейнеленгенін анықтаңдар.

2) Бір ескерткішке сипаттама беріңдер.
























# § 3. ӨҢІРДІҢ ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАРЫ: БИЛЕР, БАТЫРЛАР МЕН БАЛУАНДАР

**Сендер бұл сабақта:**

- туған өлкенің тарихына кірген билер, ақындар, батырлар және балуандарды білесіңдер;
- бұл тұлғалардың өлке тарихына бекер кірмегендігін дәлелдейсіңдер.

*Түйін сөздер: тарихи тұлға, би, батыр, балуан, ақын.*

**Зерттеуге арналған сұрақ!**
***Біздің өлкеміздің тарихына қандай адамдар енген?***

Адамзат, мемлекет немесе өлке тарихы дегеніміз – нақты бір адамдар тарихы. Тарихи тұлғалар елдің есінде қалған адамдар.

Бұл адамдар ерекше жеке тұлғалық қасиеттерге ие, және оны әртүрлі тарихи оқиғалар барысында айқын көрсетіп, бүкіл халықтың тағдырында өшпес ізін қалдырған.

**Шығармашылық тапсырма!**
**Адамның белсенді өмірлік бағыты**

**____________________________________________**

**мүмкіндік береді. Өз ойларыңды топта талқылап, бағаландар.**

**Назар аударыңдар!**
**Тарихи тұлға дегеніміз – ол ...**

– өз халқының мүддесіне қызмет етуге деген ұмтылысы айқын аңғарылатын адам;

– Отанын дамыту үшін мемлекеттік маңызды міндеттерді алдымен шешіп, өзіне жауапкершілік ала білетін аса қабілетті адам;

– даралық, көшбасшылық қасиеттері айқын байқалатын адам;

– тарихи оқиғалармен тығыз араласа жүріп, оған өзінің ықпалын тигізетін адам.

Тарихта өшпес із қалдырған ұлы адамдардың тағдырын ой елегінен өткізгенде, олардың даналығы мен батылдығына, әділеттілігі мен еңбек сүйгіштігіне, Отанына деген сүйіспеншілігіне таң қаласың! Елінің тағдыры үшін оқиғаларға қатысқан сол тұлғалардың әділеттілігі мен адамгершілігіне бұқара халық шүбәсіз сенген. Сондықтан олардың соңынан ерген. Ел сенім артқан тұлғалар болса, халқының мүддесін жан-жүрегімен сезініп, барынша қалтқысыз қызмет етуге ұмтылған.

Қазақ қоғамында билер ерекше рөл атқарды. Ұлы даланың «Жеті жарғы» әдет-ғұрып заңдары мен дәстүрлі құқықтарын жетік біліп, сот билігін жүзеге асырған адамдарды билер деп атаған.

Ал, біздің өлкеміздің атақты билері, бүкіл қазақ даласына танылған тұлғалар – Құнанбай би Өскенбайұлы, Сүлеймен би Әділбекұлы, Ақтайлақ билердің қатысуымен болған көптеген тарихи көріністер туралы халық арасында аңыздар сақталған.

**Құнанбай би** 1804 жылы дүниеге келген. Ол әділеттілігі және шешендігімен, қазақтың әдет-ғұрыптарын жетік білуімен халықтың құрметіне бөленген ерекше тұлға. Құнанбай бидің бір бойында астасып жатқан өнері, қайраткерлігі, шешендігі, ақындығы, данышпандығы тектілер тұқымының жалғасы екендігін айқын аңғартады. Сондықтан, халық оны «дала данасы» деп атаған.



Құнанбай би

**Ақтайлақ би Байғараұлы** 1699 жылы дүниеге келген. Ол соттық істерді қарауда әділетті шешімдер қабылдаған. Белгілі ақындар Дулат Бабатайұлы мен Әсет Найманбайұлы Ақтайлақ бидің әділеттілігі мен адалдығын өз өлеңдерінде жырлаған.



Н.П. Аштема. «Абай». 2014. Қағаз, пастель. Шығыс Қазақстан өнер мұражайы

Ақтайлақ би ақындық талантымен де белгілі болған. Айтыстарда әрқашан жеңіске жетіп, тіпті соттық істерді өлеңмен жүргізген.

Шығыс Қазақстанның өлкесі – дарынды, суырып салма ақындар мен әншілердің Отаны. Солардың арасында әсіресе Дулат Бабатайұлы, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармаларын бүкіл халық біледі. Ақындар өз өлеңдерінде туған жерге деген

сүйіспеншіліктерін, табиғатының сұлулығын және өз халқының ерекшелігін дәріптеген. Олардың шығармаларында қуаныш пен қайғы, сонымен қатар, өз халқының тағдырына үміттер мен алаңдаушылық көрініс тапқан. Нағыз ақын өз кезеңінің саңлағы, өз уақытынан бірнеше қадам алда жүреді. Сондықтан, нағыз ақынның әдеби шығармашылығының шынайы мәнін замандастары ғана емес, болашақ ұрпақ та бағалайды.

Абай – бүкіл қазақ әдебиетінде, тарихы мен мәдениетінде өшпес із қалдырған, данышпандық дарыны күллі әлемді мойындатқан тұлға.

Абайдың шығармашылығы туған жерге, қазақ еліне арналған. Ұлы ақынның өлеңдері философиялық толғауға толы.

Орыс тілін жетік меңгерген ақын А. Пушкин, М. Лермонтов, И. Крылов, А. Дельвиг, Я. Полонский, И. Бунин сияқты дарынды тұлғалардың шығармаларын алғаш қазақ тіліне аударған.

**Бұл қызықты!** *Лондонда Абай Құнанбайұлының мұражайы бар.*

**Ойланыңдар!**

**Ақындар мен билердің ел тарихындағы рөлі қандай? Олардың ұқсастығы мен айырмашылығын атаңдар.**



Қадырбеков Қ. Р. Жекпе-жек алдында. 1988 ж. техникалық мата, майлы бояу

Ерен ерліктің үлгісін көрсетіп, елді күреске бастаған батырлар туған жеріміздің тұтастығын сақтап қалған. Қазақ даласының шығысында туып өскен Қаракерей Қабанбай, Көкжал Барақ сияқты жаужүрек баһадүрлердің есімдері бүкіл елге танымал. Шығыс Қазақстан облысында батыр бабаларымызға құрмет көрсетіп, ескерткіштер орнатылған.



Өскемен қаласындағы Қабанбай батыр ескерткіші



Күршімдегі Көкжал Барақ батыр ескерткіші

Көкжал Барақтың (1702–1772 жж.) есімі қазақтың ұлттық батырлары – Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай сияқты батырлармен қатар аталады. Барақ батыр жекпе-жектердегі қайсарлығы мен алып күшімен танымал. Ұрыс алдында екі жақтың әскері бір-біріне қарсы тұрған кезеңде әрбір жақ ең мықты жауынгерін ортаға шығарған. Жекпе-жек барысындағы жеңіс бүкіл шайқастың нәтижесін шешуі мүмкін. Көптеген батырлар жекпе-жекке шығуды үлкен мәртебе деп есептеген.

Барақ өзінің бірінші шайқасына он алты жасында қатысқан. Ел аузындағы аңызға қарағанда, осы өлкедегі шайқастар барысындағы жанқиярлық ерлігі үшін Абылай хан Барақ батырға Күршім өзенінің оң жағалауы аумағын сыйға тартқан. Көкжал Барақ батыр жоңғарлармен болған көптеген қанды шайқастарға қатысқан. Атап айтар болсақ, 1727 жылы Бұланты шайқасына, 1730 жылы Аягөз шайқасына, сонымен қатар Ақшаулы, Шыңғыстай (Шаған), Сібе, Шорға өңірлерінде болған шайқастарға қатысады.

Қазақ қоғамындағы балуандар – атақты батыр бабалардың дәстүрін жалғастырушылар. Жауырыны жерге тимеген даңқты балуан – Қажымұқан Мұңайтпасұлын (XIX ғ. соңы – XX ғ. басы) бүкіл қазақ елі жақсы біледі.

Біздің арамызда қазіргі кезеңнің олимпиада медальдерінің иегерлері мен маңызды спорттық жарыстардың жеңімпаздары бар. Олардың арасында біздің жерлестеріміз – Марат Имашев, Талғат Ақтаев, Дәулет Тұрлыханов, Айбек Нұғымаров, Шалқар Жоламанов, Мақсат Мәзбаев, Дархан Баяхметов, Алмат Кебісбаев, Бекен Шаймарданов, Бауыржан Садықанов және тағы басқалардың есімдері мақтанышпен айтылады.

**Бұл қызықты!** *Ежелде батыр атағына ие болу үшін:*
– шайқас алдында жаудың мықты жауынгерімен жекпе-жекке шығып, міндетті түрде жеңуі керек;
– жаудың шебіне өтіп, қарсыластарына үлкен соққы беру қажет-болған.

Өткенді саралай отырып, оқиғаны бағалаймыз. Қандай да бір тұлғаның әлдебір оқиғадағы рөлі мен орны және оның тарихи үрдіске тигізген әсері туралы сұрақтарға жауап іздеп көрелік.



**Ойланыңдар!**
**Батырлар мен балуандар қандай қасиетке ие болуы керек ? Неге олай ойлайсыңдар, түсіндіріңдер.**



**Шығармашылық тапсырма!**
**Өздерің жеке тұлға деп есептейтін адам туралы не айта аласыңдар? Бұл сұраққа жауап бере отырып, біз ұсынған ереже бойынша жеке тұлға туралы әңгіме құрастырыңдар:**

1. Өмірбаяндық мәліметтерін көрсетіңдер: есімі, туған жері, өмір сүрген кезеңі;
2. Ол адам біздің еліміз бен өлкеміздің қандай маңызды оқиғаларына қатысты?
3. Өмір жолындағы әртүрлі қиындықтарды жеңу барысында жеке басының қандай қасиеттері мен ерекшеліктерін көрсете білді?
4. Бұл адамның қандай жетістіктері сен және сенің достарың үшін үлгі болады?
5. Неге дәл осы адам туралы айтқыларың келгенін түсіндіріңдер.

# § 4. ЖӘДІГЕРЛЕР СЫР ШЕРТЕДІ (ӨЛКЕТАНУ МҰРАЖАЙЫНА БАРУ)



**Сендер бұл сабақта:**

- тарихи жәдігердің не екенін білесіңдер;
- тарихи мұраны жеткізудегі жәдігердің рөлін білесіңдер;
- нақты жәдігер нені білдіретінін түсіндіруді үйренесіңдер.

*Түйін сөздер: мұражай, жәдігер, артефакт.*

**Зерттеуге арналған сұрақ!**
***Қарапайым заттан мұражай жәдігерінің айырмашылығы неде?***

Мүмкін, сендер «музей» (мұражай) сөзінің барлық әлемнің қазіргі тілдеріне Ежелгі Грекиядан келгендігін білетін шығарсыңдар. Екі мың жылдан астам бұрын Ежелгі Грекияда музаларға, әртүрлі ғылымдар мен өнерді қорғаушы әйел құдайларға арналған храмдарды осылай атаған. Бірақ, кейінірек мәдени бағалы заттар мен ғимараттардың жиынтығын немесе коллекциясын музей деп атай бастаған.

**Сөздікпен жұмыс!**

**Мұражай** – табиғи және мәдени нысандар, тарих ескерткіштерін жинап, зерттеп, сақтаумен айналысатын мекеме.

**Экспозиция** – келушілердің назарына белгілі бір тақырып бойынша ұсынылған мұражайдың жинақталған жәдігерлерінің көрмесі.

**Экспонат (жәдігер)** – көрмеге немесе экспозицияға қойылған зат.

Зат ғылыми тиянақты зерттеліп, оның жасы, шығуы және мақсаты анықталғаннан кейін ғана жәдігерге айналады.

Заттай тарихи деректерді сақтайтын мұражай қызметкерлері – қорды сақтаушылар. Суретші-реставраторлар мәдениет пен тарих ескерткіштерінің бүлінген немесе жойылған бөліктерін қайта қалпына келтіріп, жаңартады. Экскурсия жүргізушілер мұражайға келушілерді ондағы жәдігерлермен және көрме материалдарымен таныстырады.

**Ойланыңдар!**

**Қандай зат мұражай жәдігері бола алады? Бұл затты неліктен ұрпақтарға сақтап жеткізу қажет екендігін мысал келтіріп, түсіндіріңдер.**

Мұражайлардың бірнеше түрі болады: көркем және тарихи, сәулет және техникалық, жануарларға арналған немесе тіпті аспаздық деп те жіктеледі.

Мұражайдың ерекше түрі – өлкетану мұражайы. Онда қойылған жәдігерлер сол өлкенің тарихы, табиғаты және мәдениеті туралы сыр шертеді. Біздің облысымызда осындай екі ірі мұражай бар: Өскемен қаласындағы Шығыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражайы және Семей қаласындағы облыстық тарихи-өлкетану мұражайы. Сонымен қатар, Риддер қаласындағы және Шемонайха, Жоғары Үбі ауылындағы өлкетану мұражайлары да ерекше танымал.

## СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МҰРАЖАЙЫ



Семей қаласының облыстық тарихи-өлкетану мұражайы 1883 жылы құрылған. Ол – Қазақстандағы ежелгі мұражайлардың бірі. Мұражайдың негізін қалаған сол кезеңнің білімді адамдарының бірі – Евгений Петрович Михаэлис. Бұл мұражайдың қалыптасып дамуына әр кезеңдерде кемеңгер ақынымыз – Абай, оның талантты шәкірті, ақын, философ Шәкәрім Құдайбердіұлы, заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтер қолдау көрсетіп отырған. Бүгінде мұражай орналасқан ғимараттың өзі тарихи құнды нысан болып есептеледі. Себебі, 1917 жылы бұл ғимаратта Алаш қозғалысының

көсемі Әлихан Бөкейханов қала тұрғындарымен кездесіп, сөз сөйлеген.

Семей қаласының облыстық тарихи – өлкетану мұражайында археология, палеонтология, этнография, зоология, минерология, нумизматика бойынша 116 мың жәдігерлер сақталған.



«Өлкедегі геология және палеонтология» залы.
Семейдегі тарихи-өлкетану мұражайы

## ӨСКЕМЕН ҚАЛАСЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МҰРАЖАЙЫ



Өскемендегі облыстық тарихи-өлкетану мұражайында біздің облысымыз туралы сыр шертетін ең көп жәдігерлер жинақталған мұражай. Мұражайда 1915 жылы Халық үйінде жергілікті жәдігер жинаумен айналысатын бастамашылардың топтамасынан алынған бірнеше сирек жәдігерлердің негізінде ашылған. Қазіргі кезде мұражай топтамасында 150 мыңнан астам жәдігерлер сақталған.

Бүгінгі күні мұнда біздің өлкеміздің керемет табиғатына, оның жануарлар мен өсімдіктер әлеміне, табиғи ландшафтінің алуан түрлілігіне арналған залдар бар. Сонымен қатар он, жүз және мыңдаған жылдар бұрын осы өлкеде адамдардың қалай тұрғандығы, өлкеміздегі өзге этнос өкілдерінің қалай қалыптасқаны және бүгінде облысымыз қандай жетістіктерге жеткені, қазіргі кезеңдегі экономикасы мен мәдениеті туралы «әңгімелейтін» залдар жұмыс істейді.

«Шығыс Қазақстан археологиясы» экспозициясында ежелгі кезеңнен



Өскемен қаласындағы Шығыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражайының «Шығыс Қазақстан археологиясы» залы



Шілікті қорғанының жәдігерлері



Берел қорғанының жәдігерлері

ортағасырларға дейінгі өлке тарихы жәдігерлері ұсынылған. Өлкемізден табылған тас еңбек құралдары, әшекей бұйымдар және ыдыстармен қатар 60 мыңдай жәдігерлер бар.

Шілікті, Берел сақ қорғандарынан керемет зергерлік бұйымдар табылды. Солардың ішінде ұшатын бұғылар бейнеленген қапсырмалар да бар. Археолог Ә.Т. Төлеубаев Шіліктідегі сақ қорғандарынан арқар, құстар, бұғылар бейнеленген қапсырмалар және т.б. алтын әшекей бұйымдарын тапты. Археолог З.С.Самашев Берел некрополінен таңғажайып жануарлардың бейнелері бар қапсырмаларды зерттеген.

Мұражайдың «Шығыс Қазақстанның ұлттық сәнді-қолданбалы өнері» экспозициясында ағаштан, киіз бен теріден жасалған заттар, зергерлік әшекей бұйымдар, киімдер, кілемдер қойылған.

Облыс орталығының қалыптасуы мен дамуы туралы «Өскемен қаласының тарихы» экспозициясы, шығысқазақстандықтардың майдандағы ерліктері және тыл еңбеккерлерінің қажырлы еңбегі туралы, «Ұлы отан соғысы жылдарындағы Шығыс Қазақстан» экспозициясы әңгімелейді.


Риддердегі өлкетану мұражайының тарихы залы

Шығыс Қазақстанның өлкетану мұражайларының экспозициялары бірегей және қайталанбайды, қорларының топтамасы әр алуан және бай.

Риддер тарихи-өлкетану мұражайында аймақтың кен байлығын игеру тарихы бойынша ерекше материалдар сақталған.

Зайсан тарихи өлкетану мұражайының топтамасында тұрғындардың күнделікті өмірге пайдаланатын бірегей заттары назар аудартады.


Зайсан тарихи-өлкетану мұражайы

Шемонаиха тарихи-өлкетану мұражайының мақтанышы – осы ауданда туған белгілі жазушылар – Г.Д. Гребенщиков және А.С. Иванов жайлы материалдар.

Облыстың көптеген мектептерінде өлкетану мұражайлары құрылған. Оларда ауданның, ауылдың, мектептің тарихы туралы және өлкенің белгілі азаматтары туралы мәліметтер жинақталған.



Шемонайха қаласындағы тарихи-өлкетану мұражайының этнография залы

2002 жылы Жоғары Үбі орта мектебінде өлкетану мұражайы құрылды. Бұл мұражайда сақталған жәдігерлер Жоғары Үбі ауылының тарихы және тұрғындары туралы баяндайды.



Жоғары Үбідегі өлкетану мұражайы.
«Кержацкая изба» экспозициясы

## ЖӘДІГЕРЛЕР СЫР ШЕРТЕДІ



Сол жағында Өскемен, оң жағында Семей қаласындағы облыстық тарихи – өлкетану мұражайының топтамасындағы қобыздар

Мысалы, Өскемен қаласындағы облыстық тарихи-өлкетану мұражайындағы жәдігерлердің бірі – қобыз. Ол біртұтас ағаш діңінен ойылып жасалған. Беті жартылай терімен қапталған. Сондықтан дыбыс жаңғырып естіледі. Қобыздың жоғарғы беті соғылған металмен қапталған, жапырақ тәрізді тоғыз сылдырмақпен әшекейленіп, күміспен көмкерілген. Сонымен қатар, төртбұрышты айнамен әсемделген.

Бүгінгі күнге дейін жеткен әңгімелерден біз қобыздың екі ішегі бес жасар жылқының қылынан жасалатынын білеміз. Оның әрбір ішегі 35-40 қылдан өрілген.

Аңызға қарағанда, қобыздың пайда болуы VIII-IX ғасырларда Сыр бойында өмір сүрген данышпан қария Қорқыт атаның есімімен тығыз байланысты. Аты аңызға айналған бұл адам жайлы біз «Китаб-и дэдэм Коркут» яғни, қазақшаға аударғанда «Қорқыт Ата кітабы» деп аталатын қолжазба кітап арқылы білеміз.

Кез-келген әуеннің ырғағын келтіре алатын, ғажайып сазды қобыз аспабының шығуы туралы көптеген аңыздар бар. Мәселен, Тарбағатай ауданындағы аңызда былайша баяндалады: «Бір күні Қорқыт түсінде періштені көреді. Періште оған: «Уа, Қорқыт, сен бір аспап жаса. Аспабың алты жасар нар атанның жілігіндей болсын, ішегі бесті айғырдың құйрығынан болсын. Аспабыңның аты қобыз болсын. Сол қобыз қиялыңа қанат, жолыңа шырақ, жаныңа араша болар!» – деп кеңес береді. Сөйтіп Қорқыт періштенің айтқаны бойынша қобыз аспабын жасаған екен».

Шығыс Қазақстан тарихи – өлкетану мұражайында орыс халқының этнографиялық тұрмысын сипаттайтын ескі заттарды көруге болады. Мысалы, ерекше өрнекпен кестеленген орамал немесе қайық түріндегі ожау.



Орамал. XIX ғ. аяғы.
Шебер Голованова С.С.,
Быструха селосы



Орамал. XIX ғ.
аяғы– XX ғғ басы



Қайық түріндегі ожау.
XIX ғ.

Орамал орыс халқының мәдениетінде сәнді – қолданбалы өнердің заты болып табылады. Кесте жібінің қызыл түсі тіршілікке нәр беретін қуатты бейнелеп, оған тұмар ретінде сенген. Орамалға өрнек бедері кестеленген. Орыс аңыздарында ақ зығыр жер Ананы, қызыл түс отты бейнелеген.

Орыс халқында ожау мереке кезінде бал, квас сияқты сусындар құятын ыдыстың күнделікті тұрмыста пайдаланылатын түрі. Үлкен және кішкентай ожаулардың жиынтығы дастарқанның сәні болған. Ожаудың сабы құс қауырсыны түріндегі өрнекпен ойылып безендендірілген.

Мұражай жәдігерлері дегеніміз тек киімдер мен заттар ғана емес. Өткен заманда өмір сүрген адамдардың фотосуреттері, ресми іс қағаздары, жеке хаттар мен күнделіктер де біз білмейтін тарихтан сыр шертеді.

Фотосуреттердегі адамдардың бет-бейнесі, киім киісі, өзін-өзі ұстауы – бәрі-бәрі өткен замандардың белгісі болып табылады.

Мәтін жазылған материалдар, яғни, әртүрлі сападағы қағаз, мата немесе терілер де көптеген деректер бере алады. Қағаз бетіндегі сияның құрамы химия білімі және өндірістің даму деңгейі туралы, ал мазмұны ата-бабамызды қандай оқиғалар мен ойлар толғандырғаны, нені айтқысы келгендігі туралы мәліметтер береді.

Жәдігерлер адамдардың қалай өмір сүргендігі туралы ақпарат бере отырып, қосымша құндылыққа ие болады.

Тарихи-өлкетану мұражайына бару – бұл әртүрлі кезеңдерге саяхат жасау деген сөз. Мұражай залдарын аралай жүріп ежелгі кезеңдерге, өткен ғасырларға саяхат жасайсың, осы уақыттың рухын сезінесің. Ең бастысы, туған жермен және өз дарыны мен еңбегінің арқасында қазір біз өмір сүретін қоғамды қалыптастырған адамдармен арадағы байланысты

сезесіңдер. Көптеген жылдардан соң бұл мұражайдың қабырғаларына сендердің фотосуреттерің де ілінуі мүмкін. Сонда  болашақтағы экскурсия жетекшілері кейінгі ұрпақтарға біздің өлке тарихындағы сендердің жетістіктерің мен үлестерің туралы айтатын болады.

### Ойланыңдар!

**1. Біз құрастырған және қолданған қазіргі заманғы заттардың қайсысы 100 жылдан кейін біз туралы сыр шертетінін айтыңдар. Өз затыңды мұражай жәдігері ретінде сипаттап бер.**

**2. Мұражайдың қандай түрлерімен таныстыңдар?**

**3. Тарихи-мәдени мұраны сақтауда мұражайлар қандай рөл ойнайды?**



### Шығармашылық тапсырма!

**Біз сендерге тарихи-өлкетану мұражайына барып, жәдігерлермен танысып, өз елді-мекендеріңнің тарихы туралы мәлімет беретін жәдігерлерді табуға ұсыныс жасаймыз. Өздерің тұратын елді мекеннің тарихи-мәдени мұрасында жәдігердің алатын орны туралы ой толғау жазыңдар.**

# § 5. ТУҒАН ӨЛКЕ СИМФОНИЯСЫ

**Сендер бұл сабақта:**

- туған өлкедегі музыкалық өнердің ерекшеліктері туралы сипаттама бересіңдер;
- электрондық музыкалық каталог құрастырасыңдар.

*Түйін сөздер: күй, музыкалық каталог, бурдон.*

**Зерттеуге арналған сұрақ!**
***Шығыс Қазақстанның музыкасының ерекшелігі неде?***

*Құлақтан кіріп, бойды алар*
*Әсем ән мен тәтті күй...*
**Абай Құнанбайұлы**



Л.Т. Зайцев. «Жарқын Алтай». Қатты қағаз, майлы бояу. Суретшінің жеке қорынан

Алтай – Түркі мәдениетінің алтын бесігі. Үлкен Алтайдың Батыс жағында Шығыс Қазақстан орналасқан. Өлкеміздің дәстүрлі қазақ музыкасы Қытайда (Шыңжаң), Монғолияда (Баян-Өлгей), Ресейде (Алтай өлкесі), яғни Алтайды қоршай мекендеген қазақтардың музыкасымен тығыз байланысты.

Күй – қазақтар мен қырғыздардың музыка мәдениетінің маңызды бөлігі болып табылады. Ғасырлар тұңғиығынан жеткен домбыра мен сыбызғыға арналған шығыс күйлері жалпы Қазақстан бойынша ең көне күйлер болып табылады.

## ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ АСПАПТЫҚ МУЗЫКАСЫ

**Сөздікпен жұмыс!**

**Күй –** домбыра, қобыз және сыбызғыда орындалатын қазақ ұлттық аспапты музыкалық жанры.

Күйді қолма-қол ойдан шығарады, яғни импровизациялық өңдеуден өтеді. Оның атауы аңызымен қосарланып жүреді. Бір қызығы, Шығыс Қазақстанның домбыра күйлерін сыбызғыға салып та, немесе керісінше де орындала береді.

## СЫБЫЗҒЫ КҮЙЛЕРІ



Кәлек Құмақайұлы жасаған және мұражайға сыйға берген сыбызғы Өскемен қаласындағы Шығыс Қазақстан өнер мұражайының қорынан

Алтай жері сыбызғының отаны болып табылады. Қазақстанның Шығыс бөлігінде бұл үрмелі аспапты қамыстан немесе ағаштан жасаған. Оның жеңіл, әрі жылдам жасауға болған. Алайда, сыбызғыда ойнап үйрену күрделі, әрі көп уақытты қажет еткен. Сол себепті де бұл аспап домбыраға қарағанда өте танымал емес.

Сыбызғы күйлері көбінде әндерге ұқсас болып келеді, әрі әуендердің қайталауынан тұрады. XVII ғасырлардан бастап Күршім және Катонқарағай аудандарының жергілікті жерлерінде сыбызғышылар арасында күй-тартыс болып отырғаны мәлім.

Тілеке мен Жантелі (XVII ғ.), Шерубай мен Мұса (XIX ғ.), Шанақ Ауғанбаев, Биқан Шерубаев, Оспанғали Қожабергенов (XX ғ.), Кәлек Құмақайұлы, Талғат Мұқышев (XX-XXI ғ.) сынды сыбызғышылардың арқасында сыбызғы күйлері бүгінгі күнге жетіп отыр.

Аймағымызда көптеген талантты музыканттар өмір сүреді. Қазір өлкемізде сыбызғы өнерінің көрнекті өкілі Кәлен Құмақұлы тұрып жатыр.

Кәлек Құмақайұлы 1938 жылы Моңғолия Халық Республикасының Баян-Өлгей аймағында дүниеге келген. Сегіз жасынан бастап Кәлек әкесі Құмақайдан сыбызғыда ойнауды үйрене бастаған. Кәлек әулетіндегі жетінші атадан



К. Нұрсадықов «Кәлек Құмақайұлының портреті» 2007. Кенеп, майлы бояу. Шығыс Қазақстан өнер мұражайы

бері келе жатқан сыбызғышы. Ол Баян-Өлгей аймағының қазақ драма театрында қазақ халық аспаптар оркестрінде отыз сегіз жыл ойнаған. Кәлек сыбызғышы өзінің сүйікті аспабымен Еуропа елдерін гастрольдік сапармен аралаған. Алпыс жасында Кәлек ақсақал тарихи Отанына көшіп келген, қазір ол Ұлан ауданының Баяш  Өтепов ауылында тұрады. Қазақстанға келген кезде Кәлек ата жас музыканттарды сыбызғыда ойнауға үйрете бастаған. Оның шәкірттерінің бірі – Талғат Мұқышев Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясында сыбызғы класын ашты.

Шығыстың сыбызғы күйлері лирикалық ән сипатында болып келеді. Олар екі дауысты болып орындалып, аспаптың нәзік үні сыбызғышының көмей әнімен үндеседі. Музыканттың әні сыбызғы әуеніне қосымша дыбыс (фон) болып келеді, сондықтан ол бурдон деп аталады.

**Сөздікпен жұмыс!**
**Бурдон –** әуенмен бірге жүретін, өзгеріссіз, созылмалы дыбыс.

**Шығармашылық тапсырма!**
**Кәлек Құмақайұлының орындауында, өзінің «Алыстағы арман» күйін тыңда.**
**Қалай ойлайсыңдар, күйші не туралы айтқысы келген?**
**Музыканың көңіл күйін суретте бейленеп көр.**

## ДОМБЫРА КҮЙЛЕРІ



Қыдырбай Топайұлының домбырасы 1937 ж. Шығыс Қазақстан Өнер мұражайы қорынан. Өскемен қаласы

Шығыс өңірінің домбырасының ерекшеліктері бар: мойыны қысқа әрі жуан, перне саны аз (жетіден тоғызға дейін). Өлкемізде үш ішекті домбыраның сирек үлгісі кездеседі. Осындай аспапта Абай ауылында жиі ойналғаны белгілі. Қазіргі кезде үш ішекті домбырада ойнап, өнердің осы бағытын дамытып жүрген жерлестеріміз – Ж.Шәкәрім және Н. Әлімқожа.

Шығыс өңірі күйлері ерекше әуенді, сазды болып келеді және «шертпе» әдісімен орындалады, яғни сұқ саусақпен шертіліп ойналады. Көне күй-аңыздарында табиғат пен жануарлар образдары, аңшылық көріністер қазақ халқының көне  діни наным-сенімдерін бейне-

лейді. Адамдар табиғат құбылыстарына табынған: аспан – Тәңір, жер – Ұмай ана. Киелі құстар мен жануарлар тотемдер болған – аққу, үкі, түйе, құлан. Мысалы, Байжігіттің «Бөкен жарғақ» күйінде ағайынды екі жігіт аңға шығады.  Ағасы құланның терісін жамылып аңдарға жақындамақшы болады. Сол кезде інісі оны құлан екен деп атып алады. Қасына барып жақындаған кезде ағасын өлтіріп алғанын көріп қатты қайғырады. Күйдің музыкасы қайғыға толы. Күйші екі ішекте кезек ойнайды: жоғарғы ішек – ер адамның дауысы – інісінің жеңгесіне ағасының өлімін қайғырып естіртеді, төменгі ішек – әйел дауысы – қайтыс болған күйін жоқтайды.



Байжігіттің домбырасы. Ықылас атындағы музыкалық аспаптар мұражайы қорынан. Алматы қаласы

**Шығармашылық тапсырма!**
**Байжігіттің «Бөкен жарғақ» күйін тыңдап, төмендегі кестені толтырыңдар.**

| Күйдің атауы | Күйде неше дауыс бар? | Бурдон бар ма? | Әуеннің сипаты | Орындау тәсілі | Мақам (Лад) | Қарқын (Темп) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |



Шертпе күйшілік мектебінің негізін қалаған, Шығыс-Қазақстан күй мектебінің ең ірі тұлғасы Байжігіт (1705-1795). Ол Абылай ханның сарай күйшісі әрі оның кеңесшісі, сенімді адамы болған. Ол үш жүзге жуық күй жазған. Байжігіт батыр болған және елін жоңғар шапқыншылығынан қорғаған. Оның «Қылау батыр», «Алмажай», «Нарын» сынды күйлері соғыстағы көріністерді баяндайды. Қазіргі кезде облыстық қазақ халық аспаптар оркестрі Байжігіт есімімен аталады.



XIX ғасырда – Бейсембі, Қайрақбай, Мүкей, Әшім, XX-XXI ғасырда – Қазен Әбуғазы, Секен Тұрысбеков сынды күйшілер Шығыс өңірінің домбыра мектебінің жарқын өкілдері болып табылады.

Секен Тұрысбеков дәстүрді жалғастыра отырып, онға жуық күй шығарып, «Ақ жауын» халық аспаптар камералық оркестрін құрған. Оның үздік шығармалары – «Көңіл толқыны», «Ақ жауын», «Балауса», «Дарабоз».

### ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДӘСТҮРЛІ ӘН МЕКТЕБІ

Шығыс Қазақстанның жерінде қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының туғанына мақтанамыз. Абай өз әндерінде лирикалық бағыттағы композитор ретінде танылады. Бізге жеткен елуден астам әндері – сазды әрі орындауға қарапайым болып келеді. Әсіресе, қазақ даласында «Татьяна сөзі» әнін сүйіп орындаған. Халық арасында А.С.Пушкин романының кейіпкерін «Тәтіш» деп еркелетіп атаған. А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, А.А. Дельвиг, И.А. Крылов сынды ақындардың өлеңдерін аудара келе, Абай қазақтың өлең құрылымын жаңа ұйқастармен байытқан.

**Бұл қызықты!**
**Абай енгізген ұйқас түрлері:**
**abab – шалыс ұйқас**
**aabb – аралас ұйқас**
**abba – сақина ұйқас**
**aabccbdd – еркін ұйқас**



**Шығармашылық тапсырма!**
**«Қараңғы түнде тау қалғып» әнін естеріңе түсіріңдер. Әннің мәтіні Абайдың аудармасы екенін білесіңдер ме? Абай кімнің өлеңін аударғанын айтыңдар. Әнде не туралы айтылады?**

**Абайдың шәкірттері мен ізбасарлары.** Абай Құнанбайұлы айналасына талантты жас ақындарды жинаған. Абайдың шәкірттері Көкбай, Уәйіс, Берік-

бол, Бүркітбай, Шәкәрім, оның балалары Ақылбай, Абдрахман және Мағауия және тағы басқалар болған. Олар Абайдың, әндерін насихаттап, таратуға ықпалдарын тигізген. Оның ақындық шеберлігін меңгеріп, өз өлеңдерін Абаймен бірлесіп талқылаған.



**Шәкәрім Құдайбердіұлының** жастық шағы шешендікті, білім мен ғылымды қадірлеген адамдардың ортасында өткен. Шәкәрім араб, парсы, түрік және орыс тілдерін білген. Шығыс және орыс ақындарының шығармаларын қазақ тіліне аудара отырып, солар арқылы үйренген екен.

Ол домбыра, гармоника, скрипка сынды аспаптарда ойнап, өз қолымен скрипка да жасаған адам. Шәкәрім композитор ретінде жиырмадан астам әндер шығарған. Ол өз әндерінде өмірдің мәні туралы толғанады: «Жастық туралы», «Кәрілік туралы». Өлең жолдарына жаңа леп әкеле отырып, жаңа әуендер жазған. Мысалы, «Жиырма үш жасымда» әнінде автор шалыс ұйқасты, және бірегей әуенді қолданған. XX ғасырдың композиторы Ғазиза Жұбанова өзінің «Еңлік – Кебек» операсында Шәкәрімнің бірнеше әнін, соның ішінде «Жиырма үш жасымда» әнін пайдаланған.

**Шығармашылық тапсырма!**

**Шәкәрімнің «Жиырма үш жасымда» әнін тыңдаңдар.**

*Жиырма үш жасымда, (a)*
*Бұл өлең жазылған (b)*
*Табылмай басында (a)*
*Өзіңе лайық ән. (b)*
*Мұңды, күйсіз, жесір боп жатыр еді, (c)*
*Мінекей, ойланып, өз әні табылған. (b)*

**Шәкәрімнің «Жиырма үш жасымда»**
**әніне сипаттама беріңдер**

| Әннің атауы | Әуеннің сипаты | Екпін | Мақам (Лад) |
|---|---|---|---|
| | | | |

Әсет Найманбайұлы Абаймен қатар өмір сүрген. Жеті жасынан медреседе шығыс поэзиясымен танысып, араб тілін үйренген, 15 жасынан бастап Әсет әнші, ақын атанады. Әсеттің көптеген әйгілі ақындармен айтысқаны белгілі. Айтыстарының ішіндегі Кемпірбаймен айтысы ең кең тараған. «Кешубай», «Ағаш ат», «Салиқа – Сәмен», «Мәлік – Дарай» дастандары Әсетті танымал етеді. Әсеттің әндерінде Алтайды жырлап, оның есімімен тек Алтай жері ғана емес, сонымен қатар, Тарбағатай, Жетісу жерлері де мақтан тұтады. Әсеттің әндері: «Мақпал», «Қаракөз», «Кіші Ардақ», «Үлкен Ардақ». «Інжу маржан» әні оның шығармашылығының шыңы болып келеді. Әннің кең созылмалы иірімдері, асқан шеберлігі және ерекше үш бөлімді формасы бұл әнді Әсеттің басқа әндерінен айшықтап тұрады.

**Шығармашылық тапсырма!**

**Әсеттің «Інжу маржан» әнін тыңдаңдар.**

*Әуелетіп ән салса әнші Әсет,*
*Аққуменен аспанда жер тілдесед.*
*Еркем, сені-ай, сағындым!*
*Дауылдатып тұнықтан шыққан даусы.*
*Жүрегінен күңіреніп желдей есед.*
*Сағынбасқа не шара?*

*Қайырмасы:*
*Інжу-маржан секілді-ай,*
*Ал көрінген көркіңді-ай,*
*Гүл майысып, гүл жайнап,*
*Бір көрінсең, еркем-ай.*
*Сәйфіл Мәлік – Жамалдай,*
*Бейнетіңе көнсем-ай!*
*Қозы-Көрпеш – Баяндай,*
*Бір молада өлсем-ай!*
*Сағындырған еркем-ай!*

**Әсеттің «Інжу-маржан» әніне сипаттама беріңдер**

| Әннің атауы | Әуеннің сипаты | Екпін | Лад (мақам) |
|---|---|---|---|
| | | | |

Музыкалық шығармалардың көп мөлшерде болуына байланысты, музыкалық материалдарды жүйелеу тәсілі ретінде каталог көмектеседі. Туған өлкенің мәдени мұрасын сақтауда каталогтар маңызды рөл атқарады.

**Естеріңе сақтаңдар!**

**Музыкалық каталог** – музыкалық шығармалардың реттелген жинағы.

**Шығармашылық тапсырма!**

**Шығыс Қазақстанның дәстүрлі музыкалық мұрасының алуан түрлілігін түсіну үшін «Туған жердің симфониясы» музыкалық каталогын құрап көріңдер. Бұл каталогта музыкалық шығармаларды өз таңдауларың бойынша орналастыруға болады. Жұмыс барысында төмендегі жадынаманы қолдануға болады.**

**Музыкалық каталог құрастыруға арналған**
**ЖАДЫНАМА**

1. Құрау мақсатын белгілеңдер: кім және не үшін каталог құрылады;
2. Музыкалық материал қалай орналасатынын анықтаңдар (алфавит, жанр бойынша, музыкалық шығарманың жазылған уақыты бойынша).
3. Туған жер туралы жарқын музыкалық шығармаларды іріктеп алыңдар.
4. Шығарманың атауын, авторын және тағы басқа пайдалы деректері берілген тізім жасаңдар.

**«ТУҒАН ЖЕРДІҢ СИМФОНИЯСЫ» МУЗЫКАЛЫҚ КАТАЛОГЫ**
**Мақсаты: туған өлкенің музыкалық мәдениетін зерттеу**

| Әндер | Сыбызғы күйлері | Домбыра күйлері |
|---|---|---|
| Шәкәрім. «Жиырма үш жасымда» | Кәлек «Алыстағы арман» | Байжігіт «Алмажай» |
| | | |

**Ойланыңдар!**

**Шығыс Қазақстанның домбыра және сыбызғы күйлерін, әндерін орындау мәнерінің ерекшеліктері қандай?**



Чубук Э.В. «Натюрморт. Музыка». 1999. Қағаз, акварель, тушь.
Шығыс Қазақстан өнер мұражайы

# ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

# МУЗЫКА

# ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

**СЕНДЕР ТАНЫСАСЫҢДАР:**

– біздің өлкеміздің географиялық атауларының шығу тарихымен;

– өлке аумағында тұрған ежелгі қолөнершілердің шеберлігімен;

– шығысқазақстандықтардың әдеби және музыкалық шығармашылығымен.

**СЕНДЕР БІЛЕСІҢДЕР:**

– Шығыс Қазақстан облысында неге әртүрлі ұлт өкілдері тұратынын;

өз өлкеңнің ежелгі тарихын;

– Шығыс Қазақстан облысын өз істері және ерліктерімен әлемге танытқан қазіргі кезеңнің батырларының есімдерін.

**СЕНДЕР ҮЙРЕНЕСІҢДЕР:**

– жерлестеріміздің шығармаларындағы өлкетанулық сипаттауларды талдауды;

– нысандардың өлкелік сипаттамасын жасауды;

– туған өлкенің ақындары мен жазушыларының шығармашылығы жайлы тұсаукесер жасауды.

# 6-сынып



Г.Г. Вяткин. «Марқакөл». 2007. Оргалит, майлы бояу.
Шығыс Қазақстанның өнер мұражайы

# § 6. ТОПОНИМДЕР – ӨТКЕН УАҚЫТТЫҢ КУӘГЕРЛЕРІ (АТАУЛАРДАҒЫ ОБЛЫСТЫҢ ТАРИХЫ)



**Сендер бұл сабақта:**

- жерлер, қалалар, өзендер, көлдер, таулар атауларын түсінесіңдер;
- осы атаулардың пайда болу тарихын түсіндіре білесіңдер.

*Түйін сөздер: топоним, топонимика*

**Зерттеуге арналған сұрақ!**
***Біздің өлкеміздің тарихы топонимдік атауларда қалай көрінеді?***

**Сөздікпен жұмыс!**
**Топонимика** – географиялық атаулар (топонимдер), олардың шығу тегін, мағынасын, дамуын, қазіргі жағдайын, жазылуын және айтылуын зерттейтін ғылым.

Біздің өлкеміздің табиғаты сұлу. Сонымен қатар тарихи және мәдени ескерткіштерге де бай. Облысымыздағы топонимикалық атаулардан соны байқауға болады. «Топоним» сөзі грек тіліндегі «топос» – жер және «омос» – атау, аты деген сөзден құралған. Бұл ұғым жердің немесе сол жердегі нысанның атауын білдіреді. Шығыс Қазақстан өлкесінде саяхаттаған кезде біз қазақ, моңғол, орыс, украин, неміс, татар тілдеріндегі атауларды көптеп кездестіреміз. Міне, сондай атаулар арқылы сендер өңірдің тарихын, белгілі жерлестеріміздің есімдерін және географиялық нысандардың ерекшеліктерін біле аласыңдар.

Топонимдердің бірнеше түрлері бар:
**оронимдер (грек. «оро» – тау)** – таулардың атаулары;
**хоронимдер (грек. «хоро» – шекара)** – белгілі бір шекаралары бар аумақтардың атаулары. Олар табиғи және әкімшілік болып бөлінеді;
**урбанонимдер (лат. «урбс» – қала)** – қала және қалалық елді мекендердің атаулары;
**ойконимдер (грек. «ойко» – тұрғын-жай, үй)** – елді мекендердің атаулары;
**комонимдер (грек. «комо» – село, ауыл)** ауылдық елді мекендердің атаулары;
**гидронимдер (грек. «гидро» – су)** – өзендер, көлдер, теңіздер, су қоймаларының атаулары.

Біздің аймағымыздағы әрбір елді мекен, қала немесе географиялық нысандарының өз атаулары бар. Топонимикалық атауларда көптеген құпиялар болады. Біз кейде олардың қайдан шыққанын білмеуіміз мүмкін. Кейбір атаулар елді мекендерге ежелгі ғасырда берілсе, кейбіреулері қазіргі уақытта пайда болған.



Агейкин Л.Е. «Тау өзені» № 3. Жыл. Кенеп, майлы бояу. Шығыс Қазақстанның өнер мұражайы

Шығыс Қазақстандағы топонимдердің шығу тегі әртүрлі. Бір таңғаларлығы, біздің Шығыста өсімдіктер мен жануарлар әлеміне қатысты топонимдердің атаулары басқа аймақтарға қарағанда көбірек. Мәселен, Қатонқарағай ауданында ағаштардың көптеген түрлері өседі. Оны осындағы кейбір елді мекен атауларынан байқауға болады: Шұбарағаш, Жалқарағай және Қарағайлық, Қарасамырсын, Ошаған.

Басқа өңірлерде де осы қағидаға негізделген көптеген атаулар бар. Мысалы, Тарбағатай ауданының Жыланды ауылы, Күршім ауданының Маралды ауылы, Катонқарағай ауданының Қарасуыр елді мекені. Катонқарағай ауданында Аюалған, Аягөз ауданында Айғыржал және Шемонаиха ауданында Выдриха ауылдары бар.

Өлкенің топонимдерінде үй жануарлары атаулары да кездеседі –Көкбұқа (Күршім ауданы), Шұбарбие (Катонқарағай ауданы). Әрине бұл атаулардың барлығы кездейсоқ емес, табиғатпен, қазақ халқының тарихымен, оның өмір салтымен байланысты қалыптасқан.

Біздің аймақтағы орыс, украин және неміс тілдеріндегі атаулар Ресейден келген шаруалардың облысымыздың қандай аумақтарында орналасқанын көрсетеді. Ресей империясының орталық провинцияларының шаруаларын өңірге қоныстандыруға байланысты пайда болды. Олардың кейбіреулері алғашқы қоныс аударушылардың есімдерімен немесе олардың бұрын тұрған жерінің атымен аталады. Осылайша, облысымыздың картасында Украинка (Ұлан ауданы), Пруггерово (Шемонаиха ауданы), Алексеевка, Орловка (Бородулиха ауданы) хоронимдері пайда болды.

Елді мекендер атаулары ежелгі кезеңнен негіз алуы мүмкін. Ал кейбір жерлерге қазіргі кезеңдерде жаңа атаулар берілген. Ежелгі атаулары бар нысандарға Алтай және Тарбағатай таулары, Тораңғы, Зайсан көлдері, Ұранхай, Қаба және Жеменей өзендері жатады. Жаңа атаулары бар нысандарға – Қайнар, Шығыс, Кеңсай елді мекендері жатады.



В.Е. Шипилов. «Мұзтау». 2013. Кенеп, майлы бояу.
Шығыс Қазақстанның өнер мұражайы

Кейбір атаулар табиғи нысандардың ерекшеліктерін сипаттайды. Қызылағаш (Жарма ауданы), Ақсу (Көкпекті ауданы), Ақжар (Тарбағатай ауданы), Ащысу, Ақбұлақ (Күршім ауданы) топонимдерінде су, топырақ, тау немесе өсімдіктердің түстері көрініс тапқан.

**Ойланыңдар!**

**Қалай ойлайсыңдар, Қатонқарағай ауданындағы Язовая өзенінде қандай балықтар мекендейді?**

Атаулардың пайда болуын зерттеу өте қызықты. Алтай деген атау «алтын таулар» деген мағына беретінін білуге болады. Бірақ таудың тарихи атауының пайда болуы туралы бірнеше пікір бар. Соның бірі – «алты ай» сөзінен шығу ықтималдығы. Аңызда айтылғандай, таудың екі жағынан екі адам бір-бірімен кездеседі. Олар кездескен кезде, екі тараптан алты ай жол жүргендерін біледі. Осы нұсқаға сәйкес, тау «Алты ай» деген атаудан шығуы мүмкін.

Шығыс Қазақстанның ең негізгі өзені – Ертіс болып табылады. Бұл өзеннің атауы ежелгі деректерде кездеседі. «Ертіс» топонимінің пайда болуына байланысты парсы тарихшысы Абу Саид Гардизи жазып алған аңыз бар. Бұл аңыз бойынша Ертіс атауы IX ғасырдың соңында қалыптасқан Қимақ қағанатымен байланысты.

**Шығармашылық тапсырма!**

**Аңызды оқыңдар. Аңыз ойдан шығарылған ба, шындыққа жанаса ма? Бұл аңыздан қандай шынайы ақпарат алуға болады?**

## «ЕРТІС» ТОПОНИМІ

Бағзы заманда бір билеуші дүниеден өткен екен, оның соңында екі ұлы қалыпты. Үлкен ұлы патшалыққа ие болып, елді билей бастапты, ал кенже ұл оған қызғанышпен қарап, тақты тартып алмақшы болады. Кіші ұлдың есімі Шад екен. Ол ағасын өлтіруге әрекеттенгенімен, жоспары жүзеге аспайды.

Содан кейін ол бас сауғалап, жанына бір күңді ертіп қашыпты. Шад пен күң жағасында қалың тоғай мен көптеген жабайы аң – құстар мекендеген өзенге келіпті. Олар осы жерге шатыр тігіп, тұрақтап қалады. Күн сайын Шад пен күң аң аулап, азық етіп, өздеріне бағалы аңдардың терісінен киім тігіп, киген екен.

Біраз уақыт өткен соң, оларға шөбі шүйгін жайылымдық жер іздеген жеті туысқан адамдар келіпті. Оларды көрген күң есік алдына шығып «Ер, түс» («Ер адамдар түсіңдер» деген мағынада) деп күтіп алса керек. Сондықтан,

өзен Ертіс аталып кеткен екен. Күнді таныған жолаушылар тоқтап, шатыр құрыпты. Олар осы жерде тұрақтап қалып, Шадты өздерінің билеушісі ретінде мойындаған. Қимақ мемлекетінің негізі осылай қаланған екен.

**Абу Саид Гардизи «Украшение известий»**

Тарбағатай ауданындағы Ақжар ауылының оңтүстігінде ежелгі бекіністің орны бар. Жергілікті тұрғындар оны «Қалмақ қамалы» деп атайды. Орыс географиялық қоғамының жазбаларында былай деп жазылған: «1670 жылдары қалмақтар бекініс салған және көптеген жылдар бойы мұнда қазақтарға кіруге рұқсат бермеді. Қабанбай Дәулетбай, Боқшұн (мүмкін Барақ) бастаған қазақтар шабуылға шықты. Мыңдаған қазақ әскеріне қарсы тұра алмай, қалмақтар өздерінің бекінісінде бекінді. Қазақтар бекіністі қоршап, қиратып, жаудың көзін жойды. 1770 жылдардан бері бұл жер қазақтарға тиесілі болды».

Біздің облыста адам есімдеріне байланысты пайда болған топонимдер бар: Амангелді (Үржар ауданы), Александровка (Зырян ауданы), Тоқтамыс (Абай ауданы), Баяш Өтепов (Ұлан ауданы) немесе қазақтың тайпаларының атауы: Калмақбай (Зайсан ауданындағы жер), Қазақбай, Барғана (Тарбағатай ауданындағы елді мекендердің атауы).

**Ойланыңдар!**

**Сендердің аймақтарыңдағы елді мекендердің атаулары қандай мағына береді деп ойлайсыңдар?**

Тарбағатай ауданындағы – Қарасу, Күршім ауданындағы – Жалаңаш, Аягөз ауданындағы – Қарақұм, Бородулиха ауданындағы – Поднебесное, Глубокое ауданындағы – Заречное, Зырян ауданындағы – Средигорное, Гранитное, Озерки (Семей қ.) атаулары географиялық ортаның ерекшеліктерін көрсетіп тұр. Елді мекеннің маңында орналасқан әртүрлі табиғи нысандардың саны да оның атауында көрініс табуы мүмкін. Мысалы, Қатонқарағай ауданындағы – Үшбұлақ, Бесқарағай ауданындағы – Жетіжар, Жарма ауданындағы – Үшбиік (үш төбе).

Біздің ата-бабаларымыз туған өлкеміздің көптеген жерлеріне тамаша атаулар берген. Егер олардың кейбіреулерін айтар болсақ, Күршім ауданында – Қоржын, Қатонқарағай ауданында – Қабырға деген ауылдар бар.

Жер-су атауларына көңіл-күйді, халықтың әл-ауқатын, маңызды құндылықтары мен ұғымдарын білдіретін ұғымдар берілуі мүмкін. Мәселен, Зайсан ауданындағы – Қуаныш ауылы, Күршім ауданындағы – Бірлік, Көкпекті ауданындағы – Миролюбовка, Ұлан ауданындағы – Мирный (бейбіт) немесе Отрадное (қуаныш) ауданы, Глубокое ауданындағы – Веселое (көңілді).

Сонымен қатар, Үржар ауданының Қызыл жұлдыз, Зырян ауданының

Октябрь кенті, мұндай атаумен аталатын село Шемонаиха ауданында да бар немесе Бородулиха ауданының Знаменка ауылы атаулары да белгілі тарихи кезеңдермен байланысты аталған.

**Бұл қызық!**

ХХ ғасырдың басында Шемонайха ауданына қоныс аударған немістер Америка селосының іргетасын қалады. Оның не себептен Америка деп аталғаны ешкімге белгісіз. Шемонаиха мұражайында Чикагода жасалған сандық сақтаулы тұр. Оны қоныс аударушылар әкелген екен. Бәлкім мұнда қоныстанған немістер нағыз Американы армандаған шығар. Алайда ол армандары жүзеге аспаған соң, жаңа қонысты Америка деп атаған тәрізді. 1960 жылдары бұл ауыл таратылып, жергілікті тұрғындары Горкуново, Кенюхово, Пруггерово және Луговое сияқты көршілес ауылдарға көшірілген.

Көше мен елді мекендерге берілген атаулар белгілі жерлестеріміз, ұлы адамдар, Отанымыздың шынайы патриоттары туралы тарихи оқиғалардың адамдардың жадында мәңгі сақталуына әсерін тигізеді. Бұл атаулар кімнің арқасында, біздің бүгінгі күні бейбіт және дамыған елде өмір сүріп жатқанымызды есімізде сақтауымызда басты рөл атқарады. Мысалы, Қасым Қайсенов, Төлеген Тоқтаров, Павел Журба, Василий Бунтовских есімдерімен аталатын көшелер өлкеміздің көптеген елді мекендерінде кездеседі

Есімі аңызға айналған Ұлы Отан соғысының ардагері, жазушы, Қазақстанның халық батыры – «Қазақстанның Халық Қаһарманы» – Қасым Қайсеновтың есімі Өскемен қаласындағы көшеге және Ұлан ауданының ірі елді мекеніне берілген. Ол 1918 жылы Ұлан ауданының



Қасым Қайсенов

Асубұлақ кентінде дүниеге келген. 1941 жылы қарашада Қасым Қайсенов оккупацияланған Украина аумағында партия қозғалысын ұйымдастыру үшін жіберіледі. Мұнда Қасым Қайсенов біріккен партизан отрядтарын құрған. Оның басшылығымен Молдавия, Румыния, Чехославакия жерлерінде жауға қарсы батыл шабуылдар жасалған. Оның партизандық «Вася» есімі жауға үрей туғызып, жергілікті тұрғындарға үміт сыйлаған. Соғыстан кейінгі жылдары Қасым Қайсенов белгілі жазушы болды. Оның кітаптарында соғыс жылдарының оқиғалары шынайы бейнеленген.

Қасым Қайсенов көзі тірісінде көптеген марапаттарға ие болды. Ол өзі былай деген: «Мен Отаным үшін соғыстым, халқымның құрметі мен сүйіспеншілігінен басқа маған ешқандай марапат қажет емес».

Ал сендер қандай көшеде тұрасыңдар? Көше өз атауын қайдан алды? Оның атауы сендердің тұрған жерлеріңнің табиғатымен, тарихымен қалай байланысты? Мүмкін, бұл көше сендердің аты аңызға айналған жерлестеріңнің есімімен аталып жүрген шығар?

Осы сұрақтарға жауап беру арқылы сендер өз өлкелеріңе топонимикалық зерттеу жасай аласыңдар.

**Шығармашылық тапсырма!**
**Мәтінде берілген классификацияны пайдалана отырып, «Менің өлкемнің топонимдері» кестесін толтырыңдар.**

| Оро-нимдер | Хоро-нимдер | Урбано-нимдер | Ойко-нимдер | Комо-нимдер | Гидро-нимдер |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

**Шығармашылық тапсырма:**
**1) Өз өлкелеріңдегі топонимдердің шығу тегін зерттеңдер.**
**2) «Олардың есімімен көшелер аталған» деген тақырыпта презентация дайындаңдар.**

# § 7. МӘДЕНИ-ТАРИХИ ДӘСТҮРЛЕРДІ САҚТАУШЫЛАР: ӨЛКЕНІҢ ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕРІ



**Сендер бұл сабақта:**
- жергілікті жерге қандай дәстүрлі қолөнер тән екенін білесіңдер;
- туған өлкенің дәстүрлі көркем мәдениетін жандандыруға және дамуына үлес қосқан шеберлерді білесіңдер.

*Түйін сөздер: қолөнер, шебер, зергер, ою-өрнек, тері өңдеу, зергерлік, ұсталық, киіз басу, ағаш өңдеу қолөнері.*

**Зерттеуге арналған сұрақ!**
***Неге мәдени-тарихи дәстүрлерді сақтау, білу және қолөнердің дәстүрлі түрлерін дамыту қажет?***

*«Дәулетті өмір сүргің келсе, қолөнер үйрен»*
**Абай Құнанбайұлы**

**Сөздікпен жұмыс!**
**Қолөнер** – қарапайым еңбек құралдарының көмегімен тұтыну және сәндік бұйымдарын жасайтын ұсақ өндіріс.

Қолөнер – ежелден келе жатқан кәсіп. Қолөнердің дамуына тікелей әсерін тигізген нәрсе – ол көшпелі шаруашылықты табиғи жолмен игеру үрдісі. Қолөнер бұйымдарын жасау барысында мал терісі, жүн, құс мамығы және сүйектер шикізат ретінде пайдаланылған.

Түрлеріне қарай қолөнерді ерлердікі және әйелдердікі деп бөлуге болады. Ерлердің қолөнеріне зергерлік, тері өңдеу, етікшілік, ұсталық, сүйек ою, ағаш өңдеу, қару-жарақ жасау жатады. Әйел қолөнеріне тігу, кесте тігу, киіз басу, тоқымашылық жатады.

Халықтың материалды және рухани мәдениеті дәстүрлі қолөнерден байқалады. Қолөнердің арқасында ғасырлар арасындағы байланыс жалғасын тауып, халықтың болмысы сақталады.

**Бұл қызық!**
**Минерва** – *римдік мифологиядағы даналық, өнер құдайы,суретшілер мен қолөнершілердің қолдаушысы. «Минерва» сөзі «қолөнер» деген сөздің синонимі болуы мүмкін деген пікір бар.*

Бұдан бірнеше жүздеген жылдар бұрын қолөнер бұйымдарын жасау күнделікті қажеттіліктен туындаған. Қазіргі кезеңдегі өнеркәсіптер қолөнер бұйымдарын біршама ығыстырып шығарды. Көптеген әртүрлі тауарлар енді көптеп шығарылатын болған және оларды біз дүкендерден сатып аламыз.

Адамдарды әрқашан кәсіби қолөнер шеберлерінің қолымен жасалған, әдемілігі мен бірегейлігімен ерекшеленетін авторлық заттар қызықтыратыны сөзсіз.

XXI ғасырдың соңғы он жылдарында адамдар қолөнерге деген қызығушылық танытып отыр. Көптеген адамдар ежелгі қолөнер тәсілдерін үйреніп, қолдан жасалған заттарды пайдаланғылары келеді. Кәсіби қолөнер шеберлерінің қолынан жасалған шыққан әдемі әрі бірегей бұйымдарға сұраныс көбейді. Демек, материалдық әрі рухани тұрғыдан алғанда жалпы қолөнер бағасы жоғарылады деуімізге болады. Себебі, қолөнер туындыларының ерекшелігі – олардың бірегейлігі мен қайталанбайтындығында болып отыр.

Қандай уақытта болмасын керемет дарынды шеберлер жоғары бағаланады. Ежелгі дәстүрге сай шебер жасалған ыдыстар, әшекейлі бұйымдар, жиһаз бөліктері, әдемі киімдер көзіңді қуантып, жаныңа жылу береді. Себебі, кез келген шебер өзінің туындысын өмірге әкелерде бар өнерін салады. Ондай туындылар сонысымен құнды болады.

**Сөздікпен жұмыс!**

**Шебер** – өз ісінде жоғары деңгей мен шеберлікке жеткен адам.

Халық дәстүрі негізінде жасалған заттар өзінің әсемдігімен ерекшеленіп қана қоймай, біздің ұлтымыздың жан-дүниесін көрсетіп, ата-бабамыздың қоршаған әлем, адам туралы танымдарынан мәлімет береді.

**Ойланыңдар!**

**Неге жаппай қолданыста болатын өнімді өндіретін өндіріс дәстүрлі қолөнерді алмастыра алмайды? Түсіндіріңдер, мысал келтіріңдер, жұптасып талқылаңдар**

Қазіргі кезеңде қолөнерді жеке өнімдер өндіретін, өзіндік құпия технологияны пайдалана отырып, отбасылық дәстүрге сай шеберлікпен жасалатын авторлық туындыларды өмірге әкелетін кәсіби қызметке жатқызады.

Қолөнердің дамуына табиғи-климаттық, географиялық және әлеуметтік-экономикалық факторлар әсер етеді. Шығыс Қазақстанда тарихи-мәдени сабақтастықты сақтаған және сәнді қолданбалы өнердің дәстүрін жалғастырушы қолөнердің көптеген түрлері дамыған.

Біздің өлкемізде Қазақстандағы бірегей жерлердің бірі – этноауыл бар. Онда біздің аймақта өмір сүретін ұлттардың дәстүрлі тұрғын үйлері орна-

ласқан. Мұнда қазақтың киіз үйі мен орыс ұлтының үйінен басқа татар, ұйғыр, украин, поляк, кәріс, неміс, әзірбайжан, шешен және тағы басқа ұлттардың тұрғын үйлері қойылған. Этноауыл – Шығыс Қазақстан облыстық сәулет-этнографиялық және табиғи-ландшафттық мұражай – қорық кешенінің бір бөлігі болып табылады.



Шеберлер қаласы. Шығыс Қазақстан облыстық сәулет – этнографиялық және табиғи – ландшафттық мұражай-қорығы

Қолөнерші-шеберлерді қолдау мақсатында Шығыс Қазақстан облыстық сәулет – этнографиялық және табиғи – ландшафттық мұражай-қорығында «ШҚО қолөнершілерінің ресурстық орталығы» құрылған. Орталықта байқаулар, жәрмеңкелер және қолөнерге үйрету шаралары жүргізіледі. Жыл сайын жазда саябақта «Шеберлер қаласы» жұмыс істейді. Онда әрбір адам бұйымды жасау үрдісіне қатысып, шеберлердің жаңа қолөнер бұйымдарымен таныса алады.

Біздің өлкемізде қазақ халқының көшпелі өмір салтымен байланысты дамыған және ежелгі дәстүрі сақталған ағаш өңдеу өнері кеңінен тараған.

Ағаш шеберлері киіз үйдің керегесін, уығын, шаңырағын, көшпендінің шаруашылығына қажетті ыдыс-аяқтарын, сонымен қатар, ою-өрнектері ойылып жасалған әдемі жиһаздар және тағы басқа заттар жасаған. Өнерлі шеберлер ағаш бетіне зооморфтық, өсімдік тәрізді және геометриялық ою-өрнектер салған.

Біздің өлкемізде көптеген ағаш шеберлері дәстүрлі ағаш өңдеу қолөнерін сақтап, дамытып отыр. Олардың ішінде белгілі қолөнершілер: Қазез Жанарбек, Назарханұлы Сәкен, Костанянц Юрий Михайлович, Оразгалиев Архат Дүйсембайұлы, Завгородний Андрей Борисович, Ақаев Ерболат Наурызбайұлы және тағы басқалар бар. Олар әртүрлі ыдыс-аяқтар, үйдің әшекей заттары, музыкалық аспаптар, кәдесый өнімдерін жасайды.

**Сөздікпен жұмыс!**

**Ою-өрнек** – әртүрлі заттарды әшекейлеуге арналған графикалық элементтердің үйлесімділігі. Ою-өрнектің түрлері: өсімдік тәрізді, зооморфтық және геометриялық.



Тостаған. Шебер В.Ляпуновтың жұмысы. Өскемен қ.



Ожау мен табақ. Қолөнерші Ж.Айтмұхаметов. Новобаженово ауылы



Қос саз. Қолөнерші Қазез Жанарбек. Ұлан ауданы

Көшпелі өмір салтын ұстанған ата-бабаларымыз тұрмысқа қажетті көптеген бұйымдарды теріден жасады. Әрине ондай кәсіп тері өңдеудің әртүрлі тәсілдерін білуді қажет етеді. Міне, сондықтан көшпенді отбасылар жануарлардың терілерін өңдеп, одан киімдер, аяқ киімдер, азық – түлікке арналған ыдыстар және басқа да қажетті өнімдер дайындаған.



«Алшым бар». Шебер Алиса Кимнің теріден жасаған бұйымы

Қазіргі кезеңде Жұматай Айбан Жұматайұлы, Утешева Людмила Владимировна, Тайтөлеуов Елдос, Қуандықов Әсет Раулұлы, Ким Алиса сияқты шығысқазақстандық шеберлер теріден ерекше әдемі заттар жасайды.

**Ойланыңдар!**

**Өрнектердің қандай түрлерін білесіңдер? Олардың маңызын түсіндіріңдер.**

Мәселен, Алиса Кимнің теріден жасалған «Алшым бар» кәдесыйы үйлесім, денсаулық, байлық сыйлауды және өмірге деген қуанышты білдіреді.

Төртбұрыш – тәртіп пен тұрақтылықты бейнелейтін материалды әлемнің белгісі. Үшбұрыш – бәле – жаладан қорғайтын тұмардың бейнесі, «Су, жер және аспан таза болып, ал адамның өмірі игілікті және ұзақ болсын» деген мағына береді. Қошқар мүйіз байлық пен молшылық тілеу дегенді білдіреді.

«Қошқар мүйіз» оюы жер бетіндегі тыныштық пен өзара сәйкестік, бүкіл тіршілік әлеміне өмір мен денсаулық беретін құнарлы жер деген мағынаны білдіреді. Ақ пен қара түстердің симметриясы қарама-қайшылықтардың бірлігін (қайғы мен қуаныш, кедейлік пен байлық) сипаттайды.

**Топпен жұмыс!**

**Ою-өрнектің қандай түрлерін білесіңдер? Шығармашылық топ құрып, ою-өрнектер туралы ақпараттар жинаңдар және ұлттық ою-өрнектердің суреттері бойынша байқау ұйымдастырыңдар.**

Ежелден кең тараған қолөнер түрлері зергерлік пен ұсталық болды. Темірмен жұмыс істеу шебердің кәсіби шеберлігін қажет етеді. Ол – ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын саналуан құпияларға толы өнер. Қазақ зергерлері бағалы және жартылай бағалы тастармен әсемделген әшекей бұйымдарын, атап айтқанда, жүзіктер, сырғалар, білезіктер жасаған. Қазақтар күмісті жоғары бағалап, оны айдың сәулесіне теңеп, тұмар ретінде әшекей бұйымдарын жасаған.

**Сөздікпен жұмыс!**

**Зергер** – алуан түрлі сәндік бұйымдар мен әшекей заттарды (сақина, сырға, білезік, қаптырма, т.б.) алтынмен аптап, күміспен күптеп, сәнін кіргізіп, айшықтап жасаушы.

Зергерлік пен ұсталықтың дәстүрлі технологиялық тәсілдерін сақтап, ерекше қолөнер түрінің жандануына үлес қосып, қайталанбас авторлық бұйымдарды дүниеге келтірген қазіргі кезеңнің шеберлерінің тарихи-мәдени мұраны сақтаудағы үлесі өте зор. Олардың ішінде, Асылбай Абылайхан, Мырзақанов Мадвокас Сексенбайұлы, Мұқажанов Абай және тағы басқалар бар.




Асылбай Абылайхан шебердің жасаған заттары



Қамшы.
Шебер М.С.Мырзақанов



Алқа.

Асылбай Абылайхан – талантты шебер, Еуразиялық дизайнерлер Одағының мүшесі. Ол зергерлік өнерді қазақстандық шебер, ғалым-этнограф Дәркембай Шоқпарұлынан үйренген. Абылайхан металдан жауынгердің сауытын, қару-жарақтарын, ат-әбзелдерін және тағы басқаларын жасайды. Ол жауынгердің сауыты мен қару-жарақтарының 6 толық түрін жасаған Қазақстандағы жалғыз шебер болып табылады. Оның жасаған туындылары Қазақстан мұражайлары мен жеке коллекцияларда сақталған.

Көптеген байқаулар мен көрмелердің қатысушысы және лауреаты, шебер Мадвокас Мырзақанов – керемет әдемі әшекей бұйымдардың авторы. Оның өнер туындылары Семей қаласындағы Невзоровтар отбасының өнер мұражайында сақталған.

Дәстүрлі отбасында қыз баланы жастайынан қолөнерге баулыған. Оларға тігуді, жіп иіруді, кестелеуді, тоқымашылықты үйреткен. Кестелеу мен әртүрлі заттар тігу кең тараған. Кестелеу ерекше шеберлік пен шыдамдылықты талап етеді. Әсіресе, қабырғаға ілінетін кілем–түскиіз жасау ерекше шеберлікті қажет етеді. Көбінде, барқыт, замша, жұқа шұға маталарға кестелеген. Ою-өрнектері тұмар деп есептеліп, сәттілік әкеледі деп есептелген. Сондықтан, ою-өрнектермен киімдер, зергерлік бұйымдар, тұрғын үй, ыдыс-аяқ, кілемдер әшекейленген. Кейбір өрнектердің символикасы бүгінгі күнге дейін өзгеріссіз сақталған. Оюдың өрнектері адамның ру-тайпалық, аумақтық, әлеуметтік-мүліктік деңгейі және оның жасы мен отбасылық жағдайы туралы мәлімет береді.

Қазақ қоғамында киіз басу маңызды рөл атқарған. Қазақтар киізден өздеріне тұрғын үй, киім, қабырғаға ілетін және еденге төсейтін заттар және т.б. жасаған. Киіз үй киізбен қапталып, оның ішіне міндетті түрде ою-өрнектермен әсемделген сырмақ, текемет, киіз, түскиіз, сырдақ төселген.

**Ойланыңдар!**

**Қазақ кілемдері – киіз, текемет, сырмақ, түскиіз, сырдақтардың бір-бірінен айырмашылығы қандай?**

Біздің өлкемізде киіз басу өнері бойынша танымал шеберлер – Г.Қожамжарова, А. Боқпасарова, Н. Тәшімова, Б. Шәпенова және тағы басқалары.



Шебер Н.Тәшімованың жұмысы

Киіз басу – қазақ халқының ежелгі қолөнерінің бірі. Катонқарағай ауданының шебері Г. Қожамжарованың жасаған заттары ұлттық ою-өрнектермен және әдемілігімен ерекшеленеді. Ол көшпелі халықтар үшін киіз теңдесі жоқ өнім болып табылатындығын көрсетеді. Адамдар киізден жасалған киімдер киіп, киізден жасалған заттардың үстіне ұйықтап, тіпті киіз үйлерде тұрған. Аңыздар бойынша киіз адамдарды қатты суықтан да қорғаған. Сонымен қатар, егер бала әлсіз болып дүниеге келсе, оны міндетті түрде киіз көрпешеге орау дәстүрі сақталған. Бұл оның мықты болып өсуіне әсерін тигізген.

Ол дәстүрлі ою-өрнектер салу сияқты ежелгі қолөнерді, жүн мен жіпті әртүрлі өсімдіктік бояулармен бояуды әжесінен үйренген. Бұйымды жасау үрдісі қойлардың жүнін қырқу, оларды жуу және жіп дайындау, оларды бояу жұмыстарынан басталады. Ол киіз басудың ежелгі әдісін пайдаланып, қазақтың ою-өрнектерімен әсемделген жүзден аса кілемдер дайындаған шебер.



Киізге арналған табиғи өсімдіктік бояулар



Г. Қожамжарованың тоқыма станогы

Қазіргі кезеңде Қазақстанның дәстүрлі қолөнері жаңа технологияларды қолдануда жаңа серпіліске ие болып отыр. Бұл саладағы шығармашыл адамдар ғаламторлық байланыстарды пайдаланып, әлемнің барлық халықтарының қолөнерімен танысып, олардың озық технологиялары мен әдістерін пайдалануға мүмкіндік алды.

**Ойланыңдар!**
**Сендердің елді-мекендеріңде қолөнердің қазіргі кездегі қандай түрлері дамыған?**
**Тарихи-мәдени мұраны сақтаушылар ретінде өз елді-мекендеріңнің қолөнер шеберлері туралы әңгімелеңдер.**




Н. Молокскованың киізден жасалған бұйымдары



Шебер Н.Тәшімованың жұмысы



Экспозиция. Шығыс Қазақстан облыстық сәулет-этнографиялық және табиғи-ландшафтық мұражай-қорығы



**Шығармашылық тапсырма!**

**Біздің облысымызды мекендейтін халықтардың өрнектері туралы ақпарат дайындаңдар.**
**Осындай өрнектердің суретін салып, оны сыныпқа көрсетіңдер.**



**Ойланыңдар!**

**Шығыс Қазақстанның қандай дәстүрлі қолөнері біздің өлкеміздің бренді (танымал символы), тіпті Қазақстанның ұлттық бренді бола алады?**

Бүгінгі күні ұлттық қолөнерге қызығушылық білдірген әрбір адам қолөнердің барлық түрі бойынша ғаламтордан бейне-сабақтар мен шеберлік сабақтарын таба алады. Егер сендерді ұлттық қолөнер қызықтыратын болса, өз қолдарыңмен заттар жасауға тырысыңдар.

# § 8. БІР ЕЛ – БІР ТАҒДЫР (МЕНІҢ ӨЛКЕМНІҢ ХАЛЫҒЫ)



**Сендер бұл сабақта:**
- Шығыс Қазақстан тұрғындарының қалыптасу ерекшеліктерін түсінесіңдер;
- Біздің өлкеміздің халықтарының әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін құрметпен қабылдауды үйренесіңдер.

*Түйін сөздер: этнос, халық, әдет-ғұрып, дәстүр*

**Зерттеуге арналған сұрақ**
***Шығыс Қазақстанның қазіргі тұрғындары қалай қалыптасты?***

Сендер Қазақстан жерінде әртүрлі ұлт өкілдері (этностар) тұратындығын білесіңдер. Қандай ұлт өкілі болсақ та, біздің әрқайсымыз бір халықтың – Қазақстан халқының бөлшегіміз.

**Ойланыңдар!**
**Қазақстан Республикасы Конституциясының кіріспесін оқып, «Қазақстан халқы» деген сөздің мағынасын түсіндіріңдер.**

*«Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып, осы Конституцияны қабылдаймыз».*

Қазақстан халқы – біздің еліміздің басты байлығы. Қазақ, орыс, неміс, украин, белорус, татар, ұйғыр және жүзден аса ұлт өкілдері бір шаңырақта еңбек етіп, еліміздің дамуына үлес қосып отыр. Шығыс Қазақстан облысы әртүрлі ұлттардың тығыз достық қарым-қатынастарда өмір сүруінің үлгісі болып табылады. Тұрғындардың осындай көп ұлтты құрылымы көптеген ғасырлар бойы қалыптасты.

## БІЗДІҢ ӨЛКЕМІЗДІҢ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕРІ

Ұлы дала көптеген халықтар мен мәдениеттердің ұштасқан жері ретінде есептеледі. Ұлы Жібек жолы арқылы кең байтақ жеріміз Батыс пен Шығысты байланыстыратын кеңістікке айналды. Ол әртүрлі елдердің саудагерлері мен саяхатшыларының кездесу алаңы ретінде тауарлар мен жаңалықтардармен алмасып, бір-бірлерін әртүрлі әдет-ғұрыптармен және салт-дәстүрлермен таныстырды.

Өзінің қонақжайлығымен және ақ көңілділігімен ерекшеленетін қазақ халқы XVIII ғасырдың ортасында далалық аймақтардың негізгі тұрғындарын құрады. Қазақтың киіз үйінде кез келген жолаушы құшақ жая қарсы алып, көмек көрсетуге дайын еді.  Басқа ұлт өкілдерімен тығыз байланыс орнады. Қазақ зиялыларының жарқын өкілдері – Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбайұлы орыс халқымен достыққа ерекше мән берді.

XVIII ғасырдан бастап Бұқтырма өзенінің жоғарғы жағында қашқын солдаттар мен басыбайлы шаруалар, сонымен қатар, патша өкіметінің өктемдігінен қашқан адамдар пайда бола бастайды.

Алғашқы ресми статистикалық мәліметтер бойынша жалпы тұрғындардың 85,6 % қазақтар құраған.

Осы жылдары көші-қонның нәтижесінде орыс және украин халқының саны 12,0 %-дан 68,3 %-ға дейін өсті. Алғашында Ресей империясының (1906-1908 жж.) батыс және орталық облыстарынан шаруалар жаппай қоныс аударса, кеңес өкіметінің (1917-1940 жж.) алғашқы он жылдықтарында өнеркәсіптің дамуына байланысты қала тұрғындарының саны өсті.

XX ғасырдың бірінші жартысында қазақтардың саны 85,6%-дан 21,9%-ға күрт азайған. Оның негізгі себептері – 1918-1920 жылдардағы азамат соғысы, 1921-1922 жылдар мен 1931-1933 жылдары болған аштық. Бұл оқиғалардың нәтижесінде қазақ халқының бір бөлігі Қазақстан аумағынан шет елге көшіп, екінші бөлігі аштықтан жаппай қырылды. Мал – мүліксіз қалған қазақтар үшін өз отанындағы аштықтың салдарынан өлім немесе жат елге көшу сияқты ауыр таңдау тұрды.

Осы жылдардың ауыр қасіреті біздің өлкемізді мекендеген басқа ұлттардың тағдырына да әсер етті. Депортацияның (күштеп қоныс аудару) нәтижесінде Қазақстанға неміс, кәріс, шешен, поляк, татар және тағы басқалар күштеп қоныс аударылды. Сол кезеңдегі ауыртпашылыққа қарамастан қазақ халқы күштеп қоныс аударушылармен соңғы бір үзім нанымен бөлісті. Осындай қиын-қыстау кезеңде қазақтардың қайырымдылығының арқасында

көптеген адамдар өлімнен аман қалды. Көптеген жетім балалар үшін қазақ отбасы туғанындай болды.

Осындай сындарлы ауыр кезеңде халықтар арасындағы достық қалыптасып, нығая түсті. Біздің өлкеміздің тарихында үлкен елдің тағдыры көрініс тапқандай болды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941-1945 жж.) Шығыс Қазақстанда қазақтармен қатар, осында өздерінің екінші отандарын тапқан ұлттар өкілдері бір – біріне көмектесе отырып, ортақ Жеңіс үшін еңбек етті.

Соғыстан кейінгі жылдары Шығыс Қазақстан жеріне тың жерлерді игеру үшін бүкіл Кеңес Одағынан көптеген жастар келді. Осы жылдардағы әртүрлі ұлттардың қажырлы еңбегінің арқасында бүгінгі жетістіктеріміздің негізі қаланды: зауыттар мен фабрикалар, электр станциялары салынып, темір жолдар мен көлік магистралдары төселді, егістік алқаптарында бидайдың рекордты өнімдері алынды. Тұрғындардың саны өсіп, онымен бірге қалалар мен поселоктар көркейді, тұрғын үйлер, балабақшалар және мектептер салынды.

1991 жылы Қазақстан Тәуелсіздігін алғаннан кейін қазіргі кезеңде қазақтардың саны өсті. Оған әсер еткен себептердің бірі – XX ғасырдың 20–30-жылдардағы қайғылы оқиғалардың нәтижесінде шет елге көшіп еткен қандастарымыздың өздерінің тарихи отанына оралуы болып табылады.

Бүгінгі күні Шығыс Қазақстан облысында тұратын адамдар жылдар бойы қалыптасқан достықты сақтап, өлкеміздің және бүкіл Қазақстанның болашағы үшін еңбек етіп отыр. Біздің облысымыздың көп ұлтты халқы достық, келісім және өзара сыйластықта өмір сүреді.

Еліміздің ішкі бірлігін сақтау мен қолдауда Қазақстан халқы Ассамблеясы үлкен рөл атқарады. 1995 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ұсынысымен құрылған бұл ерекше ұйым ұлттардың арасындағы өзара сенім, өзара түсіністік, бірегей Қазақстан халқын құрайтын басқа ұлттардың мәдени мұрасына сыйластықпен және құрметпен қарау қағидаларының негізінде құрылған.



Достық үйінің ашылуы. Өскемен қ.

Біз Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысына біздің аймақтың қосқан үлесімен мақтана аламыз. 1992 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Өскемен қаласында тұңғыш рет Достық үйін ашқан болатын. Бүгінгі күні облыста оннан астам Достық үйлері жұмыс істейді.

Шығысқазақстандық этномәдени бірлестіктер үнемі алдыңғы қатарлы жаңашыл жобаларды жүзеге асырады. Сондай жарқын жобалардың бірі – Этноауыл болып табылады. Этноауыл дегеніміз – дәстүрлі қазақ қоғамынында ежелден қалыптасқан қауымдастықтың таза ұлттық үлгісі.

Бұл тек Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл Орталық Азия үшін ерекше аспан астындағы мұражай болып табылады. Этноауыл – Өскемен тұрғындары мен біздің облысымыздың қонақтарының сүйікті демалыс орны. Мұнда табиғат аясында демалып, біздің өлкеміздің тұрғындарының бай мәдени мұрасымен танысып, халық қолөнерін сақтап, дамытқан қазіргі зергер-шеберлердің жұмыстарын көруге болады.

*Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы» атты Қазақстан халқына Жолдауында былай деген:*

*«Бір халық» – бұл барлығымыз үшін ортақ ұлттық мүдделер. «Бір ел» – бұл барлығымыз үшін ортақ Отан. «Бір тағдыр» – бұл із бірге жүріп өткен қиындықтар мен жеңістер! Бұл біздің ортақ болашағымыз – көркейген және гүлденген Қазақстан».*

Бұл сөздер біздің еліміздің дамуына әрбір өкілі үлес қосқан, бір тағдырмен байланысты халықтың ортақ тарихи жолына негізделіп айтылған.

Қазақстанның көп ұлтты халқының мәдениеті құндылықтары жоғары сарқылмас қазына болып табылады. Ұрпақтан ұрпаққа дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар беріліп отырады.



**Ойланыңдар!**

**Адамның қандай қасиеттері жаңа буын ұрпақтарын салт-дәстүрлермен тәрбиелеуге мүмкіндік береді?**

Барлық халықтарды біріктіретін, олардың ұқсас дәстүрлер мен әдет-ғұрыптары бар. Олардың ішінде, қайырымдылық, қолдау және жанашырлық сияқты жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген қонақжайлық және өзара көмек дәстүрлерін атап өтуге болады.

Мысалы, қазақтың әдет-ғұрыптарының бірі – асар. Адамдар өзара көмек ретінде бірігіп, үйлер салып, құдықтар қазған, сонымен қатар, малға арналған



құрылыстар салған. Осындай әдет-ғұрыптар орыс, украин, белорус және тағы басқа халықтарда да бар. Өрт құрбандарына ешқандай өтінішсіз көмектер көрсеткен. Ауылдастары киімдер, азық-түліктер және қажетті заттар берген. Біреулер өздерінің үйлеріне тұрғызып, балаларына қамқор болса, біреулер көмекке қаражат жинаған. Барлығы үйлерін тұрғызуға, жерін өңдеуге және









тағы басқа шараларды жүргізуге көмектескен. Жұмыс аяқталған соң, бір дастархан басында жиналған.

Татар халқының көктемдегі егістік жұмыстары аяқталғаннан кейін атап өтетін ұлттық мерекесі – сабантой. Осыған ұқсайтын мереке барлық түркі халықтарының мәдениетінде кездеседі. Біздің облысымыздың аудандарында соңғы жылдары бұл мереке кеңінен танымал.

**Ойланыңдар!**

**Шығыс Қазақстан облысының әртүрлі ұлттарының ұқсас дәстүрлері туралы мысалдар келтіріңдер.**

**Шығармашылық тапсырма!**

**Ережеге сүйене отырып, «Менің өлкемнің ұлттары» атты ойтолғау жазыңдар**

**«Менің өлкемнің ұлттары» атты ойтолғау жазуға арналған ЕРЕЖЕ**

1. Сендердің елді мекендерінде қандай ұлт өкілдері тұратындығын анықтаңдар
2. Бір ұлт өкілдерінің бұл жерге қашан келгенін анықтаңдар.
3. Қандай жағдайда келген?
4. Біздің облысымыздың дамуына бұл ұлт өкілдері өткенде және қазіргі уақытта қандай үлес қосып отыр?

Уақыт өткен сайын ең жақсы әдет-ғұрыптар дәстүрге айналып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады. Біздің міндетіміз – осы сабақтастықты сақтау. Дәстүрлерді сақтап қана, біз туған жерімізбен және ортақ өткенімізбен байланысты нығайтып, ортақ болашаққа бірге қадам басамыз.

**Ойланыңдар!**

**Біздің өлкеміздің қазіргі дамуына ұлтаралық достықтың әсері қандай?**





# § 9. ТУҒАН ӨЛКЕ ТАРИХЫНЫҢ ТІРІ КУӘГЕРЛЕРІ



**Сендер бұл сабақта:**

✐ Тірі куәгерлердің бөлінетін категорияларын анықтайсыңдар: Екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлері, тыл ардагерлері, еңбек ардагерлері, Ауған соғысының әскерлері, тың еңбеккерлері, құрметті азаматтар, еңбегі сіңген педагогтар мен дәрігерлер;

✐ Жерлестеріміздің ішіндегі соғыс және еңбек ардагерлерінің ерліктері туралы білесіңдер.

---

*Түйін сөздер: соғыс ардагерлері, еңбек ардагерлері, тың игерушілер, құрметті азаматтар*

---

**Зерттеуге арналған сұрақ!**
***Куәгерлерден өткен оқиғалар жайлы білу неліктен маңызды?***

Біз бүгінгі күні тарихи өткен оқиғалар туралы көркем және деректі фильмдерден, әдеби шығармалардан және ғылыми зерттеулер бойынша білеміз. Өткеннің бейнесі біздің санамызда біреулердің баяндауы арқылы ғана өрнектеледі. Біз нақты бейнені көрмейміз, көбінесе шынайы емес, бұрмаланған көрінісін көреміз. Сондықтан, біз оқиғалар туралы оны өз көздерімен көріп, сол оқиғаларға қатысқан адамдардан білгеніміз жөн. Сондықтан, біз үшін тарихтың жанды дауысын, ардагерлердің шынайы әңгімесін есту және оны сақтау өте маңызды.

**Бұл қызық!**
*Ежелгі Римде ардагерлер деп әскерде немесе флотта қызмет еткен жауынгерлерді атаған.*

«Ардагер» сөзі барлығына таныс. Сендер Екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлері, еңбек ардагерлері туралы естіген боларсыңдар. Бұл сөз қандай мағына береді? Біз оның негізінде қандай мағына көре аламыз?

Бұрынғы кезде ардагерлер деп соғысқа қатысқаннан кейін зейнеткерлікке шыққан әскери қызмет адамдарын атаған. Мұндай адамдар өз елін қорғау жолында өз өмірлеріне қауіп төндіргені үшін ресми марапаттар мен алғыстар алған. Олардың еңбектерін мемлекет мадақтап, ардагерлер халықтың құрметіне ие болды.

Біздің елімізде Екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлеріне ерекше құрмет көрсетіледі. Қазақстанда фашизмді жеңуге ат салысып, өз үлесін қоспаған облыс жоқ.

Бүгінде біздің облысымызда қан майданда аман қалып, Отанына оралу бақыты бұйырған 250 ардагер бар. Олардың қатары күн сайын сиреп барады. Соғыс ардагерлерінің барлығы дерлік майданнан оралған соң еңбекке араласып, ел игілігіне үлес қосқан жандар.

Солардың бірі – соғыстан мүгедек болып оралған еңбек ардагері Шикунов Матвей Пантелеевич. Ол 1943 жылы 17 жасында әскерге аттанған екен. 4 айлық әскери дайындықтан өтіп, Бірінші Балтық майданына жіберілген. Литваның қалалары мен ауылдарын, Витебск қаласын азат етуге қатысқан. 1944 жылдың шілдесінде ол ауыр жарақат алып, ауруханада емделген соң елге қайтады. Әскерден оралған соң,  Глубокое кеме жөндеу шеберханасында металл жонушы болып жұмыс істеді.

XX ғасырда болып өткен екі дүниежүзілік соғыс ерліктің тек қана майданда ғана емес, тылда да орын алатынын көрсетті. Осылайша, «Тыл ардагері» құрметті атағы пайда болды.

Соғыс кезінде қарттарға, әйелдер мен балалардың мойнына ауыр жүк түсті. Байдельдинова Гүлбағдат Жағыпарқызы Шығыс Қазақстан облысының Ұлан ауданы Бақберген селосының Жолғұтты ұжымшарында 1934 жылы 20 желтоқсанда дүниеге келген. 10-11 жасынан тылда еңбек етті. Ауылда қой жайып, сауыншылықпен айналысты, астық жинау кезінде комбайнда жұмыс істеді.

Өз мамандығына адал болып, бейбіт уақытта өз халқының игілігі үшін ұзақ еңбектену – құрметтеуге лайық іс. Бүгінгі күні «ардагер» сөзінің мағынасы әлдеқайда терең болатыны сондықтан. Өмірінің көптеген жылдарын осы мамандыққа арнап, ел үшін маңызды іс-шараларға қатысқан кез-келген мамандықтың өкілі болашақта еңбек ардагері деген атаққа ие болуы мүмкін.

**Сөздікпен жұмыс!**

**Тың – игерілмеген, жыртылмаған, бірақ ауыл шаруашылығына жарамды жерлер. Тыңайған жерлер – бір кездері игеріліп, бірақ содан кейін ұзақ уақытқа пайдаланылмай қалған жерлер.**

Мысалы, Қазақстан тарихында – тың және тыңайған жерлерді игеру жылдары белгілі. 1954 жылы астық өндірісін ұлғайту туралы шешім қабылданды. Осы мақсатта қысқа уақыт ішінде ірі жер бөліктерін жыртып, егін егу қажет болды. Бүгінгі күні мыңдаған жастар мен әртүрлі ұлт өкілдерінің жанқиярлық

еңбегі арқасында Қазақстан бидай өндірушілер арасында сенімді позицияға ие болып отыр. Тың жерлерді игеру бойынша негізгі жұмыс Қазақстанның солтүстігінде болды, бірақ біздің аймақ одан тыс қалмады. Глубокое ауданы «Ушанов» совхозы – бүгінгі күнге дейін бұрынғы тың игерушілер мен олардың балалары, немерелері өмір сүретін ең ірі шаруа қожалықтарының бірі.

Төрт мыңға жуық адам «Тың жерлерді игергені үшін» медалімен марапатталды. Олардың көпшілігі марапат белгілермен және алғыс хаттармен атап өтілді. Олардың барлығы –«тың игеруші» еңбек ардагерлері.

Өкінішке орай, тарих сабақтарына қарамастан соғыстар тоқтайтын емес. 1979 жылы Ауған үкіметі КСРО үкіметінен көмек сұрады. Арасында біздің жерлестеріміз бар кеңес әскерлерінің шектеулі контингенті алыстағы Ауғанстанға жіберілді. Ресми түрде оларды «интернационалист-жауынгерлер» деп атады, бірақ ұзақ он жылға созылған бұл соғысқа қатысқан жауынгерлерді «ауғандықтар» деп жиі атайды.

Кез-келген елді мекенде, қалада немесе ауылда өз өлкесінің тарихы мен дамуына ерекше үлес қосқан адамдар бар. Олар – еңбегі сіңген мұғалімдер мен дәрігерлер, инженерлер мен суретшілер, ауыл шаруашылығы қызметкерлері. Олардың еңбектерін жоғары бағалап, «Құрметті азамат» атағы беріледі.

Біздің облысымыз талантты, еңбекқор және құрметті адамдарын лайықты мадақтап, құрметтейді. Қараңдаршы, олардың көпшілігі бізбен бірге тұрады. Біз олармен кездесіп, еліміздің бүгінгі гүлдену мен өркендеу жолында қандай қиыншылықтарды бастан өткергендері туралы оқиғаларды ести аламыз.

Медеу Сәрсеке – белгілі қазақ жазушысы, драматург, публицист, қоғам қайраткері. Оның әдеби шығармашылығының негізінде қазақ әдебиетінде



ғылыми фантастика бағыты қалыптасты. Жазушының «Ғажайып сәуле», «Көрінбестің көлеңкесі», «Жетінші толқын», «От пен атом» сияқты шығармалары қазақ және орыс тілдерінде жарыққа шығып, шет елдерде де танымал болды.

Ол көптеген жылдар бойы белгілі ғалым – геолог Қаныш Сәтпаевтың жеке тұлға ретінде қалыптасу кезеңдерін және өмір жолын зерттеген. Деректі – көркем өмірбаян жанрында он кітап жазған: «Туған жер тастары», «Сәтпаев».

М.Сәрсеке драма жанрында да өз шығармашылығын дамытқан. Халыққа танымал драмалық шығармалары: «Шыңғыс хикаясы», «Жарылыс», «Заңды неке», «Тендерге түскен әйел».

Жазушы қазақ тілінде – 43, орыс тілінде 20 кітап шығарған. М.Сәрсекенің таланты мен абыройлы еңбегі жоғары бағаланып, көптеген мемлекеттік ма-

рапаттардың иегері ретінде танымал. Соның ішінде «Құрмет», «Парасат» ордендері ерекше құнды.



Нұрғалиев Талант Құмашұлы – әйгілі мұғалімдер әулетінің жалғастырушысы, КСРО-ның аңызға айналған Халық мұғалімі Құмаш Нұрғалиұлы Нұрғалиевтің талантты ұлы. Ол әкесінің ісін жалғастырып, Марқакөл ауданындағы Боран ауылы гимназиясын Қазақстан Республикасының үздік жүз мектебінің қатарына енгізу үшін көп күш салды. Қазіргі кезеңде Құмаш Нұрғалиев атындағы гимназия – бұл бірнеше шет тілдерін оқытатын, көп сатылы бастапқы даярлаудан өткізетін, электронды газеті және кешенді көркем-эстетикалық орталықтары бар ауылдық мектептің үлгілі моделі болып табылады. Гимназияның толық жабдықталған бейне жазба қоры, электронды кітапханасы, мультимедиялық оқу-әдістемелік құралдарының және бірнеше тілде оқытатын оқу құралдары, барлық пәндер бойынша оқу бағдарламалары, оқыту сынақтары мен виртуалды оқу орталығы бар. Оқушылардың өз бетінше оқуы үшін компьютерлік ресурстарды еркін пайдалануға барлық жағдайлар жасалған. Оның еңбегі мемлекет және түлектері тарапынан жоғары бағаланады. Талант Нұрғалиев – Қазақстан Республикасының білім берудегі құрметті қызметкері, Қазақ КСР-і білім беру ісінің үздігі, Ы. Алтынсарин медалінің және «Парасат» орденінің кавалері.

Чуянова Татьяна Николаевна 1964 жылы Алматы мемлекеттік медициналық университетін бітіріп, Шығыс Қазақстан облысына жолдамамен жіберіледі. 1968 жылдың қаңтарынан бүгінгі күнге дейін Өскемен қаласының облыстық ауруханасында анестезиолог-реаниматолог мамандығы бойынша еңбек етеді.

Облыстың барлық аудандарында анестезиология реаниматология бөлімдерін ашуда және осы салада емдеудің инновациялық тәсілдерін енгізуде оның еңбегі өте зор. Ол медициналық тәжірибеден қол үзбей, облыстың жас анестезиолог-реаниматологтарын дайындауда тәжірибелі тәлімгер. Татьяна Николаевна елу жыл көлемінде көптеген адамдарды емдеп, олардың туыстарының алғысына бөленген жан. Бүгінгі күні көптеген шәкірттері оның ісін жалғастыруда.

1984 жылы Т.Н.Чуянова «Денсаулық сақтау саласының үздігі» төс белгісімен марапатталып, 2017 жылы «Еңбек ардагері» медалімен марапаттауға ұсынылды.

Біздің арамызда Батыс Алтай тауларындағы көлге және екі жаңа өсімдік түрлеріне есімі берілген адам өмір сүреді. Ол біздің облысымызда мекен ететін көптеген құстарды анықтап, зерттеген. Бұл белгілі ғалым – орнитолог –

Щербаков Борис Васильевич. Борис Васильевичтің арқасында Өскеменнің жас натуралисттері далалық экологиялық тәжірибе өткізетін Шешек шатқалындағы «Мектептік экологиялық қорық» ұйымдастырылған.



Оның бастамасымен Батыс – Алтай қорығы, Маңырақтағы Тарбағатай зоологиялық заказнигі (қорық) құрылды. Борис Васильевич біздің облысымыздың мектептері мен лицейлерінің оқушыларына арналған бірнеше оқу – экологиялық маршруттарды құрастырды. Ол көптеген қызықты кітаптар жазған, соның ішінде кең танымал кітап – «Восточный Казахстан – сердце Евразии» («Шығыс Қазақстан – Еуразия жүрегі»). Онда Шығыс Қазақстанның тамаша табиғаты суреттеліп, жергілікті географиялық атаулардың тарихы, аңыз – әңгімелері туралы сыр шертеді. Ол бүкіл ғұмырын Қазақстанның табиғатын зерттеу мен қорғауға арнаған адам.

Щербаков Борис Васильевич – Өскемен және Хошимин (Вьетнам) қалаларының Құрметті азаматы.

Жасөспірім шағымызда өмір бізге шексіз сияқты көрінеді. Өкінішке орай, бұл олай емес. Ардагерлер өмірден озып, соңынан жақсы естеліктер қалдырады. Сондықтан сендер тарихтың тірі куәгерлері болған жерлестерімізбен кездесу мүмкіндігін жіберіп алмаңдар.

### Топтық жұмыс!

**Біз сендерге тапсырмалар орындау үшін шығармашылық топ құруды ұсынамыз:**

1 Сендердің отбасыларыңда соғыс және еңбек ардагерлері бар ма? Олардың ерліктері туралы сыныптастарыңа айтып беріңдер.

2 Бүгінгі күні сендердің туып-өскен аймақтарыңда қанша соғыс және тыл ардагерлері, құрметті азаматтар тұрады?

3 Белгілі тұлғамен кездесу ұйымдастырып, олардың естеліктерін жазып алыңдар.

### Шығармашылық тапсырма!

**«Құрметті азамат» атағы қандай адамдарға беріледі? Сендердің облыстарыңда, аудандарыңда, ауылдарыңда қанша «Құрметті азамат» бар екендігін біліңдер. Олар неліктен мұндай атаққа лайықты болғанын әңгімелейтін «Құрметті азаматтардың» бірі жайлы әңгімелеп, мысал келтіріңдер.**

### Ойланыңдар!

**Тарих куәгерлері – «соғыс ардагері», «тыл ардагері», «еңбек ардагерінің» айырмашылықтары қандай? Олар біздің еліміздің, облысымыздың тарихына қандай үлес қосты?**

# § 10. МЕНІҢ ТУҒАН ӨЛКЕМ ӨЛЕҢДЕР МЕН ПРОЗАДА

**Сендер бұл сабақта:**

✎ туған өлкенің табиғаты мен тарихы сипатталатын поэтика-лық және прозалық шығармаларды білесіңдер;

✎ туған өлкенің ақындары мен жазушыларының шығар-машылығымен танысасыңдар, олардың шығармашылығы туралы деректер жинауды және презентация дайындауды үйренесіңдер;

✎ туған өлке туралы бір өлеңді жатқа мәнерлеп оқисыңдар.

*Түйін сөздер: ақын, поэзия*

**Зерттеуге арналған сұрақ!**

***Біздің өлкеміздегі ақын-жазушылардың қазақ әдебиетінде алар орны қандай?***



Е.К. Тұрғанбаев «Абай жолы». 2014.
Қатты қағаз, майлы бояу. Шығыс Қазақстанның өнер мұражайы

**Шығысым** – киелі өлкем. Шығыс өңірі –аңыз-әңгімелерге бай өлке. Өткен ғасырлардың мұрасы «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры немесе бұл жырмен салыстырғанда, бертінде болған «Еңлік – Кебек», «Қалқаман-Мамыр» оқиғалары осы біздің өлкемізде өткен. Кешегі өткен Ақтамберді, жауды қуған ер Қабанбай, Байғара би, Ақтайлақ би кеңес құрып, әділ билік айтқан, әдеби феномен – «бір әулеттен он жеті ақын» шыққан тарихи өлке де осы – Шығыс Қазақстан. Әнет бабаның кейінгіге жол сілтеген өнегелі жолы да, кешегі өткен Ырғызбай, Өскенбай әулетінің жалғасы Құнанбайдың билік еткен жері де, Дулаттай ақынның жыры төгілген сұлу өлке де – осы Шығыс. Абайдай тәлімгерден Ауылбай, Әріп пен Әсет, Көкбай сияқты ақындар талантын шыңдаған, М. Әуезовтей ұстазына адалдық танытып, шындықты қорғаған Қайым Мұхамедханов сынды қайсар ғалымның дүниеге келіп, өмірден өткен жері де – осы Шығыс.

**Ойланыңдар!**

**Туған жеріңнің қандай ақын-жазушыларын білесіңдер?**

Шығыс – ән мен жырға бөленген әуезді өлке. Кешегі өткен бабалардың жалғасы ақындар да, жазушылар да бүгінгі қазақ әдебиетінің асыл қазынасын өз шығармаларымен байытып келеді.

Абай мен Шәкәрім, Мұхтардай ұлылар дүниеге келген рухани өлкемізден шыққан ақындарымыз бен жазушыларымыз аз емес. Таланттар шоғыры – Қуандық ақын, жазба әдебиетті өзінше сөйлеткен Әріп ақын, Т.Көбдіков, Шыңғыстаудың шынары – Шәкір ақын, ғалым-жазушылар Қ.Мұхамедханов, Т.Жұртбай, т.б. осы өлкенің перзенттері.

Белгілі жазушылар С. Бегалин, Ә.Шәріпов, О.Бөкей, Қ.Ысқақ, Д.Әшімхан, М.Мағауин, Ә.Нұршайықов, Қ.Қайсенов, А.Алтай, Ә.Асқаров, Р.Мұқанова, Н. Ақыш, А.Кемелбаева, М.Қабанбай, К.Ерқасов, Т.Әбдікәкімұлы, Т.Кеңесбаев, Т.Жанғалиев, Д.Рамазан, т.б. туған өлке табиғатын каламымен өрнектеп, белгілі ақындар Н.Айтұлы, Б.Жақып, Ұ.Есдәулет, Г.Салықбай, Ж.Әскербекқызы, Б.Райысова, С.Дүйсенғазы, А.Елгезек, Қ.Сарин сынды өзге де ақындар жырға қосуда. Айтыс дүлдүлдері А. Кәкенов, С. Жақиянов, С Құсанбаев, А. Тұрсынбаева, Р. Зайытов, С. Тоқтамысовалар да осы өлкеден түлеп ұшқан. Жыр мен сыр тұнған өлке осы Шығыс болар бәлкім...



**Ақтамберді Сарыұлы (1742–1838)** – би, шешен, жырау, қоғам және мемлекет қайраткері, дипломат. Атақты Қу дауысты Құттыбай бидің немересі. Әкесі Байқара би. Ақтайлақ жастайынан шешендігімен көзге түсіп, үлкен жиындарда бір ауыз мақалмен немесе толғау-жырымен даулы істерді әділетті шешкендіктен «қазақтың қара тілі, қас биі» атанған. Мемлекет ісіне ерте араласқан. Абылай хан Көкшетауға үш жүздің елу биін шақыртып, қазақ руларының шежіресін жаздырған, оның ішінде Ақтайлақ бар бес биге соңғы нұсқасын жасатқан. Ақтайлақ би 1773 ж. Болат ханның атынан Қытай императоры Цяньлунға елші болып барып, келіссөз жүргізген. Бұл туралы Шың патшалығының шежіре кітабында жазылған. Ақтайлақ бидің Бопы төремен, Қанай, Тіленші, Балпық және басқа билермен шешендік айтыс, қағыстары ел арасына кеңінен таралған. Ақтайлақ ел арасындағы дау-шарларды шешу мақсатында билік айтып та, заманының келеңсіз көріністерін сынап та өлең шығарған, өмір туралы, адамгершілік асыл қасиеттер жайлы филос. толғаулар мен адам жасы жөнінде, үй-іші, ошақ басы, ата-ана тағылымы мен жас ұрпақ тәрбиесі туралы тәрбиелік ғақлиялары да бар. «Ердің құны – екі елу» атты ұзақ толғауы – Өскенбай би тұсында тобықты мен керей арасында болған құн дауында парақор билердің құлқын қамын ойлаған қылмысын аяусыз әшкерелеген терең ойлы, өткір философиялық шығарма. Оның ел бірлігін сақтауды көздеген бұл әділ билігі кейінгі елге нұсқа болып, сот ісінде негізге алынған. М.Әуезов осы биліктің шағын нұсқасын «Таң» журналында (1925 ж. №2) жариялаған. Ақтайлақ қазақ әдебиеті тарихында Жанақпен айтысқан «Сыбаннан шыққан он жеті ақын» деген атпен белгілі ақындар тобының көшбасшысы әрі ұстазы болған.

Аягөз ауданының Сарыарқа ауылы маңындағы Ақтайлақ би бейітіне күмбез тұрғызылған. Әдебиет зерттеуші С.Қорабайдың құрастыруымен Ақтайлақ бидің шығармалары мен ол туралы зерттеулер енген «Атасы асыл сөздің Ақтайлақ би» (1999), «Ақтайлақ би» (2002) жинақтары жарық көрді.

**Ақтайлақ Байғараұлы (1742–1838)** – би, шешен, жырау, қоғам және мемлекет қайраткері, дипломат. Атақты Қу дауысты Құттыбай бидің немересі. Әкесі Байқара би. Ақтайлақ жастайынан шешендігімен көзге түсіп, үлкен жиындарда бір ауыз мақалмен немесе толғау-жырымен даулы істерді әділетті шешкендіктен «қазақтың қара тілі, қас биі» атанған. Мемлекет ісіне

ерте араласқан. Абылай хан Көкшетауға үш жүздің елу биін шақыртып, қазақ руларының шежіресін жаздырған, оның ішінде Ақтайлақ бар бес биге соңғы нұсқасын жасатқан. Ақтайлақ би 1773 ж. Болат ханның атынан Қытай императоры Цяньлунға елші болып барып, келіссөз жүргізген. Бұл туралы Шың патшалығының шежіре кітабында жазылған. Ақтайлақ бидің Бопы төремен, Қанай, Тіленші, Балпық және басқа билермен шешендік айтыс, қағыстары ел арасына кеңінен таралған. Ақтайлақ ел арасындағы дау-шарларды шешу мақсатында билік айтып та, заманының келеңсіз көріністерін сынап та өлең шығарған, өмір туралы, адамгершілік асыл қасиеттер жайлы филос. толғаулар мен адам жасы жөнінде, үй-іші, ошақ басы, ата-ана тағылымы мен жас ұрпақ тәрбиесі туралы тәрбиелік ғақлиялары да бар. «Ердің құны – екі елу» атты ұзақ толғауы – Өскенбай би тұсында тобықты мен керей арасында болған құн дауында парақор билердің құлқын қамын ойлаған қылмысын аяусыз әшкерелеген терең ойлы, өткір философиялық шығарма. Оның ел бірлігін сақтауды көздеген бұл әділ билігі кейінгі елге нұсқа болып, сот ісінде негізге алынған. М.Әуезов осы біліктің шағын нұсқасын «Таң» журналында (1925 ж. №2) жариялаған. Ақтайлақ қазақ әдебиеті тарихында Жанақпен айтысқан «Сыбаннан шыққан он жеті ақын» деген атпен белгілі ақындар тобының көшбасшысы әрі ұстазы болған.

Аягөз ауданының Сарыарқа ауылы маңындағы Ақтайлақ би бейітіне күмбез тұрғызылған.

**Түбек Байқошқарұлы (1780, Жарма ауданы, Үшбиік ауылы аумағындағы Апатай жазығы – 1870, сонда)** – ақын, айтыс өнерінің аса көрнекті өкілі. Жастайынан суырып салып өлең шығарып, ақындығымен елге танылған. 15 жасынан өлеңді серік еткен ақын алқалы жиындарда көптеген ақындармен сөз сайысына түскен. Түбектің Тезек төре, Сабырбай, Құлмамбет, Қарқабат, Қосан, Бақтыбай, Орынбай сияқты танымал жыр жүйріктерімен айтысына М.Әуезов өз еңбектерінде ерекше тоқталып, өнеріне үлкен баға берген.

Поляк саяхатшысы А. Янушкевич 1848 жылы Семей облысында болған кезінде Түбек ақынмен кездесіп, бұл туралы өзінің «Қазақ даласына саяхат: күнделік және хаттар» деген кітабында тебірене жазып, ақын талантына сүйсінген. 1863 жылы атақты Құлмамбет ақынмен Тезек төренің үйінде айтысып жеңуі Түбектің даңқын бүкіл Жетісу өлкесіне мәшһүр еткен.

1830 жылы патшалық билік орындары ұйымдастырған керекулік апалы-сіңлілі Жәкежан, Айымжандармен айтыста қарсыластарын бет қаратпай жеңген. Түбек өзінің суырыпсалма ақындық өнерімен жас Абайға да үлкен әсер еткен. Ол айтыскер ақынды ұстаз тұтып, талантын жоғары бағалаған. Бұл туралы М.Әуезов «Абай жолы» эпопеясында шынайы суреттеген. Түбектің талантына орыстың түркітанушы ғалымы В.В.Радлов, ұлы ағартушы-пе-

дагог Ы.Алтынсарин жоғары баға беріп, оның Жанақпен айтысын өздері құрастырып шығарған жинақтарға енгізген. Түбектің өлең-жырлары мен айтыстары әдебиет зерттеуші Серікқазы Қорабай құрастырып шығарған «Атасы асыл сөздің Ақтайлақ би» жинағында (1999) жарияланды.

**Сабырбай Ақтайлақұлы (1793, Жарма ауданы, Үшбиік ауылы аумағындағы Апатай жазығы – 1880, сонда)** – айтыскер ақын. Әкесі Ақтайлақ елге танымал би болған. Сабырбай жастайынан өлең шығарып, серілік құрған, жиын-тойларда көптеген ақындармен айтысқан. Сыбанның Түбек бастаған 16 ақыны Жанақ ақынмен айтысып жеңілгенде, он жетінші бала ақын Сабырбай ғана жыр дүлдүлін тапқырлықпен ұтып кеткен. Бұл айтыс В.В.Радлов құрастырған «Образцы народной литературы тюркских племен» кітабының (1870) қазақ ауыз әдебиетіне арналған 3-томына енген және Ы.Алтынсариннің «Қырғыз хрестоматиясында» (1906), С.Сейфуллиннің «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» жинағында (1931) жарияланған.

Сабырбай айтыста алдына жан салмаған Байбала есімді ақын қыздан ғана жеңілген. Сабырбайдың Жанақпен, Байбаламен айтыстарын М.Әуезов жоғары бағалаған. «Абай жолы» эпопеясында Қадырбай ақынның прототипі ретінде Сабырбайды алған. Сабырбайдың өз әкесі Ақтайлақпен, Құнанбаймен, Қуандықпен сөз қағысулары да сақталған. Ақынның «Барақ сұлтанға», «Үш қызыл», «Жанақ ақынға», «Шаһар-ау, өлемін бе, өлмеспін бе», т.б. өлеңдері заман шындығын бейнеледі. «Сыбан Сабырбай ақынның Солтабай төреге айтқан сөзі» «Таң журналында» (1925) басылса, айтыстары «Айтыс» (1965, 1-т.), «Қазақ халық әдебиеті» жинақтарында (1988, 9-т.) жарияланған. Сабырбайдың өлең-жырлары мен айтыстары әдебиет зерттеуші Серікқазы Қорабай құрастырып шығарған «Атасы асыл сөздің Ақтайлақ би» жинағында (1999) жарияланды.



**Сапарғали Бегалин (1895–1983)** – ақын, жазушы, қазақ балалар әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі. Шығыс Қазақстан облысы Абыралы өңірінің Дегелең ауылында дүниеге келген. 1915 жылы Семей қаласындағы орыс-қырғыз (қазақ) училищесін бітірген. 1935-1956 жылдары «Теміржолшы» газетінде, Қазақ КСР ҒА Тіл және әдебиет институтында (қазіргі Әдебиет және өнер институты), Қазақстан Жазушылар одағында қызмет етті. «Қазақ бозбалаларына» деп аталатын алғашқы өлеңі 1914 жылы «Айқап» журналында басылған. С.Бегалиннің «Қы-

ран кегі» (1943), «Цимлян теңізі» (1953), «Таңдамалы» (1956), «Сырлы қайнар» (1963), тағы басқа өлеңдер мен поэмалары, «Көксегеннің көргендері» (1948), «Ермектің алмасы» (1955, 1985), «Сәтжан» (1947, 1973, 1978), «Жас бұтақ» (1953), «Жеткіншектер» (1960), «Мектеп түлектері» (1961), «Шоқан асулары» (1971), «Қыран туралы аңыз» (1976), «Екі томдық шығармалар» (1976) әңгіме, повестер жинақтары, «Замана белестері» (1975) романы жарық көрген.

Пушкиннің, Лермонтовтың, Шевченконың жекелеген туындыларын, Д.Н. Мамин-Сибиряктың, Л. В. Соловьевтің кейбір әңгімелері мен повестерін қазақ тіліне аударған. Бегалин Абай шығармаларын насихаттауға мол еңбек сіңірген.

**Қалихан Алтынбаев (1927–2007)** – айтыс ақыны. Республикалық айтыстардың жеңімпазы. 1927 жылы 27 қарашада бұрынғы Семей облысының Жарма ауданындағы Малай ауылында дүниеге келген. Бала жасынан ақындық өнерге ден қойған. Ол көпшілікке алдымен айтыс ақыны ретінде танылды. Алғаш рет 1947 жылы Көсембек Байқұтановпен сөз сайысына түседі. 1957 жылы Заманбек Оразаевпен айтысады. Бұл айтыс сол жылы ақын В.Копытиннің аударуымен республикалық «Ленинская смена» газетінде жарияланды. 1959 жылы республикалық айтыста Тәңірберген Әміреновпен жыр сайысына түсіп, екінші орынды иеленді.

Қ.Алтынбаев өз өмірінде отызға тарта айтысқа түскен. Оның айтыс өлеңдері «Ақындар жыры» (1961), «Айтыс» (3 том, 1966), «Ақындар шықты айтысқа» (1969), «Қазақтың қазіргі поэзиясы» (1975) жинақтарында жарияланған. «Дала бесік», «Қиял қанатында» жыр жинақтарының, «Қалбатау», «Ақсуат», «Көкпекті» танымдық зерттеу кітаптарының авторы.

«Қойбағар», «Тепек», «Мамай батыр», «Барақ шыққан бауырында», «Ақырғы айқас», т.б. тарихи дастандары бар. Қ.Алтынбаевтың суырыпсалма ақындық өнеріне С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Е.Ысмайылов, М.Қаратаевтар жоғары баға берген.



**Дулат Бабатайұлы (1802, Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы Ақшатау ауылдық округінің Сандықтас қонысы – 1874, сонда)** – көрнекті ақын. Ол – қазақ әдебиеті тарихында көрнекті орын алатын ірі ақын. Оның поэзиясында өз кезінің қоғамдық өмір шындығы, көкейкесті мәселелері зор ақындық қуатпен, сыншылдықпен бейнеленеді. 1880 жылы Қазанда жарық көрген «Өсиетнама» деген жинағына ақынның сол кезеңдегі қазақ елінің саяси-әлеуметтік өмірін шыншылдықпен жырлаған ой-толғаныстары енген. Жеке жыр жинағы «Замана сазы» деген атпен 1991 жылы жарық көрді.

2013 жылы шығармалары мен ақын туралы зерттеулер, пікір лер жеке жинақ болып жарияланды (құрастырған С.Қорабай). Ақынның өлең-жырларының басты сарыны – XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы отаршылдық әрекеттерге рухани қарсылық көрсету. «Тегімді менің сұрасаң», «О, Сарыарқа, Сарыарқа», «Асқар таудың сәні жоқ», т.б. жырлары мен «Сүлейменге», «Бараққа», «Кеңесбайға», т.б. арнау өлеңдерінде отаршылдық тауқыметін күйзеле суреттей отырып, өз бастарының қамын ойлап кеткен атқамінерлерді аяусыз шенеді. «Ақжайлау мен Сандықтас» атты өлеңінде де туып-өскен өңірін «атамның қонған қонысы» деп тебірене, оның келісті көріністерін перзенттік, тіпті сәбилік сүйіспеншілікпен елжірей суреттейді. Дулаттың образ жасау, өлең өрнегін жетілдіру, замана сазына қарай ақындық өнерде жанрлық, стильдік, сонылық таныту ерекшелігі кейін Абай шығармаларында дамытылып, жалғастық тапқан. Дулат өзінің «елге қорған ер туса» деген идеясын халыққа жеткізу үшін қазақ-қалмақ соғысы тұсындағы сюжетті алып, «Еспембет» поэмасын жазған. Еспенбеттей батырдың батырлығын дәріптеген дастанның негізгі идеясы – туған жер мен елді жаудан қорғау. Поэма сындарлы құрылымы, суреттігімен ерекшеленеді. Оқиғаның желісі жинақы, мазмұны тартымды. Дулат – жыраулық мектептен шығып, ақындық мектепті күшейткен суреткер. Ақын шығармалары қазақ жазба әдебиетінің қалыптасуына өз үлесін қосты. Ол поэзиямыздың мазмұнын байытты, оның көркемдік түрі жағынан да жетіле түсуіне көмектесті. Әдебиетіміздің реалистік бағытын нығайтты, образдылық, көркемдік бояуын күшейтті.



**Абай Құнанбайұлы (1845–1904) –** ұлы ақын, композитор, философ, ағартушы, қазақтың реалистік жаңа жазба әдебиетінің негізін қалаушы, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы. Абай Құнанбайұлы – қазақ әдебиеті мен мәдениетіндегі ерекше құбылыс. Оның туған халқының арман-мүддесі туралы, адам болмысының гуманистік мәні туралы философиялық толғанысқа толы поэзиясы терең білім, мазасыз ізденістегі ой, дүниеге ғажайып көзқарас тұтастығымен ерекшеленеді. Ақыл-парасат пен әділдік салтанатының идеялары, жоғары адамгершілік пен руханилыққа толы білім оның көпқырлы шығармашылығының қайнар көзі болды. Абай қазақ поэзи-

ясын жаңа тақырыптармен, сюжеттермен және жанрлармен ғана байытып қоймай, бұрын болмаған әр неше буынды өлең түрін енгізді, қазақ өлеңінің өлшемін, шумағын, ырғағын жаңартты, жаңа әдебиет қалыптастырды, жаңа әдеби тіл жасады, оның лексикалық қорын жаңа сөздермен толықтырды, оның қызмет ету аясын кеңейтті. Терең философиялық ой мен азаматтық шабытқа толы Абай өлеңдері түгел дерлік лирикадан құралады. Қысқа өлеңдерінде табиғат бейнесін, адамдардың ішкі-сыртқы қылық-қасиеттерін, мінез-бітімдерін шебер суреттейді. Қай өлеңінен де қазақ жерінің, қазақтың ұлттық сипатының ерекшеліктері көрініп тұрады. Абай қазақ әдебиетінде поэма жанрының орнығуына ықпал етті («Ескендір», «Масғұт», «Әзім әңгімесі»).

Абайдың қара сөздері – ұлы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, философиядағы даналық дүниетанымын даралап көрсеткен прозалық шығармасы. Қырық бес бөлек шығармадан тұратын қара сөздерде ақынның гуманистік, ағартушылық, әлеуметтік ойлары дін туралы пікірлерімен бірігіп, қазақ халқының тұтас бір философиялық концепциясын құрайды. Абай музыкалық саласында да айта қалғандай мұра қалдырды. Абай әндерінің өзгешелігі – мелодиялық, ырғақтық жақтарындағы жаңалықтарында, идеялық мазмұнының ашықтығында. Абайдың Татьяна хатының сөзіне шығарған «Татьянаның қырдағы әні» қалың елдің сүйікті әніне айналды. Абай И.Крылов, А.Пушкин, М.Лермонтов шығармаларын қазақ тіліне шебер аударды.



**Шәкәрім (Шаһкәрім) Құдайбердіұлы (1857–1931)** – ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор. Абаймен замандас әрі інісі, әрі ол негізін салған реалистік әдебиет дәстүрлерін жалғастырушы ізбасары. Өзі өмір сүрген ортаның қоғамдық-саяси және әлеуметтік сыр-сипаттарын көре білуде, қоғам мен адам табиғатындағы кемшіліктерді зерделеуде, туған халқына түзу жол көрсетуде Абай бағытын ұстанды. Жеті жасында әкесінен жетім қалған ол Абайдың тікелей тәрбиесінде болады. Өлеңдерінде боямалы ажарлы, жасанды мінез бен жағымсыз қылықты сынға алады, адамгершілік ақ жолға, өнер-білімге үндейді. 1905 ж. Меккеге қажылық сапарында Стамбұл, Париж кітапханаларынан туған халқының тарихына байланысты кітаптарды оқиды. Осы материалдар негізінде «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» (1911) кітабын, «Мұсылмандық шарты» деген еңбек жазды (1911). Оның қаламынан терең ойлы, сыршыл лирик. өлеңдер, «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек», «Нартайлақ-Айсұлу» сияқты

оқиғалы дастандар, «Әділ-Мәрия» романы және басқа да прозалық туындылар, аудармалар, тарихқа, философияға қатысты еңбектер, сазды әндер туды. Ол орыс, батыс әдебиетінің тамаша үлгілерін қазақ оқырмандарына таныстырды. Американ жазушысы Гарриет

Бичер-Стоунның «Том ағайдың балағаны» романын, Толстойдың «Үш сауал», т.б. әңгімелерін, А.С.Пушкиннің «Боран», «Дубровский» повестерін қазақ тіліне аударды. Физулидің «Ләйлі - Мәжнүн» дастанын назира үлгісімен жырлады. Шәкерім үнемі демократтық, халықтық, гуманистік-ағартушылық бағытта болды. Ақын кеңестік тоталитарлық жүйенің құрбаны болды. 1988 жылы ақын есімі толық ақталды.



**Мұхтар Әуезов (1897, 28 қыркүйек, Абай ауданы, Бөрілі ауылы– 1961, 27 маусым, Алматы)** – қазақ әдебиетінің классигі, жазушы, драматург, әдебиеттанушы-ғалым, Қазақ КСР ҒА академигі. Семей қаласында медреседе, онан соң бес кластық орыс мектебінде, 1915-1919 жж. мұғалімдер семинариясында білім алған. 1917 жылы қазақ ұлттық драмасының тұңғыш туындысы – «Еңлік-Кебек» пьесасын жазады. Осы пьесасы мен 1921 жылы жазылған «Қорғансыздың күні» атты алғашқы әңгімесі арқылы өзінің жазушылық ерекше дарынын айқын танытты. Сол жылдарда Семейде, Орынборда әр түрлі қызмет істей жүріп, Алаш партиясының көсемдері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, басқа да белгілі әдебиет, мәдениет қайраткерлерімен жақын араласады. «Абай» журналын шығаруға атсалысады. 1923 жылдан бастап көркем әдебиет саласына бар күш-қуатын жұмсап, өнімді еңбек етуге кіріседі. 1923-1928 жж. Ленинград университетінде оқып, тіл мен әдебиет факультетін бітіреді. Одан кейін Ташкентте Ортаазия мемлекеттік университетінің аспирантурасында шығыс фольклоры бойынша маманданды. Әуезов 1920 жылдары проза мен драматургияда келелі туындылар беріп, қазақ әдебиетінің классигіне айналды. Отызыншы жылдары бірнеше әңгіме мен пьесалар жазады. 30 жылдарда Абай мұрасына әр қилы баға беріліп жүргенде Абайды тереңдеп, кеңінен тануды өзіне өмірлік мақсат етеді. Ол 15 жыл бой «Абай жолы» атты өзінің 4 томдық даңқты тарихи роман-эпопеясын жазды. Қазақ өмірінің энциклопедиясы деп жоғары баға берілген бұл шығармасы 1959 жылы Кеңес Одағының ең жоғары сыйлығы – Лениндік сыйлыққа ие болды. «Абай жолы» 30 тілге аударылды. Үлкен ғалым, педагог Әуезов қазақ әдебиеті тарихын зерттеу, әдебиет кадрларын даярлау жөнінде шексіз көп еңбек сіңірді. Абайтану ғылымының негізін салды. Жазушының 100 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО шешімімен дүниежүзілік деңгейде аталып өтті. Шығармаларының 50 томдық толық жинағы жарық көрді (1997–2011).



**Қайым Мұхамедханұлы (1916–2004)** – белгілі абайтанушы ғалым, еліміздегі алғашқы Әнұранның авторы.

Ол кандидаттық диссертациясын екі рет қорғады. Өйткені сол кездегі тоталитарлық жүйе мен билікке оның Абай тақырыбын қозғағаны да, Әуезов көзқарасына жақындығы да ұнамады. Сондықтан Қайым Мұхамедханұлына 1951 жылы «ұлтшыл-буржуазияшыл» деген айып тағылып, 25 жылға айдалып кетті. Бірақ, үш жылдан соң ақталып, еліне оралған ғалым «Абай өлеңдерінің текстологиясы» тақырыбын зерттеп, диссертациясын екінші рет қорғады. Ұлы Абай туралы деректерді толығырақ, тереңірек зерттеп, ашып көрсеткен Қайым Мұхамедханұлының ұрпақ алдындағы еңбегі зор.

Қайым Мұхамедханұлы – абайтануды ғылыми негіздеуші, әрі алғашқы текстологы, шәкәрімтанудың негізін қалаушы, Семейде Абайдың мұражайын ұйымдастырушы, «Абай» журналының қайтадан жарық көруіне көп еңбек сіңірген қайраткер. Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының, Жазушылар Одағы сыйлығының, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты және Халықаралық Абай академиясы (Лондон) Алтын медалінің иегері, профессор, КСРО және Қазақстан халық ағарту ісінің үздігі, Семей қаласының, Аягөз, Жаңасемей, Абай аудандарының Құрметті азаматы, 800-ден аса ғылыми еңбектердің авторы. Ұлы Абайдың 150 жылдық мерейтойы қарсаңында «Абайдың ақын шәкірттері» атты төрт кітаптан тұратын жинақ құрастырып шығарды.

Өмірдің әрбір беті – тарих. Өткенге көз жіберіп, тарихымызды сараласақ, жарқырап өткен жасындар аз емес екенін көреміз. Солардың бірі – белгілі ғалым, абайтанушы Қайым Мұхамедханұлы. Қайым аға сияқты өр тұлғалы азаматтар ел тәуелсіздігінің алтын діңгегі, берік болаттай биік тұғыры іспетті. Тұғыры биік тұлғаның өнегелі ғұмыры бүкіл қазақтың жүрегінде жалғаса беретін болады.



**Ойланыңдар!**

**Мұхтар Әуезовтің халық жазушысы ретінде қалыптасуына негіз болған әдеби тұлға кім?**

**Назар аударыңдар!**
**Сабақты бекітуге арналған сұрақтар:**

1. Д. Бабатайұлының «Ақжайлау мен Сандықтас» өлеңін негізге ала отырып, туған жерге байланысты жыр-шумақтар немесе ойтолғау жазыңдар.
2. Абай Құнанбайұлы өмірі мен шығармашылығын зерттеген ғалымдар туралы презентация әзірлеңдер.
3. М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы «Барлас ақын мен бала Абай» үзіндісін оқыңдар.
4. Барлас ақын мен бала Абайдың тұлғалық қасиетін саралап, венн диаграммасын жасаңдар.

**Есте сақтаңдар!**
**Туған өлке туралы бір өлеңді жатқа мәнерлеп оқыңдар.**

*Дулат Бабатайұлы*

## АҚЖАЙЛАУ МЕН САНДЫҚТАС

Атамның қонған қонысы
Түн асса, тұтам түгі өскен,
Басылмайтын қонысы.
Аққан бұлақ сай-салаң,
Шытырман тоғай айналаң,
Жоның жайлау кең алаң,
Атам қонған кең далам,
Мендей сені қызғанар,
Бауырыңда өскен бай-балаң?
Көл қорығын қызғыштай
Сен десе салам бай-балам.
Жайлауыңды көргенде,
Жадыраймын, жайланам.
Өксігіңді ойласам,
Ұйқы беріп қайғы алам.
Қилы-қилы заманды,
Заманға сай адамды
Салғастырып қарасам,
Су мүйіз болған танадай
Шыр көбелек айналам,
Кешегі бір заманда,
Қайран қазақ , қайтейін,
Мынау азған заманда,
Қарасы – антқор, ханы – арам,
Батыры көксер, басы аман,
Бәйбіше – тантық , бай – арам,
Бозбаласы – болашақ ,
Қырсыға тудың қыз балаң.
Нары – жалқау кер табан,
Құсы – күйшіл , ат – шабан,
Жырғалаң жоқ , жобалаң.
Ебі кеткен ел болды
Енді қайда мен барам?
Ой, Сандықтас, Сандықтас,

Атамның қонған жайлауы,
Қайнардан суық қайнауы,
Шалғынға жонын көміltіп,
Құлынды қазақ байлауы.
Бал татыған бағланның
Езілтіп етін шайнауы.
Сенің арқаң емес пе,
Лықсытып малды айдауы.
Мынау азған заманда
Сөзіңнің кетіп байлауы,
Келесі биде кезек жоқ.
Қу тиын болып сайлауы...
Басалқа жақсы кеткен соң,
Іс айналып батылға
Ер қайраты қор болып,
Ақыл салды қатынға,
Түзелмес енді іс болып...

*Абай Құнанбайұлы*

**ЖАЗ**

Жаздыгүн шілде болғанда,
Көкорай шалғын, бәйшешек,
Ұзарып өсіп толғанда;
Күркіреп жатқан өзенге,
Көшіп ауыл қонғанда;
Шұрқырап жатқан жылқының
Шалғыннан жоны қылтылдап,
Ат, айғырлар, биелер
Бүйірі шығып, ыңқылдап,
Суда тұрып шыбындап,
Құйрығымен шылпылдап,
Арасында құлын-тай
Айнала шауып бұлтылдап.
Жоғары-төмен үйрек, қаз
Ұшып тұрса сымпылдап.
Қыз-келіншек үй тігер,
Бұрала басып былқылдап,
Ақ білегін сыбанып,
Әзілдесіп сыңқылдап.
Мал ішінен айналып,
Көңілі жақсы жайланып,
Бай да келер ауылға,
Аяңшылы жылпылдап;
Сабадан қымыз құйдырып,
Ортасына қойдырып,
Жасы үлкендер бір бөлек
Кеңесіп, күліп, сылқылдап.
Жалшы алдаған жас бала,
Жағалайды шешесін
Ет әпер деп қыңқылдап.
Көлеңке қылып басына,
Кілем төсеп астына,
Салтанатты байлардың
Самаурыны бұрқылдап.
Білімділер сөз айтса,
Бәйгі атындай аңқылдап,
Өзгелер басын изейді,
Әрине деп мақұлдап.
Ақ көйлекті, таяқты
Ақсақал шығар бір шеттен
Малыңды әрі қайтар деп,
Малшыларға қаңқылдап.
Бай байғұсым десін деп,
Шақырып қымыз берсін деп,
Жарамсақсып, жалпылдап.
Шапандарын белсенген,
Асау мініп теңселген
Жылқышылар кеп тұрса,
Таңертеңнен салпылдап.
Мылтық атқан, құс салған
Жас бозбала бір бөлек
Су жағалап құтыңдап.
Қайырып салған көк құсы
Көтеріле бергенде,
Қаз сыпырса жарқылдап.
Өткен күннің бәрі ұмыт,
Қолдан келер қайрат жоқ,
Бағанағы байғұс шал
Ауылда тұрып күледі,
Қошемет қылып қарқылдап.

# § 11. ӨЛКЕНІ СИПАТТАУ ӨНЕРІ



**Сендер бұл сабақта:**

- мәтіннің ақпараттық, оның көркемдік тілдік ерекшеліктері негізінен өлкетану сипаттамаларын талдауды үйренесіңдер;
- өлкетану аясында прозалық үзінділер жазудың алғашқы дағдыларын меңгересіңдер.

*Түйін сөздер: публицистика, очерк, мақала.*

**Зерттеуге арналған сұрақ!**

***Облысыңда шығатын қалалық, аудандық газеттердің шығу тарихын зерттеңдер?***



Зайцев Л.Т. «Шыңғыстай таулары». Картон, майлы бояу. Суретшінің жеке қоры



**Шәріпов Әди (1912–1993)** – филология ғылымдарының докторы, жазушы. Қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы, Мариновка ауылында дүниеге келген. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын аяқтаған соң, Алматы облысы мектебінде ұстаздық қызмет атқарады. Кейін Қаз. КСР оқу ағарту ісінің министрі, Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары, ҚазКСР-нің Сыртқы істер министрі, Қазақстан Жазушылар одағының бірінші хатшысы, Қазақ КСР Ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры қызметтерін атқарған.

«Партизан қызы», «Ормандағы от», «Тон», «Қапастағы жұлдыздар» атты шығармалардың, «Сахара қызы», «Дос сыры» романдарының авторы.

Ә. Шәріпов шығармалары шет тілдеріне аударылған.

Ленин, екі мәрте Еңбек Қызыл Ту, Қызыл Жұлдыз, «Құрмет Белгісі», бірінші дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталған.

Әди Шәріпов есімі «Выдающиеся люди планеты» библиографиялық анықтамасына енгізілген.



**Оралхан Бөкей (1943–1993).** Жазушы-драматург, журналист, Қазақстан Республикасы мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасы Жастар сыйлығының лауреаты, Н. Островский атындағы Бүкілодақтық әдеби сыйлықтың лауреаты Оралхан Бөкей 1943 жылы 28 қыркүйекте Шығыс Қазақстан облысы Қатонқарағай ауданы Шыңғыстай ауылында туған. 1970 жылы Алматы қаласындағы «Жазушы» баспасынан басылып шыққан «Қамшыгер» атты алғашқы жинағы жас жазушының атағын шығарды. Осы баспадан оның «Үркер» (1971), «Қайдасың, қасқа құлыным?» (1973), «Мұзтау» (1975) әңгімелер мен повестері шығарылды. «Алданған ұрпақ» трилогиялық романы қолжазбалық ойлар күйінде аяқталмай қалған. Шығармалары орыс, ағылшын, т.б. тілдерге аударылған. Оралхан Бөкей 1993 жылы 17 мамырда Үндістанда, Дели қаласында қайтыс болған. Алматыда жерленген.



**Қалихан Ысқақ (1935–2014).** Жазушы, журналист, аудармашы Қалихан Ысқақ 1935 жылы 14 наурызда Шығыс Қазақстан облысы Қатонқарағай ауданының Топқайың ауылында туған. ҚазМУ-дің журналистика факультетін бітірген. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш»), «Қазақ әдебиеті», «Халық конгресі» газеттерінде, «Мәдениет және тұрмыс», «Парасат» журналдарында бөлім меңгерушісі, Қазақстан Жазушылар одағында әдеби кеңесші, М. Әуезов

атындағы Академиялық драма театры әдебиет бөлімінің меңгерушісі болған. Қалиқан Ысқақ «Дос хикаясы», «Менің ағаларым», «Бұқтырма сарыны», «Күреңсе», «Қоңыр күз еді» повестерінің авторы, «Тұйық», «Қара орман», «Ақсу – Жер жаннаты» романдарын жазды.

Аударма саласында Л.Н. Толстойдың, А.П. Чеховтың, И.С. Тургеневтің, А.И. Куприннің, И.А. Буниннің шығармаларын қазақ тіліне аударды.



**Дидахмет Әшімхан (1950–2015).** Жазушы, журналист, аудармашы, «Алаш» халықаралық әдеби сыйлығының лауреаты Дидахмет Әшімхан 1950 жылы 16 маусымда Шығыс Қазақстан облысы, Қатонқарағай ауданы Жаңа үлгі ауылында туған. «Коммунизм туы» (қазіргі «Дидар»),«Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш»), «Қазақстан пионері» газеттерінде қызмет істеп, «Түркістан» газеті бас редакторының орынбасары болған. Ол «Сары самауыр», «Ақниет», «Аққабаның толқыны», «Жер аңсаған сары атан» сынды көркем және публицистикалық шығармалардың авторы. Д. Әшімхан аударма өнеріне де өз үлесін қосқан. Ол Дж. Голсуорси, Дж. Лондон, Е. Шварц, А. Курчаткин, А. Аширов, Х. Абдуллин, Т. Минуллин, А. Лупан, Т. Пулатов, П. Пурэвсурен, К. Малл, молдаван драматургі А. Кирийдің «Зона» пьесасын, т.б. шығармаларын қазақшаға аударған. Ол Қазақстан Жазушылар одағы және Журналисттер одағының мүшесі болған. Катонқарағай ауданының Құрметті азаматы.



**Серік Ғабдоллаұлы (1937–2014).** Ұлан ауданы, Шымқора ауылында 1937 жылдың 17 тамызында дүниеге келген. Сәрсен Аманжолов атындағы ауылдық мектепті бітіріп еңбек жолын қарапайым ауыл шаруасынан бастайды. Қазақ мемлекеттік университетінде филология факультетінің тіл және әдебиет бөлімін 1960-1966 жылдары оқып бітірді. Сол жылы өзінің шығармашылық жолын облыстық «Коммунизм туы» газетінде әдебиет қызметкері болудан бастады. Серік – көптеген лирикалық өлеңдерді дүниеге әкелген ақын. «Көктем лебі» атты алғашқы жыр жинағы 1975 жылы жарық көрді. Кейіннен «Бұқтырма сарыны» атты жалпы жинаққа өлеңдері мен балладалары енді. Әрбір өлеңнің ішкі қасиеті көңіл аударарлық, еліне, жеріне деген ғашық жүректің асау дүрсілі анық сезіледі.



**Ақыш Нұрдәулет Бабиханұлы (1950 жылы 15 маусымда Тарбағатай ауданындағы Маңырақ ауылында туған)** – жазушы, әдебиеттанушы-ғалым. Филология ғылымының докторы. 1969–1973 жж. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының филология факультетінде оқыды. Ұзақ жылдар бойы газет-журнал редакциялары мен баспа саласында, Ы.Алтынсарин атындағы Білім академиясында еңбек етті. 2002 жылдан бастап М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында қызмететіп келеді. Алғаш рет 1972 ж. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінде «Киянда» атты әңгімесімен көрінген Нұрдәулет – бүгінгі таңда оннан астам көркем әдебиет кітаптары мен бірнеше ғылыми еңбектің авторы. Көптеген әңгіме-повестері замандастар бейнесін әр қырынан аша білуімен қазақ прозасына өзіндік үлес болып қосылды. Оның шығармаларындағы басты көркемдік шешім жеке адам мен қоғам арасындағы қайшылықты жағдайларды ашып көрсету астарлы тосын идеялар арқылы көрініс тауып отырады.

Жазушы республикалық әдеби конкурстың бірнеше дүркін жүлдегері атанған. «Таң алдындағы дабыл», «Саяқ жауынгер» атты повестері арқылы әскери тақырыпқа қалам тербеген санаулы қазақ жазушыларының бірі. Сондай-ақ тарихи тақырыпқа да қалам тартып, «Рақымсыз көктем», «Қалмақтан қашқан Қыстаубай» тәрізді туындыларын жазды. Жазушының прозалық шығармалары белгілі бір ойға құрыла отырып, шымыр жазылуымен назар аударады.

Н.Ақыш әдебиеттанушы ғалым әрі әдебиет сыншысы ретінде да қазақ романдарын тарихын ұлттық тәуелсіздік идеясы тұрғысынан зерттеп, ғылыми айналысқа түсірумен шұғылданып жүр. Ол – «Құрмет» орденінің кавалері, жастардың «Жігер» фестивалінің, Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі конкурсының, халықаралық «Жамбыл» сыйлығының жүлдегері, Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданының Құрметті азаматы.



**Ұлықбек Есдәулет (1954 жылы туған)** – қазақтың белгілі ақыны, журналист. Ұлықбек Оразбайұлы Есдәулет 1954 жылы 29 сәуірде Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Үлкен Қаратал ауылында туған. 1977 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірді. Ол «Қанат қақты», «Жұлдыз жарығы», «Алтайдың алтын тамыры», «Ұлыстың ұлы күні», «Ақ керуен», «Жаратылыс», «Жүректегі жарылыстар», «Алтай асулары», «Заман-ай», «Киіз кітап» т.б. кітаптарының; «Ахиллестің өкшесі» өлеңдер жинағының; 5 томдық шығармалар жинағының, «Ынтық зар», «Әбілхаят» авторы. «Семей-Невада» қозғалысының әнұраны «Заман-ай» әні сөздерінің авторы. Ақынның шығармалары бірнеше шет тілдерге аударылған. Үнді, түрік, украин, әзірбайжан, қырғыз, абхаз, монғол, және басқа халықтардың ақындарының өлеңдерін; сондай-ақ, М. Лермонтовтың, А. Блоктың, және т.б. бірқатар ақындар шығармаларын қазақ тіліне аударған. Бүгінгі күні  Қазақстан Жазушылар Одағы Басқарма төрағасы. Түркі әлемінің әдеби журналдары конгресі Тұрақты кеңесінің мүшесі.

*Ұлықбек Есдәулет*

## ӨСКЕМЕН ТУРАЛЫ ЖЫР

*Көтеріп туын шығыстан,*
*асығып атса күміс таң,*
*От өріп екпініменен*
*төсінен асқақ жыр ұшқан....*
*Сапардан қайтқан тырналар танымай қалса – кешірім,*
*Шаһар бұл түлеп жататын балапан үйлер бесігі.*
*Жайқала жасыл желегі қала бұл алау таңдарға*
*Айқара ашқан есігін.*
*Соғады самал Алтайдан,*
*Бұлттарды нұрға қоса өрлеп,*
*Кестелі ақша орамал орайды тұр бабасын кеп.*
*Күн бойғы қызу жұмыстан бусанып жатқан өлкенің*
*Таңдайы құрғамасын деп.*
*Жырласам шығыс шынарын,*
*көңілде шалқар шалқып көл,*
*Көкірегіме орнайды керіліп барлық барқыт бел.*
*Қарасам бүгін қалама комбинаттағы кендердей*
*Ағыл да тегіл шабыттан кетемін дәйім балқып мен.*



Ертіс көпірі. Өскемен қ.



**Бауыржан Жақып (1963 жылы туған)** – ақын, әдебиеттанушы ғалым. 1963 жылы 1 мамырда Абай ауданы, Аққора ауылында туған. Филология ғылымдарының докторы, профессор.

Ол 200-ден астам ғылыми еңбектің, әр жылдары жарық көрген «Аудитория», «Баспалдақтар», «Бір кеменің үстінде», «Парус времени», «Аралым – арым, Балқашым бағым», «Көзімнің нұры», «Айдындағы аспан», «Ақ лақ», «Қызыл қайың», «Абайдың Қасқабұлағы», «Еліккөрген», «Менің далам» т.б. кітаптарының авторы. Шығармалары орыс, түрік, украин, македон, түркімен, қырғыз тілдеріне аударылған.

1999 жылы «Дарын» мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанса, 2004 жылы Бакуде өткен Бүкіл түркі дүниесі ақындарының 11-ші «Хазар шеир ақшамдары» фестивалінің лауреаты, 2007 жылы Түркияда Елазығ шаһарында өткен әйгілі жазушы Шыңғыс Айтматовқа арналған түркі дүниесі ақындарының 15-ші «Хазар шеир ақшамдары» фестивалінің дипломанты болды. Македонияның Скопье, Косованың Приштина қалаларында өткен бүкіл түркі дүниесі ақындары фестивалінің лауреаты (2007).

«Құрмет» орденінің иегері. Президенттік стипендия иегері (2016). «Мәдениет саласының үздігі», «Мәдениет қайраткері» төс белгісілерімен марапат талған. Қазақстан Жазушылар Одағы Басқарма төрағасының орынбасары (2018).



**Жанат Әскербекқызы (1966 жылы туған).** Жанат Әскербекқызы 1966 жылы 1 қаңтарда Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Қарасу ауылында дүниеге келген. Ақын, филология ғылымдарының докторы. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

Шығармашыл жастардың республикалық «Шабыт» фестивалінің Гран-при жүлдегері (1999), Президент стипендиясының иегері (1999), Қасым Аманжоловтың 90 жылдығына арналған республикалық жыр мүшәйрасының жүлдегері. Орыс ақындары М. Лермонтовтың, Н. Гумилевтің, жапон ақыны Сайгёнің, тәжік ақыны Фарзонаның өлеңдерін қазақ тіліне аударған. «Ғарыш билер ғұмырымды», «Қаракөз бұлақ», «Қаңтардағы қызыл гүл», «Көктүріктер әуені», «Қаз қанатындағы ғұмыр» т.б. жыр жинақтарының авторы.



**Топтық жұмыс!**

**Сабақты бекітуге арналған сұрақтар**

1. Оралхан Бөкей туралы не білесіңдер?
2. Сыныптасыңмен жұптасып бала Оралханға хат жазыңдар.
3. Қалихан Ысқақтың қандай туындыларын білесің?
4. Мәтінді тыңдап, Аққабаны суреттейтін сөздерді топтастырыңдар.
5. Өзен туралы жазған басқа қандай ақын-жазушыларды білесіңдер?
6. Қатонқарағай  ауданындағы белгілі жер атаулары туралы айтып беріңдер.
7. Серік Ғадоллаұлының «Өскеменім» өлеңіндегі негізгі ой, ақын идеясын айт.
8. Ұлықбек Есдәулеттің шығармашылығымен танысып, мектеп газетіне Ұлықбек туралы мақала жазыңдар.
9. Ұлықбек Есдәулеттің «Өскеменім туралы жырындағы» жасыл желек сөзі нені меңзейді? Өз қалаңның табиғат лирикасын суреттеген тағы қандай ақын-жазушыларды білесіңдер?
10. Бауыржан Жақыптың «Қайнарым»  өлеңін сатылай кешенді талдаңдар.
11. Жанат Әскербекқызының шығармашылығын тыңдап, топпен постер құраңдар.
12. «Ауылдан аттанғанда» өлеңін оқып, «Туған жер – алтын бесігім» тақырыбының аясында эссе жазыңдар.

*Оралхан Бөкей*

## КҮЗЕУДЕ
### (очерктен үзінді)

...Семейден шыққанымызда, әдеттегідей, күн шайдай ашық. Шүйкедей бұлтсыз аспан, сол аспанмен аймаласқан бұдырсыз дала, сол даланың бетін таспадай тілген тақтақ жол көз ұшында бұлдырланып көрінетін көкжиекке сіңіп кеткен. Осынау ұшы-қиыры қарап тауыса алмас шалқар кеңістіктің, шексіздіктің арасында домаланған жалғыз ноқат, біз мінген машина, айдында адасқан ескексіз қайықтай қараңдайды. Биылғы суалып қалған аспан, сол қаңсыған алып қазандай төңкерілген аспанды жамбастай жүзген Күн күллі Әлемді өртеп жіберердей шақыраяды, жарықтық. Даланың қазіргі дидары – аса кеспірсіз, жылдар бойы қағылмаған шаң-тозаңнан арылмаған текеметтей, күн сәулесі жеп бозамықтанып жатыр-ай... Қарап тұрып қарын ашытып, қарап тұрып өз-өзінен жылағың келетін дүниенің бұл сиқы, ермек іздеп еріккен жолаушыға ғана солай көрінер де жер емшегін емген еңбеккеріне ертектегідей еді. мұрындарына су жетпей, қылышын сүйреп келер қысқа дайындалған қыр қазақтары, биылғы құрғақшылықты сылтау етіп, қол қусырып қарап отырған жоқ. Тәңірден де, табиғаттан да әбден көңілі қалған олар, «не де болса көріп алдық» тәуекелмен әр бұта, әр қоға, жылға-сайларға үркіп шыққан шөпті ұстарамен қырғандай шауып, үйіп қойған. мүмкін азық-түлік деп аталар, адамдар қорегін көпіртіп айтар көп сөзділікті емес, дәл осы қыр қазақтарындай қауырт қимылмен жинауды жүзеге асыру ләзім шығар...

..Қыркүйектің басында да ұлы еңбек майданы саябырсымай, қайта қыс құрығы тақалған сайын үдей түскен мезгілде Көкпекті, Ақсуат, Аякөз, Шұбартау аудандарын араладық. Саға тауының сілемі аса қызғылықты, бөртек-бөртек, ұры сайлары мен ұрымтал жерлері көп бедерлі екен. Әр төбенің басында қарауыл тас немесе ескіден келе жатқан тас зираттар. Алыстан қарағанда вагоны ағытылып қалған паровоз секілді. Ал әлгі діңгек тастады жергілікті малшылар қалаған. Мүмкін қой жайып зерігіңкіреп отырғанда жасаған ермегі, бәлкім, сол тұста ел-жұрт, адам мекені бар деп орнатқан белгілері. Біз Айғыз өзекшесімен өрлегенде, сондай қарауыл тастың түбіне екі салт атты ұшыра- сып амандасып тұрды. Тегі, екі жақтан келген шопандар болуға керек. Жол бойымен үркіп өскен бұта, кетеуі кеткен жетім шилер ұшырасады. Ал әр жүз-екі жүз қадам сайын жонданып жатқан бөртектің ара-арасы сай, қаңсып қалған жылға, бір тамшы суға зар болып жылап тұрған тал-теректер.Бұл өңірде ит-құс қатты болады, – деді Аманкелді. Саға тауының басында арқарлар да бар, амал не, аңшылар тұқымын азайтып барады. Аң қалмай бара жатқан заманда «аңшы», «аңшылар қоғамы» дегендердің керегі бар ма? – деп едім, Ерлан: – Керек қой әзірше, – деп, менің сөзімді құптай қоймады. Саға тауы-

ның сілемдері сілтідей тынып жатыр. Оңтүстігі Таңсық, шығысы Абай атындағы, батысы Сарқамыс совхозы болып кете баратын Бөртекті жердің қазіргі қалпы наз бойы шаршап келіп, бір сәт мызғып жатқан батырдай әрі бейқам, әрі жуас та жұмбақты. Ертеңінде, расында да, өткінші жаңбыр жауып, жолдың да, жонның да шаңын басты. Біздің де, Амантайдың да машинасы сонау етекте қалып, қияға тырмыстық. алып қара тастың дәл бауыздау тұсынан мөп-мөлдір болып су ағады екен. Тастың қыр желкесі жүндес, ұйысып арша өскен. Қайнардың суы жазы-қысы бір-ақ температурада, қандай қатты аязда қатпайды. Ұрттап қалсаң сарайыңды ашар балдай тәтті, алмастай таза. Бұл қайнарды киелі суға балап, бұл өңірдің адамдары ақтық байлап кетеді екен. Жел соққан сайын желбіреген қызылды-жасылды шүберектер әлдебір жерден, әлдебір тарихтан әңгіме айтқысы келгендей қозғалақтайды. Сұлу судан біз де сыңғыта іштік.

*Дидахмет Әшімхан*

## АҚҚАБАНЫҢ ТОЛҚЫНЫ

Бәрі де күндегідей. Кешкілік алаң қағып, қара басы бір үйге сыйсайшы. Сосын сыртқа шығып, ұясына жарты құлаш қалған күнді батыра алмай сарғайды.Табаны тайғанап, оның да тау тасалаған жаңа ғана. Күн ұясына қонысымен Қарағайлыны лезде қараңғылық жайлап алатыны бар. Жалғыз үйді жан-жақтан қоршаған орман жақ қазір де әп-сәтте түнере қалған. Күндіз үй іргесінде жай ғана сарқырап ағатын Аққаба да енді барынша күркіреп, шулап жатыр...

...Күстана көңілге оралмайтын ой бар ма? Осындайда ол үнемі жамандыққа жақын тұратынын қайтерсің? Қазір де Алтынайға Нұрлыбек неше түрлі елестеп жатыр. Ол абайсызда аюға тап болып. арпалысып жатқан сияқты, ол шырқырап шыңнан құлап келетіндей, ол тұншығып тұңғиыққа батып бара жатқандай... Алтынайдың жүрегі кеудесін тепкілей жөнелді. Тұп-тұнық таза ауада жатса да, аптаптағы тымырсықтай тынысы тарылды. Түн өлі тыныштық құшағында. Тыныштық атулыға бас имейтін тек Аққаба ғана.

Алғашқы жылы Аққаба шынында, тым ғажайып еді. Су алғалы барғанда бұл балалығы ұстап, иірімге тас лақтырса, үйіріліп-айналып жатқан жап-жасыл жылымы жұтып жіберетін де, мазақтағандай күмбір-күмбір күлетін...

Алтынай орнынан қайта тұрғанда, өз үйі өзіне жат көрінді. ...Далаға шыққанда, жаңа ғана үйде қыбыр-қыбыр ұйқыдан тұрған Нұрлыбектің орманға аттанып бара жатқанын көрді. Бұл ауылға қарай созылған күре жолға түсті....

Аққабадан өткенде алдынан бір елік шыға келіп, үдірейе бір жағалай андыздай қашты. Соңында жұдырықтай жаутаң көз лағы, селтең-селтең етеді.



Шоқанов А.Т. Ақжар. Картон, майлы бояу. Шығыс Қазақстанның өнер мұражайы

*Нұрдәулет Ақыш*

## ЕСІМ ҚАЛАЙ КІШІПЕЙІЛ БОЛДЫ

Бұрын да естіп жүрген сөздері. Бірақ осы жолғы ескертулер шымбайына әбден батып-ақ кетті. Класс жиналысы деген оңай ма, бірге жүрген жолдастары жан-жағынан жабылып, қызартты-ау өзін. Қызармауға қайдан қойсын? «Үлкенді сыйламайсың, автобуста орын бермейсің», – деді Дана. «Ең бастысы – сенде кішіпейілділік жоқ. Бар әңгіме сонда болып тұр», – деді класс жетекші апай.

Есімнің тәртібін класс жиналысы осылай талқыға салды. Қарап отырса бәрінің айтқаны дұрыс. Неше рет түзелуге уәде беріп, орындамағаны да шын.

Дөрекі дегендері рас. Қалай да кішіпейіл болайыншы енді. Ондай мәдениеттілік неғып келмейді?» – деп ойлады қайтар жолда Есім.

Ертеңнен бастап өзін мықтап қолға алуға бекінді. «Жоқ, бүгіннен бастаймын, – деп ойлады Есім үйге жете беріп. – Қазір тамақ ішіп аламын да кішіпейіл болуға кірісемін».

Тамақтан кейін ол аулаға шықты. Велосипед теуіп ойнап қайтпақ. Біреуге кішіпейілділік жасау да ойында. Күнделікті сабақ сияқты оны да бірнәрседен бастағаны жөн-ау.

Таңертең ерте шешесі Есімді сүт әкелуге жұмсаған. Кезек үлкен екен. Сүт сататын терезеге таяп қалғанда, артындағы кезекке Есімнің көзі түсті. Сол кезде кезек соңында тұрған бір қарияны көрді. Ол көрші үйдегі таныс әжей еді. Балаға көзі түскен әжей жымиды да қойды. Есім әлденеге сәл-пәл ыңғайсызданып қалды. Өзінің мына кәрі кісіден бұрын сүт алып кеткені дұрыс емес емес сияқты көрінді оған. Сосын арт жақтағы кісінің қасына жетіп келді де:

– Әжей, сіз барып менің орныма тұрыңыз, ал мен сіздің орныңызда қалайын, – деді тақылдай сөйлеп. Кезекте тұрғандардың бәрі ду күліп жіберді.

– Жоқ, айналайын, менің уақытым бар ғой. Ал сен сабағыңнан қалып қоярсың. Рахмет ниетіңе, – деп, алғысын айтты қарт ана.

Ыдыстарын көтеріп, томпаңдап кетіп бара жатқан Есімге тұрғандардың бәрі қызыға қарады.

– Неткен кішіпейіл бала.

*Ұлықбек Есдәулет*

## АЛТАЙДЫҢ АҚ БОРАНЫ

Алтайдың ақ бораны
Алты күн тоқтамады.
Алты күн көлік – құстар
Қанатын қақпағалы.
Аядай аэропортта
Кеудеме от толады.
Алтайдың ақ бораны,
Толастап тоқтамады.
Шынымен бұл шіркінге
Адамның жоқ па амалы?
Алты күн елегізіп,
Күдерді менен үзіп,
Қойдың ба: «Жетпеді деп,
Боранды неге бұзып!»
Алтайдың ақ бораны,
Алтайдың ақ бораны...
Алты күн болған шығар
Жүрегім соқпағалы;
Сен мені «алдамшы» деп
Сыртымнан соттағалы,
Алты күн болған шығар...

*Бауыржан Жақып*

## ҚАЙНАРЫМ
### (толық нұсқасы)

Қайнарым, төңірегі гүлге оранған,
Өзінде сол гүлдердей тұнған арман.
Түкпірде болсаң-дағы сендей жерді,
Іздесем, таба алмаспын бұл ғаламнан.

Қоршаған жан-жағыңды тауың қандай,
Аршадан әшекейін тағынғандай.
Тастарың жеті бояу сіңіріп-ап,
Қынадан қалың кілем жамылғандай.

Қайнарым, таудан аққан қайнар бұлақ,
Құшағын перзентіне жайған бұлақ.
Сен егер судан құрап ән шығарсаң,
Өлеңді мен жазамын ойдан құрап.

Қайнарым, сенсің мені шабытты еткен,
Жаңбырың беттен сүйді жауып көктен.
Мен бүгін іздеп келдім атқа мінген
Іздерді ата-бабам  салып кеткен.

Қайнарым, таудан аққан тасқын ба едің,
Өмірдің мен де талай астым белін.
Тағдырдың жазуымен жесір қалған
Әжемнің іздеп келдім жас күндерін.

Бар ма еді маған берер тәбәрігің,
Уақыттың өлшеместен аралығын.
Төсіңнен іздеп келдім жетім өскен
Әкемнің сенде қалған балалығын.

Бала кез мен де саған жуынғанмын,
Сонан соң ақын болып туылғанмын.
Мен сенің қарыздармын әр тамшыңа,
Тамшыңнан өмір мәнін ұғынғанмын.

*Жанат Әскербекқызы*

## ТАРБАҒАТАЙЫМ

Сағым жөңкілген белім аман ба,
Жалпақжұрт – жайлау –
төрім аман ба?
Аңыз боп жеткен ата қонысым -
Қос Арғанаты, желің аман ба?

Ынтызар едім желіңе бұла,
Демеу жетпей жүр деміме мына.
Кеудемді жарған керімсал өлең
Тіріге – сәлем, өліге – дұға.

Сағынышты әннің сазы бар ма екен,
Сазынан шерім жазылар ма екен,
Қаңқылдап ұшқан қараша қазы
Қамыққан үннен наз ұғар ма екен?!
Сарғайып қалған санамда кірбің,
Қолыма ұстаған қаламда кіл мұң,
Жалғанда жапа шегумен жаным
Жалғыздық дейтін аралда жүрмін.

Қабағын бағып керден зәбірдің,
Жайсаңдар жайлар төрден
қағылдым.
Тарбағатайым – тәу етер жерім,
Топырағыңнан өнген дәніңмін.



Аманжолов М. Ауылда. Картон, майлы бояу. Шығыс Қазақстанның өнер мұражайы

# § 12 ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТАЛАНТТАРЫ

**Сендер бұл сабақта:**

✎ туған жердің жыршы-термеші, әнші және сазгерлерінің шығармашылығы туралы әңгімелейсіңдер.

*Түйін сөздер: жыршы, термеші, әнші, күйші, композитор.*

**Зерттеуге арналған сұрақ!**
***Халық музыкасы кәсіби композиторлар шығармашылығының іргетасы бола ала ма?***

Дәстүрлі музыка – ұрпақтан ұрпаққа берілетін музыкалық мұра. Ол әнші-композиторлар мен күйші-композиторлардың туындылары. Жыршы – эпостар мен аңыздарды орындайды, халық шығармашылығының бір бөлігі.



К.Р. Кадырбеков «Домбыра туралы поэма». Триптих. 1996. Кенеп, майлы бояу. Шығыс Қазақстанның өнер мұражайы

Шығыс Қазақстанның жыршысы. Жыршының дарыны сан қырлы. Оның еске сақтау қабілеті ерекше, музыкалық аспапты меңгерген, әңгімешінің шеберлігі, әртістік қабілеті бар. Эпос немесе аңызды жырлаған кезде жыршы музыка мен сюжеттік бұрылысты және өзі шығарған поэиялық үзінділерді қосады. Шығыс Қазақстанда Шәкір Әбенов сынды ерекше жыршы болған. Ол 1900 жылы Абай ауданында дүниге келген. Жыршылық өнерімен қатар, ол айтыскер ақын, әрі отыздай ән мен үш ішекті домбыраға арналған жиырмадай күйлердің авторы. Өзінің алғашқы өлеңдерін он бес жасында жариялаған.

Араға жиырма жыл салып, жыршының аузынан «Қозы Көрпеш пен Баян сұлу» жырының бір нұсқасы жазылынып алынды. Бізге жеткен барлығы он үш нұсқаның ішінен Ш.Әбеновтың нұсқасы үздіктердің қатарында. Сонымен бірге жыршының репертуарына «Еңлік Кебек» дастаны да кіреді. Дастан Еңлік ару мен Кебек батырдың ғашықтық тарихын баяндайды. Қос ғашықтың рулары тобықты мен арғындар арасындағы жауласу ғашықтардың өліміне әкеп соғады. Бұл екі дастанның оқиғалары Шығыс Қазақстан жерінде болған. Шәкір Әбенов бұл жырларда ғашықтардың адалдығы мен қайсарлығын баяндаған.



Макаров Г.Е. Еңлік Кебектің жазасы. 2014. Кенеп, майлы бояу.
Суретшінің жеке қорынан

Жазушы Мұхтар Әуезов «Еңлік – Кебек» аңызы негізінде театрға арналған өзінің тұңғыш пьесасын жазады. Бұл пьеса Қазақстан композиторларының назарынан да тыс қалған емес. Композитор Светлана Апасова Жамбыл атындағы облыстық драма театрымен бірлесіп жұмыс істеу барысында, «Еңлік-Кебек» спектакліне музыка жазған. Кейін, бұл шығармасы симфониялық сюитаға өзгертіліп жазылады. Сюита қарама-қарсы сипаттағы 5 бөлімнен тұрады. Мұндағы трагедиялық шиеленіскен образдармен нәзік, қаперсіз образдар алмасып отырады. Светлана Апасова қазақ әуенін нәзік сезеді, және музыкасының осы қасиетін тыңдаушылар мен әріптестері жоғары бағалайды.

**Шығармашылық тапсырма!**

**Тыңдаңдар: С. Апасованың «Еңлік – Кебек» симфониялық сюитасының 2 бөлімі.**

**Шығыс Қазақстанның әншілері.** Ән айту – өнердің ең көне түрі. Уақыт өте келе, әнші мамандығы үлкен өзгерістерге ұшырады. Заманауи кәсіби әнші ән шығармайды, ол – өзінің вокалдық шеберлігін ұштайды. Мәтіннің мазмұнын ашу, интонация, мимика, дыбыстың түрлі бояуы, техникалық тәсілдер арқылы музыканы өз түсінігі бойынша жеткізу – осының барлығы вокалдық өнер деп аталады.



Қазақ әншілерінің ішінен Әміре Қашаубаев ғажайып вокалдық қабілетімен ерекшеленген. Оның биік те ашық дауысына дыбыстың күштілігі де қосылған. Әнші әндегі дыбыстарды ұзақ созатын кездерін өзінің кең тынысымен еркін орындайтындығы замандастарын таңғалдырған. Әміре қазақ әншілерінің арасынан тұңғыш боп шетелде ән салған. 1925 жылы Париждегі Халықаралық көрмеде ол екінші орынды иеленді. Екінші рет шетелге ол 1927 жылы немістің Франкфурт-на-Майне қаласына барады. Әншінің репертуарында «Үш дос», «Қанапия», «Балқадиша», «Ағаш аяқ», «Жалғыз арша», «Дударай» т.б. әндер болған. Оның жеті әні сол кездегі дыбыс жазатын құрылғы фонографқа жазылып алынған. Көптеген жылдары бойы олар жоғалып кеткен деп саналды. Әміренің шығармашылығын зерттеуші Жарқын Шәкәрім осы жеті әнді Мәскеу мұрағатынан тауып, Отанымызға қайтарды.

Оның Әміре Қашаубаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы зерттеу жұмыстарының нәтижелері қазақ және орыс тілдерінде шыққан бірнеше кітаптарға арқау болды. 2017 жылы Ж.Шәкәрімнің «Әміре Парижде» атты кітабы жарыққа шықты. Осы кітаптың негізінде американдық режиссер Джефф Веспа «Әміре» атты фильм түсірді.




**Шығармашылық тапсырма!**

**Әміренің орындауында «Балқадиша» әнін тыңдап, әншінің дауысына сипаттама беріңдер.**

**Сөздікпен жұмыс!**

**«Вокал» сөзі** – латынша vocalis – зор дауысты, ашық дауыс.
**Дуэт** – екі аспапқа немесе екі дауысқа арналған шығарма.

**Есте сақтаңдар!**

**Әнші дауыстарының түрлері:**
**Ерлер дауысы – тенор, баритон, бас. Әйелдер дауысы – сопрано, меццо-сопрано, контральто.**



Әнші мамандығы уақыт өте келе түбегейлі өзгеріп отырған. Қазақ даласындағы киіз үйдің ішінде ән салудың орнына, концерттік зал немесе опера театрында ән айту дами бастады.

Вокалистің репертуары әлемдегі түрлі елдердің композиторларының арияларымен күрделенді. Қазақстандағы опера әншілерінің алғашқы қарлығаштары деп Ришат пен Мүсілім Абдуллиндерді атауға болады.

Табиғат жомарттықпен екеуіне де керемет дарын сыйлаған: Мүсілімге – ерекше жұмсақ лирикалық тенор, ал Ришатқа – күшті қоңыр баритон. Ағайындылардың дауыстары бір-біріне жарасымды сәйкес болғандықтан, олар Қазақстанда тұңғыш рет вокалдық дуэтпен айтқан. Екі ағайынды да Мәскеуде керемет музыкалық білім алып, Алматыдағы Абай атындағы опера театрында солист болып қызмет етті. 1944 жылы Ришат Абдуллин А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай» операсында Абайдың рөлін тұңғыш сомдаған. Осы кезден бастап театрдың кезеңашарында осы опера орындалып отырады. Бүгінгі таңда Өскемен қаласындағы Шығыс Қазақстан өнер училищесі Халық әртістері ағайынды Абдуллиндердің есімімен аталады.



Шығыс Қазақстанда – Семей жерінде дүниеге келген әншілеріміз Бибігүл Төлегенова мен Розы Рымбаеваның есімдері даңққа бөленген. Бибігүл Төлегенова кәсіби шыңдарды меңгеріп, атақты опера әншісі болды. Ол жеңіл, иілгіш әрі жоғарғы «сопрано» дауысымен ерекшеленеді. Әнші тамаша вокалды техникасын пайдалана отырып, шығармаларды шынайылықпен, жүрекпен терең бойлап орындайды. Опера әншісінің Абай атындағы опера театрында сомдаған ең жарқын бейнелері – Е. Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсындағы Қыз Жібек, М. Төлебаевтың «Біржан мен Сара» операсындағы Сараның, Ғ. Жұбанованың «Еңлік-Кебек» операсындағы Еңліктің образдары болып келеді. Итальяндық композитор Дж. Вердидің «Травиатта», «Риголетто» операларындағы Виолетта мен Джильданың бейнелері есте қаларлықтай болды.

Классикалық музыка мен операны күнделікті өмірде тыңдай бермейміз. Бір жағынан осы тектес музыкамен кездесу мерекеге ұласады. Екінші жағынан қарасақ, байсалды музыканы тыңдағанда, ол тыңдарманнан ой еңбегі мен эмоциялық әсерді талап етеді. Камералық және эстрадалық музыка шағын болып келеді. Алғашқы камералық концерт бөлме ішінде өткізілген екен. Қазіргі кезде ол үлкен концерттік залда орындалады. Эстрадалық музыка адамның көңілін

көтеру және демалуы үшін қызмет етеді. Шығыс Қазақстанда елімізге танымал көптген камералық және эстрадалық бағыттағы әншілер туған.



Роза Рымбаева – қазақ эстрадасының ең көрнекті жұлдызы, ұстаз, беделді тұлға. Сырт бейнесінің нәзіктігіне қарамастан, Роза Рымбаеваның дауысы әсем де күшті, әрі тынысы кең болып келеді. «Әлия», «Цвети, Земля», «Любовь настала» сияқты әндерді әншінің орындауында бір рет естіген болса, оларды ұмыту мүмкін емес. Жиырма жасында Р.Рымбаева әлемдегі абыройлы байқауларды сенімді жеңіп, Қазақстанның эстрадалық өнерін жоғарғы деңгейге көтере білді. Әншінің репертуарында ерекше ән бар. Ол композитор Т.Мұхамеджанов пен ақын Ұ. Есдәулетовтың «Заман-ай» әні. Әннің түпкі ойы композитор және қоғамдық-саяси қайраткер, «Невада-Семей» ядролық қаруға қарсы қозғалыстың белсенді мүшесі Төлеген Мұхамеджановтікі болған еді. Әнді тұңғыш рет полигонда тұрған жергілікті халық орындап, жүректерінен орын табады. «Заман-ай» әні XX ғасырдағы қазақ халқының қайғысының символына айналды. Бұл әнді орындау арқылы, Роза Рымбаева жерлестеріне болашаққа деген сенімдерін ұялатты.



**Шығармашылық тапсырма!**

**Роза Рымбаеваның орындауында Т.Мұхамеджановтың «Заман-ай» әнін тыңдаңдар. Әннің мәтінін негізге ала отырып (электронды қосымша), әннің мазмұны туралы айтыңдар.**



Біздің облысымыздың өнер сүйер қауымы баритон дауысты әншілер – Вячеслав Ткач пен Нұрлан Көшеровты жоғары бағалайды. Олар классикалық шығармалармен қатар халық және заманауи әндерді орындайды.



Талантты әншілер әншілікпен қатар педагогикалық қызметті қатар алып жүр. Мысалы, Нұрлан Көшеровтың вокалдық сыныбында Абай атындағы опералық театрдың әншілері М. Чотабаев, Т. Рахымбаев, Г. Сакышева және Д. Жолдыбаев оқыған.

**Шығармашылық тапсырма!**

**Оркестрді А.Галсановтың басқаруымен В.Ткачтың орындауындағы композитор Винченцо ди Кьяраның «Испан болеросын» тыңдаңдар.**

**Сөздікпен жұмыс!**

**Болеро** – жұптардың жеке шығып шығып билейтін, испан ұлттық биі. Гитараның, кастаньеталардың, бишілердің әнімен сүйемелденеді.



Кәсби әншілерден басқа, облысымызда тума таланттарымыз да көптеп кездеседі. Осы тектес дарын иелері халық дәстүрін заманауи жағдайда жалғастырып жүр. Тұрсынғазы Рахимов Ақан сері, Біржан, Естай, Абай сынды дәстүрлі әншілердің әндерін нақышына келтіріп орындаған. Ол К.Байсейітова, Естай атындағы, «Саз серілері» сияқты байқаулардың жеңімпазы, М.Мақатаев атындағы жүлденің иегері. Дәстүрлі әндерді орындай отырып, Тұрсынғазы Рахимов өзі де осы тектес әндерді жаза бастады. Композитор қаламынан шыққан елуден астам лирикалық әндері табиғат сырын, жастық шақты, махаббатты жырлап, өмір туралы толғандырады. Т. Рахимовтың танымал әндерінің қатарында – «Дариға, домбырамды берші маған», «Отыздан асып барамын», «Аягөз ару». «Мен сені сағынғанда» және тағы басқа әндері бар. Мұқағали Мақатаевтың сөзіне Т.Рахимов оннан астам ән жазған. Соның бірі «Сәби болғым келеді» әнін тыңдаңдар.



Болат Сыбановтың дарыны музыкалық және актерлік таланттарды біріктіреді. Семей қаласының Абай атындағы музыкалық драма театрының сахнасында ондаған жылдар өнер көрсеткен. Театр актері ретінде М. Әуезовтың «Айман – Шолпан», З.Әкішевтің «Жаяу Муса», Ғ. Мүсіреповтың «Қыз Жібек» спектакльдерінде және т.б. жүзден астам образдарды сомдаған. Музыкалық білімі болмаса да, ол домбыра, фортепиано, гармонь аспаптарында жақсы ойнаған. Композитордың шығармашылық мұрасында отыздан астам әндері бар: «Ақ бұлақ», «Ғашықтар термесі», «Таң самалы», «Жан ана», «Әке туралы» және тағы басқалары. Болат Сыбановтың әндерін тек Қазақстанда ғана емес, Турция, Швеция, Германия, Моңғолия мен Қытайда тұратын қазақтар біліп, қадірлейді, әрі концерттерде жиі орындалады.

Б. Сыбановтың «Жайна, Семей» әніне бейнебаян көріңдер:
https://www.youtube.com/watch?v=doRdC65Ssro

**Шығыс Қазақстан композиторлары.** Композитордың өмірге, әлемге деген көзқарастары, сезімдері, оның шығармаларының мазмұнынан көрініс табады. Бізбен қатар өмір сүріп, барлығымыз көрген оқиғалардың куәсі болып келетін замандас композиторлардың жазған музыкасы әлдеқайда қызығырақ болып келеді. Себебі, қазіргі заманда жазылған шығармалардың әрбір нотасынан біз шындық бейнесін көреміз.



Т.Базарбаев, О.Джанияров, М.Рахымбаев, Х.Тегерменджи (солдан оңға қарай)

Композитор мамандығы күрделі әрі сирек кездесетін мамандық. Талант пен шабыт – музыкалық шығармаларды жазу шығармашылық сәтінің серігі болып келеді.

XX ғасырдың 70 жылдары өңірімізде тұратын Қазақстан композиторлар одағының мүшелері бірігіп Ертіс өңірлі бөлімшесін құрған еді. Мұнда әр жылдары Теміржан Базарбаев, Мәуліт Рахимбаев, Олег Джанияров, Светлана Апасова және Ләззат Жұманова сынды композиторрлар белсенді қызмет етеді. Аға буынды композиторлар Мәуліт Рахимбаев пен Олег Джанияров Абай мен Шәкәрімнің әндерін өңдеу, әуендерін өз шығармаларына қосу арқылы олардың шығармашылықтарын белсенді түрде насихаттанған композиторлар болып табылады.

Теміржан Базарбаев халық арасында әндерімен танымал. Композитордың қаламынан 200-ден астам әндер мен романстар шықты. Солардың ішіндегі ең әйгілісі Ж. Бейсеновтың сөзіне жазылған «Ауылым» әні. Бұл әнде авторлар туған үй мен туған жердің әсем табиғатын жырлаған. Вальс ырғағында жазылған жалынды, әрі сырлы ән композиторға халықтың сүйіспеншілігін ала келді. Осы әнді тұңғыш орындаған, жерлесіміз, әйгілі баритон Ришат Абдуллин болды.

**Шығармашылық тапсырма!**

**Т. Базарбаевтың «Ауылым» атты әнін тыңдап, кесте толтырыңдар.**

| Шығарманың атауы: | |
|---|---|
| Музыка тілінің элементтері: | Жауаптардың нұсқалары: |
| Әуен | вокалдық, аспаптық,шырқалып айтылатын, речитативті. |

| | |
|---|---|
| Ырғақ | бір қалыпты, үзік-үзік |
| Лад | мажор, минор |
| Екпін | жылдам, орташа, баяу |
| | |

**Сөздікпен жұмыс!**

**Сюита** – бір ойға біріктірілген түрлі сипаттағы пьесалардан тұратын музыкалық шығарма.



Оркестрге, бір немесе бірнеше аспаптарға жазылған музыка – бұл музыка өнерінің ерекше жанрлары. Олар музыканттардың кәсіби деңгейін анықтайды. Алғашында камералы музыка шағын тыңдармандар алдында орындалған. Ол талғампаз, әрі жан толғандырады, мұндағы әрбір музыкант маңызды. Оркестрге арналған музыка керісінше, үлкен ұжымның ретті бірігуін көрсетуі тиіс. Осындай жанрларға қызығушылық танытып жүрген өлкеміздің жас композиторлары Лəззат Жұманова мен Ольга Юлтыева. Л. Жұманованың «Наурыз», «Тұлпар» сияқты симфониялық пьесалары Гаухар Мырзабекова жетекшілік ететін «Камерата Казахстана» атты əлемдік деңгейдегі ішекті аспаптар оркестрінің репертуарына кірген. Ольга Юлтыеваның қазақ халық аспаптар оркестріне жазған «Башқұрт биі» шығармасы Республикалық кəсіби композиторлар байқауында ерекше аталынып өтті.



**Топтық жұмыс!**

**Л.Жұманованың камералық оркестрге арналған «Наурыз» пьесасы, О. Юлтыеваның «Башқұрт биі» шығармаларынан үзінді тыңдап, алған əсерлеріңді əңгімелеңдер.**

**Шығармашылық тапсырма!**

**Параграфта ұсынылған музыкалық шығармалардың біріне иллюстрациялық сурет салыңдар.**

# ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

# ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

# ГЕОГРАФИЯ

**СЕНДЕР ТАНЫСАСЫҢДАР:**

– облысымыздың бірегей табиғи және тарихи ескерткіштермен;

– кіші Отанына, мұқтаж адамдарға тегін көмек көрсететін замандастармен;

– өлкеміздің бірегей жануарлары және өсімдіктері әлемімен.

**СЕНДЕР БІЛЕСІҢДЕР:**

– сендердің мектептеріңнің негізін қалаған адамдар туралы;

– қалаң мен облыс тарихын білудің маңызын;

– газет-журналдың көмегімен туған өлкеңнің тарихын қалай танып-білуге болатынын;

– өлкемізде жануарлар әлемінің қандай түрлері мекен ететіндігін

**СЕНДЕР ҮЙРЕНЕСІҢДЕР:**

– туристік маршруттарды алдын ала жоспарлап, құрастыруды;

– энциклопедиялар мен электронды сөздіктерді жасауды;

– «Қызыл кітап» маңызын түсіну және Шығыс Қазақстанда мекен ететін қандай жануарлардың енгізілгенін.

# 7-сынып



А. Степанов. «Зырян. Таудағы қыс мезгілі». 2000. Кенеп, майлы бояу.
Суретшінің жеке қорынан

# § 13. ТУРИСТІК МАРШРУТТАР



**Сендер бұл сабақта:**

- туристік маршруттарға түсінік бересіңдер;
- қарапайым туристік маршруттарды құрастырасыңдар.

*Түйінді сөздер: туристік маршрут, туризм.*

**Зерттеуге арналған сұрақ!**
***Туристік маршрутты құрастыру үшін не білуіміз керек ?***

Туған жердің тарихы және табиғатымен танысудың бір жолы **туризм**. Туризм дегеніміз – тұрғылықты мекеннен тыс жерлерге саяхат жасау.

Туризмнің әртүрлі нысандары және көптеген танымдық мүмкіндіктері бар. Адамдар саяхатқа шыққанда уақытты пайдалы жұмсауға тырысады. Яғни баратын жерлерін және оған кететін уақытты нақты анықтап алады. Сөйтіп туристік бағыт қалыптасады.

**Туристік маршруттар** қозғалыс бағытының қалай ұйымдастырылғанына байланысты типтерге бөлінеді:




| | | |
|---|---|---|
| Шығатын жерінен бастап, сапардың межеленген нүктесіне дейінгі аралықта экскурсиялар іске асырылады. Мұндай нұсқа өздеріне ұнаған аймақта қалуды қалайтындар үшін ыңғайлы. | Маршруттағы бір пунктке экскурсиямен бару немесе белгілі бір елді мекенде түнеп, маршруттық бағдардың басталуына міндетті түрде қайта оралу арқылы экскурсия жасау. | Маршруттың басынан аяғына дейін жоспарланған экскурсиялық пункттерді аралау. Саяхаттау барысында экскурсия орындары қайталанбайды. |

**Туристік бағыттардың түрлері:**

– Жаяу жүру – бұл белсенді спорттық режим түріне жатады.

– Тақырыптық – экскурсиялық-танымдық, ақпараттық-білім беру, экология-лық-тәрбиелік маршруттар түрі.

– Дене шынықтыру және сауықтық – сауықтыру бағдарламасымен спорттық бағдарламалардың үйлесуі.

– Үйлестірілген – маршрут нұсқасын ескере отырып, жоғарыда аталған барлық түрлердің үйлесімі.

## «ӨСКЕМЕН – МҰЗТАУ» МАРШРУТЫ







Біздің жол Өскемен қаласынан басталады. Автотрассамен Катонқарағай мемлекеттік паркіне барамыз.

Бұқтырма өзені бойындағы қазақтардың көшпелі жазғы тұрағы – Күміс ауылында аялдаймыз. Мұнда киіз үйге кіріп, көшпелілердің дәстүрлі қымыз дайындау мәдениетімен танысамыз.

Содан кейін біз бірегей сұлулығымен ерекшеленетін – Рахман қайнарлары көліне жол тартамыз. Бұл көл Қазақстан, Ресей және Қытай шекараларының қиылысынан алыс емес. Алтай тауларының жүрегінде, теңіз деңгейінен 1760 метр биіктікте орналасқан.

Бұдан әрі біздің маршрутымыз Көккөл сарқырамасын жанай өтетін суы сүттей аппақ Ақ Берел өзенінің бойымен жалғасады. Көккөл – Қазақстандағы және Алтайдағы ең үлкен сарқырама, оның биіктігі 82 метрді құрайды.

Рахман қайнарларынан Катонқарағайдың бірегей елді мекені болып саналатын Берелге жол тартуға болады. Мұнда тарихи маңызы бар, басқалардан ерекше Берел қорғандары орналасқан. Қалпына келтіріл-

ген ежелгі билеушілердің жерлеу ғұрпы көрсетілген қорғанды археологтар мұражайға айналдырған.

Біз Жылы деп аталатын көлге барамыз, өйткені таулы жерде орналасқанына қарамастан, бұл көлдің суы шынымен өте жылы.

Келесі кезекте Мұзтауға бағыт аламыз. Мұнда буддистер аңызына сәйкес бұлттан биік, Шамбала деп аталатын әулиелер елі бар. Ұлы Будда – Гаутама көктен осы жерге түсіп, Үндістанға сапар шеккен. Мұзтаудағы көлдер және сарқырамалардың сұлулығына сүйсіне қарап алып қайтадан сапарымызды жалғастырамыз.



Мұзтаудың көрінісі

**Ойланыңдар!**

**Ұсынылған бағдар бойынша нені білуге болады? Уақытты мейлінше тиімді пайдалану үшін саяхатқа қалай дайындалуға болады?**

**Шығармашылық тапсырма!**

**Маршрутта өзіңді қалай ұстау керектігі жөніндегі туристің ережесін құрастырыңдар.**

## ЖИДЕБАЙ МҰРАЖАЙ-ҮЙІНЕ ТУРИСТІК ЭКСКУРСИЯ. (СЕМЕЙ – ЖИДЕБАЙ МАРШРУТЫ)

Біз сапарымызды Семей қаласынан бастаймыз. Жидебайға дейінгі арақашықтық Семей қаласынан 180 шақырым. Біздің жолымыз Шығыс Қазақстанның байтақ даласынан бастап, Шыңғыстаудың аласа тауларына дейін әкеледі. Мұхтар Әуезовтың сипаттауы бойынша шеті мен шегі жоқ далада аласа төбелер және тастар арасында бұлақтар кездеседі. Жидебайға жақындағанда далалық келбеті аласа төбелермен алмасады.








Жидебай мұражай – үйі 1945 жылдан бастап Семейдегі Абай Құнанбайұлының әдеби – мемориалды мұражайының бөлімшесі ретінде жұмыс істеген. Ақынның 100-жылдығына орай Жидебай қыстауы Мұражай-үй ретінде жұмыс істей бастады. 1995 жылы Жидебайда Абайдың 150 жылдық мерейтойына арналған алып мемориалды кешен тұрғызылды. Мемориалдық кешен авторлары алматылық Бек Ибраев бастаған архитекторлар тобы болды. Мемориалдың мұнаралары тас платформада үш деңгей – өткен, қазіргі шақ және болашақты білдіретін қалыпта орналастырылған.

Мұражайдың 8 бөлмесі мен 3 залына Абайдың достары мен туыстары тапсырған заттар орналасқан. Олардың ішінде араб, парсы, орыс тілдеріндегі кітаптар, фотоқұжаттар, Абайдың үш ішекті домбырасы, күнделікті тұрмыста қолданған заттары бар. Ғимарат өзінің алғашқы архитектуралық келбетін сақтаған. Мұнда Абайдың жер аударылған достары – Михаэлис, Долгополов, Лобановскийдің фотосуреттері бар.

Мұражайда Абай өмір сүрген уақыттың атмосферасы сақталған,

Жидебай қыстауының тарихы көрсетілген. Алдыңғы бөлмеде Абайдың ата-бабасының шежіресі берілген. Ақынның жұмыс бөлмесі оның шығармашылық рухын әйгілеп тұрғандай. Ақын өлеңдері мен әндерін осында отырып жазған. Бөлменің ортасында аласа дөңгелек үстел кестеленген асжаулықпен жабылған. Үстелде қалта сағаты, шақша, сиясауыт және қаз қауырсыны тұр. Дала кемеңгері өзінің «Қара сөздерін» осы үстелде отырып қағазға түсірген.

Мұнда орналасқан дүниелердің ішінде қызығушылық тудыратын ерекше заттар бар. Мысалы, сүйекпен әшекейленген асадалды алайық. Ол ұзақ мерзімді көші-қон кезінде ыдысқа арналған сыйымды шкаф ретінде қолданылған. Сонымен қатар той-томалаққа бару үшін мінген жеңіл арба да осында.

Мұражайда «Абайтану» деген жалпы атаумен қойылған ақын жайлы ғылыми еңбектермен танысуға болады. Экспозицияның көп бөлігін Мұхтар Әуезовтың зерттеулері алып тұр.



Біз өз сапарымызды «Әдеби Шығыс» оқу – тәжірибелік маршруты бойынша жалғастыру мүмкіндігіміз бар. Бұл маршрутқа «Әдеби Шығыс» байқауының жеңімпаздары мен жүлдегерлері қатыса алады.

**Ойланыңдар!**

**Неліктен Жидебайды «Қазақ поэзиясының Меккесі» деп атайды?**



Семейдегі Воскресенск соборы

Сендер «Семей қаласының көрнекті жерлері» деген тақырыпта экскурсиялық маршрут ұйымдастыра аласыңдар. Семей қаласының архитектуралық сәулет өнері жайлы, мысалы 1860 жылы тұрғызылған православты Воскресенский шіркеуі туралы әңгімелей аласыңдар. Тастан тұрғызылған берік, әрі кең Воскресенский храмы казак уряднигі Митрофан Казаковтың қаржысына салынған. Шіркеуде үш тақ бар: бастысы – Христостың қайта оралуына арналған, оңтүстіктегі – Қасиетті Митрофанның құрметіне, солтүстігіндегі – Архистратиг Михаилдың құрметіне арналып салынған. Жалпы алғанда, шіркеу ғимараты өзінің алғашқы қалпын осы күндерге дейін сақтаған.



Семей қаласындағы бір мұнаралы мешіт

Семейде ірі татар слободасы өмір сүрген, жергілікті халықтың қарапайым тілінде Татар аймағы. Бұл жерде XIX ғасырда салынған үш мешіт болған. Екі мұналы мешіт – 1858-1861 жылдары аралығында татар көпестерінің қаржысына түрік жобасымен салынған.

Құрылыс материалдарының сапасы, қабырғаның әсем қалануы, таңғажайып архитектуралық шешім – осының бәрі бұл ғимаратқа республика бойынша тең келмейтін бірегейлік пен мәртебе сыйлады. Бұл ғимаратқа байланысты молданың үйінен мен мешітке апаратын құпия жер асты жолы туралы аңыз бар.

Шығыс Қазақстан – туризмді дамытудың барлық мүмкіндіктері бар аймақ. Біздің облысымыз тек қана шығысқазақстандықтарды ғана емес, сонымен қатар Қазақстан Республикасының басқа жерлерінен келген отандастарымызды да қызықтырады. Соңғы онжылдықта Шығыс Қазақстанға шетелдік туристер де қызығушылық танытуда.

Біздің өлкеміздегі туристердің қызығушылығын тудыратын ерекше тартымды аумақтардың бірі – Марқакөл. Судың молдығы әрі тереңдігі жағынан Марқакөлді Байкалмен салыстыруға болады. Ол теңіз деңгейінен 1449 м биіктікте орналасқан, ұзындығы – 35 км, жалпақтығы – 19 км.



Марқакөл көлі

Марқакөл өзінің сұлу табиғатымен ғана емес, алуан түрлі балықтарымен де ерекшеленеді. Өлкеміздің мақтанышына айналған бұл айдынның аумағы Алтай тауларының етегінен Моңғолияның ішкі бөлігіне дейін жайылып жатыр. Марқакөл аумағында құстардың 232 түрі, жан-жануарлардың 50 түрі мекен-









дейді. Сонымен қатар 1000 түрлі өсімдіктің отаны болып табылады.

Өскемен қаласының қонақтары қаланың тарихи орталығына, Ертіс пен Үлбі өзендерінің жағалауларына және олардың бірігетін тұсы – Стрелкаға, бақылау алаңы бар Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері тауына баруды ұнатады.

Өскемен қаласының көрікті жерлері ретінде саябақтарын атап өтуге болады. 2017 жылы облыс орталығында «Нұрлы жол» заманауи демалыс саябағы ашылды. Жаңа қала саябағының негізгі нысаны «Нұрлы жол» монументі. Ол «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын және Қазақстан халқының басты құндылығы ретіндегі бірлігі мен ынтымақтастығын білдіреді. «Нұрлы жол» монументінің қос стелласы Еуропа мен Азия құрлықтарының түйіскенін білдіреді. Композицияның жарқын белгісі – қыран бүркіт. Ол бостандықтың, қазақстандықтардың мықты рухын, болашақта мақсатқа жету ұмтылысын бейнелейді. Саябақтың жанында қала тұрғындар мен қонақтарының мәдени демалыс орны – Жамбыл атындағы облыстық драма театры орналасқан.

**Шығармашылық тапсырма!**

**Ұсынылған алгоритмнің негізінде өз аймақтарың немесе елді мекендерің үшін туристік маршрут құрастырыңдар.**

**ЕРЕЖЕ**

1. Өз маршруттарыңнның атын ойлап табыңдар.
2. Бағыттың бастапқы және соңғы нүктелерін анықтаңдар.
3. Ол қандай типке және нысанға байланысты болатынын анықтаңдар.
4. Бағдардағы негізгі табиғи және мәдени көрікті жерлерді белгілеңдер.
5. Бұл нысандар туралы ақпарат жинап, әңгіме дайындаңдар.
6. Сыныптастарыңа бағыттарыңды сипаттап беріңдер.

# § 14. ЖОМАРТ ЖҮРЕК

**Сендер бұл сабақта:**

- меценаттық және демеушілік ұғымдарын түсінесіңдер;
- кіші Отанды қолдау үшін нақты адамдар не істегендерін және не істеуге болатынын түсіндіруді үйренесіңдер

*Түйін сөздер: меценаттар, демеушілер, филантроптар, еріктілер.*

**Зерттеуге арналған сұрақ!**
***«Туған жерге тағзым» бағдарламасының мәнін қалай түсінесіңдер?***

Біздің өлкеміздің тарихында өздерінің бастамашылығымен көптеген қайырымды істер атқарған адамдардың есімдері сақталған. Бүгінгі күні де мейірімділік, қайырымдылық және өзара көмек дәстүрлері жалғасын табуда.

**Сөздікпен жұмыс!**
**Қайырымдылық** – мұқтаж адамдарға өтеусіз көмек. Оның негізі жауапкершілік, еріктілік және өтеусіз көмек көрсету болып табылады.

**Ойланыңдар!**
**Қайырымдылықтың негізінде қандай жалпы адамзаттық құндылықтар жатыр?**

Қайырымдылық екі түрі бар: қаржылық және іскерлік, яғни тегін қызметтер көрсету. Қаржылық немесе ұйымдастырушылық көмек демеушілік деп аталады. Әдетте демеушілер жарнамаға айырбас жасау арқылы көмектеседі.

**Сөздікпен жұмыс!**
**Мәдениет, ғылым және өнер саласына тегін көмек көрсететін адамдар меценаттар деп аталады. Мұндай атау Гай Цильний Меценат есіміне байланысты пайда болған. Ол ежелгі Римде өмір сүріп, өнерді сүйіп, ақындарға қолдау білдірген.**
**Меценаттық** – мәдениет, ғылым немесе өнер саласына адамдардың немесе ұйымдардың көрсететін тегін көмегі немесе қолдауы.
**Еріктілер** – кез-келген қызметті тегін жүзеге асыратын тұлға.

**Еріктілер** – бұл сыйақыны есептемей, қоғамның игілігі үшін жүзеге асырылатын қайырымдылық қызметі. Бұл қайырымдылық түрі барлығына, соның ішінде әрбір оқушыға қолжетімді.




Әрдайым, меценаттар мәдениет пен білім беру ісіне белсенді қолдау жасап отырды. Олар мектепті, кітапхананы салды, оқуда ерекше табысқа қол жеткізген оқушыларға шәкіртақы төледі.

Шығыс Қазақстандағы меценаттық дәстүрінің тамыры тереңде. Мысалы, 1858-1862 жылдары Семейдегі саудагерлер Сүлейменов, Әбдішев, Рафиков және Халитовтың жекеменшік қорларының қаражатына осы күнге дейін сенушілерді қабылдап келе жатқан Қазақстан аумағындағы жалғыз қос мұнаралы мешітті ұмыт қалдыруға болмайды.

Невзоровтар отбасы Семей қаласына 1986 жылы баға жетпес сыйлық жасады. Бүгінде Шығыс Қазақстандағы бейнелеу өнері мұражайы Невзоровтар отбасы атында деп заңды аталады. Қалада оны «невзоровтық» деп атайды, ол туралы барлығы біледі, біздің еліміздің және шетелдің түпкір – түпкірінен адамдар ағылып келіп жатады. Юлий Владимирович Невзоровтың игі іс-әрекеті жоғары мемлекеттік награда – Парасат орденімен марапатталды.


Семейдегі қос мұнаралы мешіт

Өскеменнің жылнамасында XX ғасырдың басында өмір сүрген меценаттардың есімдері ойылып жазылды: О.Ф.Костюрин (қалалық басқарма бастығы), А.Н. Федоров, И.В. Емелянцев, В.Л. Иньков. Осы адамдардың белсенді араласуымен қала айтарлықтай өзгерді. Сол кезде қаладағы көптеген қоғамдық ғимараттар қалалық биліктің, кәсіпкерлердің және азаматтық бастамалардың күш біріктіруі нәтижесінде жасалды, бұл әлеуметтік серіктестіктің үлгісі бола алады.


Ю.В. Невзоров

Мысалы, XX ғасырдың басында кітапхана мен театр орналасқан Халық үйінің ғимараты қалалық қазынаның және қалалықтардың қайырымдылықтарынан жиналған қаражатқа тұрғызылған. Құрылыстың құны 17,5 мың рубль болды, оның 10 мыңы қалалық әкімшіліктен, ал 7,5 мыңы – ұйымдастырылған концерттер мен спектакльдерден және қайырымдылық шаралары арқылы жиналды.



Өскемен қаласында бұрынғы Халық үйі

Қалалық староста О.Ф. Костюрин барлық жалақысын Халық үйін салу үшін төледі. Ал барлық темір ұсталарының жұмыстарын өз шеберханасында тегін жасатты. Халық үйінің ашылуы 1902 жылдың 26 қазанында өтті.

**Сөздікпен жұмыс!**

**Әлеуметтік серіктестік** – мемлекет пен бизнестің, қоғамдық ұйымдардың күш-жігерін жекелей және бүкіл елді мекендерге қатысты түрлі мәселелерді шешуге жұмылдыру.

Қазір Қазақстанда қайырымдылық шараларына қосқан үлесі үшін 2007 жылы «Алтын жүрек» жыл сайын берілетін мемлекеттік ұлттық сыйлығы пайда болды. Аталмыш сыйлықтың лауреаттары болып әр жылдары біздің отандастарымыз: Роза Бағланова, Айдын Рахымбаев, Дәулет Тұрлыханов, Сергей Коротин, Наталья Смыкова және басқалар аталды.

Мысалы, А.Рахимбаевтың бастамасы бойынша бүкіл ел бойынша «Ана үйі» пайда болды, бұл ұйым қиын өмірлік жағдайға тап болған жүкті әйелдер мен жаңа туылған балалы әйелдерге көмектеседі. Ол өз есебінен Өскемен және Астана қалаларындағы «Ана үйі», балалар үйінің түлектерін қолдау Орталығы және баланы асырап алуға қолдау көрсету Орталығын қамтамасыз етеді.

Шығыс Қазақстанда бірнеше жылдар көлемінде «Туған жерге тағзым» акциясы жүргізіліп келеді. Еліміздің әртүрлі аймақтарында еңбек ететін белгілі жерлестер туған жеріне, ауылына, мектебіне көмек көрсетеді.

2016 жылдан бастап Тарбағатай ауданының Ақсуат ауылында қатарынан үшінші жыл халықаралық «Туған жерге туыңды тік» деп аталатын ақындар айтысы өтіп жатыр. Бұл шара білім және өнер, медицина, ауылдық жерлердегі қайырымдылық жобаларына қолдау көрсететін табысты кәсіпкер  Дулат Тұрсынұлы Тастекеевтің арқасында мүмкін болды. Ол «Асыл тас» қайырымдылық бағдарламасы аясында «Тарихқа

толы Тарбағатай» атты бірегей жобаны жүзеге асырады. Бұл кітап – аймақтың тарихын, оның географиясын, археологиясын және топонимикасын, аңыздары мен қасиетті орындарын сипаттай келе елбасының бағдарламасы «Қазақстанның қасиетті географиясымен» үндестік тапқан альманах. Оның тағы бір бастамасы – «Ғажайып өлке» деп аталатын қайырымдылық фотожобасы. Тарбағатай ауданының тарихы мен көрнекті орындарын білетін сарапшы және кәсіби фотограф, пейзаждық фотолар жасай білетін маманның қатысуымен кең көлемді экспедиция ұйымдастырылды. Экспедиция барысында жиналған мәліметтер негізінде альманахты түрлі-түсті альбом түрінде жариялау жоспарлануда.

**Ойланыңдар!**
**Параграфта берілген қайраткерлердің есімдерін өздерің білетін жергілікті қайраткерлермен берілген кескіндемені толықтырыңдар.**

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында облыс көлемінде «Туған жер» жобасы іске асырылуда. «Менің мектебім» арнайы жобасын іске асыру мектептерді химия, физика, биология және роботтехникасы сыныптарын заманауи құралдармен жабдықтауға мүмкіндік береді.

2016 жылғы 16 тамызда Шығыс Қазақстан облысының меценаттар клубы құрылды. Бұл ұйым ерікті негізде біздің облыстың іскер адамдарын біріктіріп, қайырымдылық шараларымен айналысады. Клубтың міндеті – қайырымдылық марофоны акцияларын өткізу, әлеуметтік мәселелерді шешуге әрекеттесу, еріктілер қозғалысына қолдау көрсету.

**Ойланыңдар!**
**Меценаттық, еріктілік және демеушілік ұғымдарының негізгі айырмашылығы неде екендігін түсіндіріңдер. Мысал келтіріңдер.**
**Өлкелеріңдегі әлеуметтік серіктестіктің қандай мысалдарын келтіре аласыңдар?**
**Сендердің өлкелерің үшін қандай маңызы бар?**

# § 15. ТУҒАН ӨЛКЕНІҢ ЖЫЛНАМАСЫ



**Сендер бұл сабақта:**

- деректөздер негізінде өлке дамуының тарихи маңызды кезеңдерін анықтайсыңдар;
- туған өлкенің шежіресін білесіңдер;
- мұражайлардан, мұрағаттардан, кітапханалардан, интернеттен туған өлкеге (ауыл, аудан, қала, облыс) қатысты қажетті ақпаратты табасыңдар;
- тарихи оқиғалардың хронологиясын құрастыруды үйренесіңдер.

*Түйін сөздер: тарихи дерек, шежіре, жылнама, хронология, археология, қорған, жазбаша дерек, заттай дерек.*

**Зерттеуге арналған сұрақ!**
***Өлкенің жылнамасын жазуда қандай тарихи деректер маңызды рөл атқарады?***

**Сөздікпен жұмыс!**
**Жылнама** – бұл оқиғаларды жылдар бойынша баяндау.

Адамдар жылнамалар арқылы тарихтың жүру барысын сақтап, оны халық өміріндегі ең маңызды оқиға ретінде қазіргі адамдар мен ұрпақтарға жеткізуге тырысушылық болып табылады. Алғашқы жылнамалар үшін сол оқиғаны көрген адамдардың естеліктері және жылнама жазушылардың жазбалары дерек болып табылады. Кейінірек, «тарихшы» мамандығы пайда болған. Ғалым – тарихшылар белгілі деректер негізінде өткен оқиғаларды зерттеп қана қоймай, өткен дәуірлердің оқиғаларын терең танып, білу үшін әлі белгісіз, жаңа материалдарды табуға тырысады. Олардың еңбегі ел дамуының жаңа кезеңіне өтудегі маңызды тарихи сәттерді анықтауға мүмкіндік береді. Осылайша, тарихи дәуірлер туралы көзқарастар қалыптасады.

**Ойланыңдар!**
**Тарихи деректердің қандай түрлерін білесіңдер?**

## ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРДІҢ ТҮРЛЕРІ



Қайың қолжазбасының бөлігі. Аблайкит. Ұлан ауданы



Кельт-балта. Белокаменка с. Бесқарағай ауданы



Киіз үй жабдықтары



Смаилов М.А. «Ақын әндері». 1999. Кенеп, майлы бояу. Шығыс Қазақстан өнер мұражайы

**Жазба деректер** – бұл деректердің негізгі түрі. Жазба деректерге заңнамалық актілер, ресми жазбалар, мемуарлар, күнделіктер, тарихи оқиғаларды көрген адамдардың, оған қатысушылар мен сол кезеңнің адамдарының естеліктері жатады. Сол дәуірдің статистикалық мәліметтері, газеттері, журналдары және басқа да жазба деректері қолданылуы мүмкін. Бұл деректерді қайдан табуға болады? Оларды мұрағаттардан, кітапханалардың сирек қорларынан, мерзімді басылым залдарынан тауып, зерттеуге болады.

**Заттай деректер** – ыдыс-аяқ, киім, еңбек құралы, қару-жарақ, тіпті ғимараттар мен құрылыстар материалды тарихи деректер бола алады. Заттай деректерді археологиялық және этнографиялық деп екіге бөлеміз.

*Археология* – бұл қорғандар мен обалар, олардан табылған әшекей бұйымдары мен ат әбзелдері, тұрмыстық заттар мен жануарлардың қалдықтары сияқты материалды деректерді зерттейтін тарих ғылымының бөлімі болып табылады. Бұның барлығы әрбір тарихи дәуірдің ерекшеліктерін терең түсінуге мүмкіндік береді.

*Этнография* – халықтардың тұрмыс – тіршілігін зерттейтін тарих ғылымының бөлімі.

**Ауызша деректерге** ата – бабаларымыздың өмірлік тәжірибесін сипаттаған ауыз әдебиеті, ертегілер мен аңыздар, әндер мен мақал – мәтелдер жатады. Қазір олар дыбыстық жазба және кітап түрінде немесе сандық форматта сақталған.

Жүз жыл бұрын оқиғаларды бейнелеудің жаңа түрі кеңінен танымал болды. Бұл тарихи деректердің жаңа түрі – **фотосурет және киноқұжаттар.** Өткен шақтың бұл деректері қазіргі уақытта сандық форматқа ауыстырылып, олардың уақыт өткен сайын зақымдануынан сақтайды. Олар арнайы қорларда сақталып, ал олардың көбі ғаламторда қол жетімді.

Біздің әрқайсымызға ең қол жетімді тарихи дерек ретінде отбасы тарихы есептеледі. Отбасы тарихының ерекше бөлігі – шежіре немесе генеалогиялық тармақ болып табылады. Қазақ халқында тарихи мәліметтерді сақтайтын адамды – шежіреші (жылнамашы – айтушылар) деп атаған. «Шежіре» сөзі өз отбасы, руы, халық тарихы туралы білімді есте сақтау деген мағына береді.

**Сөздікпен жұмыс!**

**Шежіре** – халықтың шығу тегін, ру-тайпалардан таралуын байындайтын тарих ғылымының бір тармағы.

**Шығармашылық тапсырма!**

**Өздеріңнің «Жеті ата» шежірелеріңді құрастырыңдар**

**Біздің өлкеміздің жылнамасы адамзаттың тарихи дамуын сипаттайтын дәуірлерді айқындайды.**

## ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХИ ДӘУІРЛЕРІ

**Ежелгі кезең.** Біздің өлкеміздің алғашқы тұрғындары ежелгі палеолит дәуірінде мекендегенін Күршім ауданындағы Қалғұты өзенінің жағасындағы Қозыбай тұрағынан табылған археологиялық ескерткіштер дәлелдейді. Археологтар Қанай, Свинчатка, Пещера, Шүлбі және тағы басқа тұрақтарды тапқан. Шамамен 16000-ға жуық кремний құралдар, сүйек заттар, керемет әшекейлер, қыштан жасалған заттар табылған Усть-Нарым тұрағы ең көп зерттелген деп есептеледі. Ежелгі мәдениеттің ғажайып белгісі – жартасқа салынған суреттер.



Нуклеустар. Палеолиттік тұрақ. Күршім ауданы



Петроглифтер. Ақбауыр. Ұлан ауданы

Жартасқа салынған ежелгі суреттер Қалба, Тарбағатай, Нарым, Маңырақ тауларынан табылған.

Б.з.д. II мыңжылдықта Шығыс Қазақстан аумағында мал шаруашылығы мен егіншілік, ежелгі металлургия мен


Андроновтық қыш ыдыс. Меновное ауылы. Өскемен қаласы

қыш құмыра жасау дамыған. Қола дәуірінің бұл мәдениеті «андоронов» деп аталған. Бұл мәдениеттің дамығандығын Зевакино, Қанай, Нұрмамбет, Усть-Бөкен, Трушниково, Кіші Қойтас және тағы басқа ауылдарының маңынан табылған археологиялық ескерткіштер дәлелдейді. Шығыс Қазақстан тіпті андронов кезеңінің өзінде мыс, қалайы, алтын өндірудің орталығы болған. Тырнақ ізді ою-өрнегі бар қыш ыдыстар тек Шығыс Қазақстан аумағынан ғана табылған. Сонымен қатар, андроновтық қоныстардан табылған зергерлік әшекей бұйымдары ежелгі қолөнершілердің жоғарғы деңгейлік шеберлігі мен андроновтық әйелдердің сұлулықтарының табиғи бейнесін көрсетеді.

Б.э.д. I мыңжылдықта Шығыс Қазақстан сақ тайпаларының мекені болды. Сақ дәуірінің ең алғашқы ескерткіштерінің бірі – Шілікті қорғаны (б.э.д. VII ғ.). Археологтар тапқанға дейін қорғанның тоналғандығына қарамастан, одан 524 алтын бұйымдар, соның ішінде ұшқан бұғылар бейнеленген тоғалар табылған. 2003 жылы Ә.Төлеубаев жетекшілік еткен археологиялық экспедицияның Зайсан ауданының Шілікті жазығында үшінші «Алтын адамды» табуы үлкен жаңалық болды. Бұл ескерткіштің ерекшелігі – Шіліктіден табылған «Алтын адамның» Есіктегіден 400 жасқа үлкен болғандығы. Оның киімі 4325 алтын пластиналармен әшекейленген. Онымен бірге биліктің символы болып есептелетін, алтын мен лазуриттен жасалған бес жұлдыз да табылған.

Белгілі ғалым З.Самашевтің жетекшілігімен археологтар зерттеген Катонқарағай ауданындағы «Патшалар жазығындағы» Берел қорғандары археология ғылымына ерекше жаңалықтар енгізді. Мәңгі мұздық жағдайы Берелдегі жәдігерлердің сақталуын қамтамасыз еткен. Олар: салтанатты ат – әбзелдерімен толық безендірілген 13 жирен жылқылар, орталықтандырылған биліктің белгісі – штандарт – эмблема, сонымен қатар, мүйізді және қанатты


Шілікті «Алтын адамының» киімі. Реконструкция



Шығыс Қазақстанның Тарбағатай ауданындағы. Ойшілік ауылы маңындағы бұғы тастар

сфинкстер түріндегі қапсымалармен безендірілген қалқан мен ер тоқым.

**Ортағасырлар кезеңі.** VI ғасырда Шығыс Қазақстан аумағы түркілердің ықпалында болды. Шығыс Қазақстанның аумағы Қимақ мемлекеттілігінің негізі болды (IX ғ. соңы – XI ғ. басы). Ертіс маңы мен Тарбағатай тауларынан түркі жазулары бар қола айналар табылып, ол араб саяхатшысы Әбу Дулафтың қимақтарда жазу болғандығы туралы мәліметін дәлелдеді.

**Бұл қызық!**

*Бұғылар жиі бейнеленгендіктен, оларды бұғы тастар деп атаған. сонымен қатар онда басқа жануарлардың немесе астрономиялық белгілер бейнеленген.*

Шығыс Қазақстанның даласында түркі мұрасы бүгінгі күнге дейін тұрған балбал тастарда сақталған. Түркілердің тас мүсіндер ғұрпы олардың мәңгі көк аспан – Тәңірге табынуға бағытталған діни дүниетанымымен тығыз байланысты болды.

Моңғол шапқыншылығына дейін Қазақстан аумағы арқылы Ұлы жібек жолының керуен жолдары өткен. Мысалы, қазіргі Аягөз ауданы сол кезеңдерде Ұлы Жібек жолында маңызды рөл атқарған. Тармақтары Зайсан мен Қара Ертіске дейін жететін Сергиополь трактісі Орталық пен шығыс Қазақстанды байланыстырды.

XIII ғасырда Шығыс Қазақстанның бір бөлігі Жошы ұлысына (Шыңғысханның үлкен ұлы), ал Ертістің жоғарғы ағысы, Тарбағатай және Алтай Үгедейге (Шыңғысханның ортаншы ұлы) және оның ұрпақтарына берілуімен моңғол шапқыншылығы аяқталған. Моңғол шапқыншылығынан кейін алғашқы ортағасырлық мемлекет – Ақ орда болды. Оның иеліктері Ертістен Сырдарияға дейін, Ұлытаудан Арал теңізіне дейін созылып жатты.



Нұрсадықов К.Д. Жырау. 2015 ж. кенеп, майлы бояу

Ақ орда хандарының ордасы Алакөлге жақын Ертістің жоғарғы жағында, ал кейін Сырдарияға ауыстырылды.

XV ғасырдың 60-жылдарының екінші жартысында қалыптасқан Қазақ хандығының құрамына Орта жүздің тайпалары – наймандар, арғындар, қыпшақтар, керейлер, уақтар және қоңыраттар енген. Олардың жайылымдары Қазақстанның шығысындағы Тарбағатай, Шыңғыстау тауларында және Ертіс жазығында, Алакөлдің маңында орналасқан.

Шығыс Қазақстанның Сібе көлдерінің аумағында XVII ғасырдың бірегей ескерткіші – Абылайкит буддалық монастыры бар. Тайшы Абылай буддистік ғибадатханасы мен діни кітапханасы бар бекіністің негізін қалаған. Абылайкиттен табылған қолжазбалар буддистік әдебиеттің қазынасы, әлемдік мәдени мұра болып табылады.



Аблайкит монастыры. XVIII ғасырдағы атлас парағы

**Жаңа кезең.** Біздің ата – бабаларымыз ұзақ уақыт бойы жоңғарлардан (бір орталықтан басқарылған мықты көшпелі мемлекет) жерімізді қорғаған. Бұл жылдары қазақ батырлары – Бөгенбай батыр, Райымбек батыр, Барақ батыр және әрине, қазақтар үшін қасиетті жер – Түркістан қаласын қорғауға қатысқан Қаракерей руынан шыққан Қабанбай батыр өздерінің қайсарлығы мен туған жерге деген сүйіспеншілігін көрсетті. Жоңғар шапқыншылығынан қорғау мақсатында Ертіс өзенінің бойымен Семипалат және Өскемен бекіністері салынды.



Н.П. Аштема. Тас тауларының аузында

Шығыс Қазақстанның кен байлықтарын игеру өлкеміздің тау – кен өнеркәсібінің дамуына әсер етті. Кен орындары ашылып, осы жерлерге қазіргі Қазақстанның топонимикасында сақталған Ф. Белоусов, И. Малеев, Ф. Риддер сияқты жер атаулары ашқан адамдардың құрметіне қойылған.

Шығыс Қазақстанның тарихына үлес қосқан адамдар: Евгений Михаэлис (саяси жер аударылған), Федор Достоевский (атақты жазушы), Николай Коншин (қазақ халқының тарихын зерттеуші), Орест Костюрин (этнограф және әкімші).

**Қазіргі заман тарихы – ХХ ғасыр.** 1917 жылғы төңкеріс кезеңінде қазақ зиялылары «Алаш» ұлттық саяси партиясын құрды. 1917 жылы желтоқсанда Семей қаласында болған ІІ Бүкілқазақ съезінде Алаш Орда тәуелсіз автономиялық мемлекетінің құрылғаны жөнінде жарияланды.



Семей қаласындағы Ф.М. Достоевский атындағы әдеби-мемориалды мұражай

Мұнда Алаш Орда Халық кеңесінің (үкіметінің) барлық орталық мемлекеттік мекемелері орналасты. Оның басшысы Ә. Бөкейханов болған. Қазіргі Қазақстан Республикасының үлгілік бейнесін сол кезеңде Алаш Орда мемлекеті ретінде құру – Алаш партиясы көшбасшыларының еңбегі болып табылады.



Алаш зиялылары. Семей қ. 1918.
*Бірінші қатар, солдан оңға қарай:* Жақабай Әтікеұлы, Тұрағұл Абайұлы, Көкбай Жанатайұлы, Мұқан Жәкежанұлы, Ахмет Байтұрсынов.
*Екінші қатар:* Елдес Омарұлы, Сейдәзім Қадырбайұлы, Қажымұқан Мұңайтпасұлы, Міржақып Дулатов, Жұбандық Болғанбайұлы

Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, А. Ермеков, Х. Ғаббасов, Р. Мәрсеков, О. Әлжанов және тағы басқа қазақ зиялыларының есімдері өлке тарихында мәңгі сақталады. Себебі, олар қазақ халқының тарихи қалыптасқан жерінің шегарасын белгілеп, өз халқының мүддесін қорғады. Олар сол дәуірдің дүниетанымын қалыптастырған азаматтары ретінде адамгершіліктің, патриотизмнің және өз Отанына адал қызметудің үлгісін көрсете білді.

**Бұл қызық!**
*Алаш Автономиясы құрылғанға дейін 7-8 ай бұрын, яғни 1917 жылдың көктемінде, Семей қаласының жанында орналасқан, негізінен қазақ көпестері, студенттер және зиялы қауым өкілдері тұратын Заречная Слободка кентінің атауы «Алаш» қаласына өзгертілген.*

1918 жылдан бастап Шығыс Қазақстан аумағында кеңес өкіметі орнай бастайды. Кеңестік тарих бастау алып, индустрияландыру мен ұжымдастыру саясаты Шығыс Қазақстанның тарихында қарама – қайшылықты пікірлерді қалыптастырып, қасіретті зардаптар әкелді.

1941–1945 жылдардағы Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде Шығыс Қазақстанның тұрғындары Отанды қорғап, тылдағы еңбектерімен ерекшеленді. Облысқа басқа ұлттар қоныс аударылып, өнеркәсіптер мен мекемелер көшірілді.

Майданға біздің облысымыздан 170 мың адам шақырылып, олардың 96 мыңы

шайқас даласынан оралды. 109 шығысқазақстандық Кеңес Одағының Батыры атағына ие болып, Төлеген Тоқтаровтың, Павел Жубаның, Ізғұтты Айтықовтың, Иван Астафьевтің, Владимир Мызаның, Койгелды Аухадиевтің, Жәнібек Елеусовтың және тағы басқалардың есімдері көшелерге, ауылдарға, мектептерге берілді.

Соғыс аяқталғаннан кейін индустрияландыру өз жалғасын тауып, өлкемізде Өскемен қорғасын – мырыш (қазіргі Казцинк) және титан – магний комбинаттары, Үлбі металлургиялық зауыты сияқты өнеркәсіп алыптары салынып, іске қосылды. Ауыл шаруашылығы дамып, тың жерлер игерілді.



Олжас Сулейменов. «Невада–Семей»

Осы жылдары тек жағымды өзгерістер ғана болған жоқ. Шығыс Қазақстанның жері ядролық қаруларды сынаудың алаңына айналды. КСРО-ның әскери – өнеркәсіптік кешенінің бөлігі ретінде Семей ядролық полигоны

1949–1989 жылдар аралығында 450-ден астам сынақтар өткізді. Ақын, халық жазушысы, түркітанушы ғалым, ірі саяси және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменовтың еңбегінің арқасында «Невада-Семей» халықаралық ядроға қарсы қозғалысы ұйымдастырылды. Тек 1991 жылы 29 тамызда Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығымен жабылды.

**XXI ғасырдағы қазіргі заман тарихы.** 1991 жылдан бастап тарихтың жаңа парағы ашылды – Қазақстан Республикасының тәуелсіздік кезеңі. Өлкеміздің тарихында көптеген жағымды сәттер болды. 1997 жылы 23 мамырда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы бойынша Шығыс Қазақстан мен Семей облыстары біріктіріліп, орталығы Өскемен қаласы болды.

Бүгінгі күні Шығыс Қазақстан еліміздің өнеркәсіптік орталығы, түрлі түсті және қара металлургияның отаны. Ағаш өңдеу өндірісінің кешені, балық кәсібі, кіші және орта бизнес тұрақты дамып, жаңа өндірістік жобалар жүзеге асырылуда.

Еліміздің дамуында біздің облысымыз тек өнеркәсіп саласына ғана үлес қоспайды. Шығыс Қазақстан туристік бизнес, мәдениет пен білім саласын дамытуда стратегиялық міндеттерді жүзеге асыруда.

**Ойланыңдар!**

**Тарихи дереккөздер нақты мысалдарда не жайлы әңгімелеп бере алады?**

**Шығармашылық тапсырма!**

**«Тарихи дереккөздердің түрлері» кестесін құрып, толтырыңдар:**

| Кезеңдері | Хронологиялық шеңбері | Дереккөздердің түрлері |
|---|---|---|
| | | |

# § 16. МЕНІҢ МЕКТЕБІМНІҢ ТАРИХЫ



**Сендер бұл сабақта:**

- түрлі деректерден қажетті ақпаратты табасыңдар;
- сұхбаттасуға қажетті сұрақтар қою және сұхбат жүргізуді;
- өз мектебіңнің тарихын әңгімелеуді үйренесіңдер.

*Түйін сөздер: мектеп, мектеп-мұражай, сұхбат, анкеталық сұрау.*

**Зерттеуге арналған сұрақ!**
***Өз мектебіңнің тарихын қалай жазуға болады?***

**Бұл қызық!**
*Бастапқыда, ежелгі гректер «мектеп» сөзін бос уақытты өткізу деген мағынада қолданған.*

Қазақстан тарихы тек ұлы билеушілер мен батырлардың шайқастары мен күрестерін ғана қарастырмайды. Біздің еліміздің тарихы жеке адамдардың, ұйымдардың, ауылдардың, қалалардың тарихынан тұрады. Тарихшы – зерттеуші зерттеу жүргізе отырып, белгілі бір кезеңдегі еліміздің өмірі туралы баяндап, қорытынды жасау үшін егжей-тегжейлі ақпарат жинайды. Сендердің өз өмірлерің мен отбасыларыңның өмір тарихы туралы біліп, әңгімелеу де Қазақстан тарихының бір бөлігі болып табылады. Сендердің мектептеріңнің де өз тарихы бар екендігін және оның да біздің Отанымыздың тарихының бір бөлігі болып табылатындығы туралы ойландыңдар ма?

Қазіргі адамның өмірін мектеп білімінсіз болуын көзге елестету мүмкін емес. Бірақ бұл әрқашан болған емес. Бөкей ордасында алғашқы мектеп 1841 жылы ашылған. Оны Жәңгір хан ашқан. Ол былай деген: «Біздің балаларымыз білім ала отырып, қоғамға қызмет ету үшін қажет барлық ғылымдарды үйренетін болады. Мұның бәрі мені қуантады. Өйткені, білімге қол жеткізу – менің халқым үшін үлкен бақыт!» Ал 1864 жылы атақты қазақ ағартушысы Ыбырай Алтынсарин алғашқы зайырлы мектепті ашқан.

Мектеп біздің өмірімізде маңызды орын алады. Бұл тек білім алатын орын ғана емес, сонымен қатар, балалық шағымыз бен ер жету жылдары өткен, алғашқы достықтың сабақтарын алған, алғашқы жеңіске жеткен және өзіміздің алғашқы сәтсіздігімізді бастан өткерген екінші үйіміз болып табылады. Ал кейбір адамдар үшін, ол өмірі мен тағдырымен байланысты болашақ жұмыс орны болады.

Уақыт өткен сайын адам жадысынан көптеген оқиғалар, сәттер жойылады, бірақ мектепті ұмыту мүмкін емес. Сонымен қатар, өз ұстаздарың мен мектептік достарыңды да ұмыта алмайсың. Біздің елімізде мыңдаған мектеп



Шыңғыстай ауылының мектеп – мұражайы. Қатонқарағай аудан

бар және олардың әрқайсысының қайталанбас тарихы қалыптасты. Осындай мектептердің бірі – Катонқарағай ауданындағы Шыңғыстай ауылында 1907 жылы өзінің тарихи бастауын алған мектеп. Ережепов Әбдікерім болыстың еңбегінің арқасында орыс-қазақ мектебі ашылды.

Шыңғыстай мектебінде көрші аудандардың балалары да білім алған. Әртүрлі кезеңде бұл мектепте Сұлтанмахмұт Торайғыров және Оралхан Бөкей сияқты белгілі мәдениет қайраткерлері білім берген. Қазіргі уақытта бұл мектеп мұражайға айналды. Белгілі жазушы Оралхан Бөкейдің өзі де Шыңғыстай мектебінің түлегі болған. Сонымен қатар, бұл мектепте келесі белгілі тұлғалар білім алды: ғалымдар – Сәрсен Аманжолов, Баламер Сахариев, Төлеухан Бияров, қолбасшы, генерал – лейтенант Иван Копылов, Ленин орденінің кавалері, белгілі педагог Садық Түкебаев, Социалистік Еңбек ері Бошай Кітапбаев, Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы Құмаш Нұрғалиев, жазушы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жүлделерінің иегері Әлібек Асқаров, «Алаш» жүлдесінің лауреаты Дидахмет Әшімханұлы және басқалар.

2017 жылы Шыңғыстайда мектеп-мұражайдың ашылу салтанаты болды. Мектептің сонау 1907 жылғы, яғни 110 жыл бұрын болған бейнесі толығымен қайта қалпына келтірілген.



Біздің облысымызда көптеген ұстаздар әулеттері қалыптасты. Олар үшін мектеп тек жұмыс орны ғана емес, сонымен қатар, олардың өмірі мен тағдырында маңызды орын алатын алтын ұя еді. Мысалы, Нұрғалиевтер отбасы. Бұл әулеттің ұстаздарына шәкірттерінің құрметі мен алғыстары шексіз. Осы педагогикалық әулеттің негізін қалаушы, Қазақстанның халық мұғалімі, Ұлы Отан соғысының батыры – *Құмаш Нұрғалиұлы Нұрғалиев.* Ол бүкіл өмірін

ана тілінде оқытатын мектеп білімін дамытуға арнаған. Қ.Н. Нұрғалиев әскери ерліктері мен еңбектегі жетістіктері үшін марапатталып, «Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мұғалімі» және «КСРО-ның Халық Мұғалімі» атты құрметті атақтарына ие болды. Оның есімі гимназия және Өскемен қаласындағы колледжге берілген. Оның екі ұлы мен қызы әке жолын таңдап, білім саласында еңбек етеді.



Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қаз.КСР және КСРО Ағарту ісінің үздігі, Қазақстан Республикасы педагогика ғылымдары академиясының академигі *Бітібаева Қанипа Омарғалиқызы* – әдебиетті оқытудың өрісі кең, өзгеше жүйесін қалыптастырып жүрген шын мағынасындағы ұстаз, санаулы тұлғаларымыздың бірі. Ол Тарбағатай ауданының тумасы, 12 жыл орта мектепте мұғалім болған. 1980 жылдан бастап өмірінің соңына дейін Жамбыл атындағы облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-интернат-гимназияда (Өскемен қаласы) ұстаздық етіп, қазақ тілі мен әдебиеті бойынша авторлық бағдарлама бойынша білім берді.

Қ.О.Бітібаева білім беру саласындағы ерен еңбегі үшін Бүкілодақтық Крупская медалінің, «Құрмет» орденінің және тағы басқа марапаттаулардың иегері. Оның еңбегі шет елдерде жоғары бағаланып, Монғол Халық Республикасының «Даңқты ұстаз» атағының иегері және АҚШ-тың Аризона штаты, Тусон қаласының «Құрметті азаматы» атағына ие болды. Сонымен қатар, Шығыс Қазақстан облысының «Құрметті азаматы». Өскемен қаласында Қанипа Омарғалиқызы Бітібаева тұрған үйге мемориалды тақта орнатылды.

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінде Қ.О.Бітібаева атындағы арнайы кабинет ашылып, оның білім жүйесіндегі оқыту әдістемесі жалғасын табуда. Ұстаздың көптеген жылдар бойы ерен еңбек еткен мектебінде, оның педагогикалық қызметіне арналған мұражай ашылған.



*Вдовина Людмила Александровна* – Шығыс Қазақстанға танымал орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Талантты педагог өзінің «Мұғалім мен оқушылардың ізденісі» атты авторлық мектебін құрды. Әдебиетті оқыту әдістемесі бойынша бағдарлама құрастырып, әдебиетті тереңдетіп оқыту курсын, сонымен қатар, әдеби жобаларды қорғау бойынша емтихан енгізді.

Риддер мектебіндегі елу жылдық педагогикалық тәжірибесінде көптеген жас педагогтарды тәрбиелеп, өз мамандықтарына деген сүйіспеншілікті оята білді. Людмила Александровна Қаз.КСР Ағарту ісінің үздігі, Қазақстан республикасының білім беру саласының құрметті қызметкері және «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

## ӨЗ МЕКТЕБІҢНІҢ ТАРИХЫН ҚАЛАЙ ЖАЗУҒА БОЛАДЫ?

Өз мектептеріңнің тарихын білгілерің келеді ме? Оның қабырғалары қанша баланың дауыстарын бойына сіңірді? Кім мұнда оқыды және жұмыс істеді? Оның түлектері мен мұғалімдері қандай жетістіктерге ие болды? Мектептің қандай дәстүрлері сақталған? Сендер мектептің кейбір ұмытылған оқиғаларын еске түсіріп, зерттеп, қайта жаңғыртуға үлес қосуларың мүмкін.

Егер сендер осы тарихи саяхатқа барғыларың келсе, еңбек етуге тура келеді.

Сендердің әрқайсың өз мектебіңнің тарихы бойынша зерттеу жүргізе аласыңдар. Сонда ғана, сендер мектептің қашан ашылғандығы, кім алғашқы мұғалім мен оқушы болғандығын анықтай аласыңдар. Мүмкін, бұл мектепте сендердің ата-аналарың немесе басқа да туысқандарың оқыған шығар? Мүмкін, сендердің туысқандарың мен таныстарыңның арасында өз өмірін осы мектеппен байланыстырған адамдар да бар шығар?

Сендердің зерттеу жұмыстарыңның мақсаты – оқиғалар, фактілер, құжаттар және жеке адамдардың естеліктерінде көрініс тапқан мектептің ашылу, қалыптасу және даму тарихын зерттеу болып табылады. Бұл мақсатқа жету үшін негізгі міндеттерді анықтап алу қажет. Мысалы, бірінші міндет – мектеп қашан салынды немесе ашылды, өз жұмысының алғашқы жылында неше бала қабылдағанын білу қажет; екінші міндет – алғашқы мектеп директоры мен мұғалімдердің есімдерін табу қажет; үшінші міндет – мектеп орналасқан ғимараттың тарихын анықтау керек. Сендер әртүрлі зерттеу міндеттерін қоя аласыңдар. Бірақ, осының барлығын қалай және қайдан білуге болады? Ақпаратты табу үшін, оның қайда және қалай сақталатындығы туралы білу қажет.



**Ойланыңдар!**

**Тарихи ақпаратты сақтаудың қандай түрлерін білесіңдер?**

Деректер жазбаша және ауызша, ресми және ресми емес болып бөлініп, мәтін, мұрағат және күнделік жазбасы, құжат, фото немесе бейне материал түрінде болуы мүмкін. Сонымен қатар, ауызша естеліктер де дерек бола алады.

Сендер осы міндеттерді орындау үшін мектеп мұражайына немесе мектеп мұрағатына бардыңдар деп қарастырып көрейік. Онда ескі фотосуреттер мен құжаттарды таптыңдар. Олардың ішінде мынаған назар аудару қажет:



– фотосуреттер қашан жасалған, және құжаттарда қандай мерзімдер қойылған;

– фотосуреттерде кімдер бейнеленген, онда қандай жазулар жазылып, қандай оқиғалар түсірілген;

– фотосуреттердегі адамдардың одан кейінгі тағдырлары туралы не білеміз?

– құжаттарда кімдердің қолдары қойылған, олар қандай қызмет атқарған?

Мектеп мұражайлары мен мұрағаттарында тек фотосуреттер мен құжаттар ғана емес, сонымен қатар, оқушылардың алғыс хаттарын да табуға болады. Мұнда да оларды жазған күнге де назар аударған жөн. Мектеп мұражайларында мектеп оқушылары мен мұғалімдерінің жетістіктері, олардың әртүрлі байқауларға, олимпиадаларға, спорттық жарыстарға қатысқандығы туралы жазылған ескі газет пен журналдардың қиындылары да болады.

Іздеу жұмыстарын тек өз мектептеріңнің шеңберімен ғана шектеуге болмайды. Қала, ауыл мұрағаттарының деректеріне, шағын ауданның немесе ауыл тұрғындарының естеліктеріне сүйене отырып, педагогтар мен түлектер туралы қосымша мәліметтер алуға болады.

Бірақ, маңызды да қызықты мәліметтер құжаттарда емес, адамдардың жадысында сақталған. Осындай жағдайда, сендерге анкеталық, ауызша сұрау және сұхбат сияқты  ақпаратты жинау тәсілдерін қолдануға болады.

Анкеталық сұрауда сұрақтар анкетада жазылып, онда жауаптары да белгіленеді. Кейде сұрақты оқып, анкетада ауызша жауаптарды белгілеуге болады. Мұндай жағдайда анкеталық сұрау емес, ауызша сұрау қолданылады. Өз мектебіңнің тарихи туралы кімнен сұрауға болады? Онда жұмыс істейтіндерден ғана емес, зейнетке шыққан адамдардан, өткен жылдардың түлектерінен де сұрауға болады. Мүмкін, оларда жеке фото суреттер немесе бейне жазбалар, оқушылық кезбен байланысты заттар мен құжаттар сақталуы мүмкін. Атап айтқанда, олимпиада мен спорттық жарыстардың жүлделері, үздік оқуы үшін мақтау қағаздары немесе кеңестік кезеңде алған алтын – күміс медальдар және соңғы он жылдарда алған «Алтын белгі» белгілері.

Сұхбат жүргізу арқылы өте қызықты ақпарат алуға болады. Бұл ауызша сұраудың күрделі түрі болып табылады. Себебі, дайындалған сұрақтарды ғана қоймай, сонымен қатар, айтылып отырған естеліктің ізімен адаммен әңгімелесу жүргізу керек. Кейде сұхбат барысында сұрақты нақтылап, бір сұрақты әртүрлі тұжырымда қоюға тура келеді. Сұхбат жүргізген кезде дыбыс және бейне жазба жүргізуге рұқсат сұрау қажет.

Сонымен, сендер өз мектептеріңнің тарихымен таныстыңдар. Осымен тоқтауға болмайды. Мектеп мұражайына жинаған материалдар мен естеліктерді беріп, оны өз сыныбың, өз мұғалімдерің және сыныптастарың туралы әңгімемен толықтыруға болады. Достарың мен ата-аналарыңа не туралы білгендерің жайлы айтып беріңдер. Естеріңде болсын, тарих ешқашан аяқталмайды, дәл қазірдің өзінде, сендер жаңа парақ жаза бастадыңдар.

**Топтық жұмыс!**

**Өз мектептеріңнің тарихын зерттеп, оған өз сыныптарың туралы да жазыңдар.**
**Зерттеулеріңді қалай жүргізесіңдер?**
**Өз зерттеулеріңнің нәтижелерін қалай және қайда көрсетуге болады?**

# § 17. ТУҒАН ӨЛКЕ ПУБЛИЦИСТИКА БЕТТЕРІНДЕ



**Сендер бұл сабақта:**

- өңірде шығатын газет-журналдарды білесіңдер;
- туған өлке туралы, шындық көзқарас тұрғысынан адамдар туралы мақалалар мен очерктерді ақпараттылығы, мазмұнының тереңдігі, эмоционалдық әсері тұрғысынан талдайсыңдар.

*Түйін сөздер: газеттер, журналдар, публицистика,очерктер, журналистер*

**Зерттеуге арналған сұрақ!**
***Газет-журналдарды оқу, мақалалар жазу, жариялау не үшін қажет?***

Шығыс Қазақстан өңірі – ең ерте кезден публицистика мен ағартушылық қалыптасқан өңір.




Тарихтың талай сәттерін басынан өткізген қазақ зиялы қауымы XX ғасыр басында бас біріктіріп, елдің көзі ашық болуына, интеллектуалды ұлт болып қалыптасуына барын салды. Бұлар – алаш зиялылары еді. Олар 1917 жылы Алашорданың Семей облыстық комитетінің үні болған «Сарыарқа» газетін шығару жұмысын қолға алды. Дегенмен ұзақ жылдар бойы «Семей таңы» газетінің тарихы осы «Сарыарқа» газетінің жалғасы ретінде емес, 1919 жылдан жарық көрген «Қазақ тілі» газетінің жалғасы деп айтылып келді. Қазақтың ұлттық тұңғыш газеттерінің бірі «Сарыарқа» алаш тарихын зерттеушілер еңбектерінде болмаса, арнайы зерттеліп, өз бағасын ала алмады. 2017 жылы өзінің 100 жылдығын атап өткен өңіріміздегі «Семей таңы « газетінің осындай үлкен тарихы бар. «Семей таңы» – шығыс өлкесіне тарайтын газет. Бұл қазақ публицистика-

лық тілі мен стилін қалыптастырған газет. Басылым әр жылдары «Қазақ тілі», «Жаңа ауыл», «Қызыл дала», «Социалды шығыс», «Екпінді», «Семей правдасы», «Ертіс» деп аталған. 1966 жылдың 1 сәуірінен «Семей таңы» деп аталады.

**Ойланыңдар!**
**«Семей таңы» газетінің тарихы қай жылдан басталады? Бұл басылым тарихы қай газетпен байланысты?**

**Бұл қызық!** *«Сарыарқа» және «Қазақ тілі» газеттерінің жалғасы – бүгінгі «Семей таңы» газеті.*






**«Абай»** – республикалық фольклорлық-этнографиялық әдеби-көркем журналы. 1918 жылы Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов негізін салған басылым. 1992 жылы Ырысхан Мұсаұлы қайта жаңғыртып, жалғастырған. «Абай» журналы қазақтың ұлы ақыны Абайдың өмірі, ақындық айналасы, тарихы, сондай-ақ, әдебиет пен тарихи туындыларды зерттеу мен зерделеуде тың деректер беретін бірден бір басылым. Семей қаласында екі айда бір рет шығады. 1994 жылдан республикалық мәртебе беріліп, Қазақстан көлемінде таратылып келеді.

**Бұл қызық!** *«Абай» журналының негізін Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов қалаған.*

**Облыстық «Рудный Алтай»** газетінің алғашқы атауы «Голос Алтая» еді. Оның бірінші саны 1918 жылдың 10 сәуірінде жарыққа шықты. Екі беттен тұратын, пішіні шағын ғана газет болатын.

...Одан бері, міне, бір ғасыр уақыт өтті. Осы уақыт ішінде газет талай-талай қиындықтарға да жолықты. Қағаз бен басқа да жабдықтардың жетіспеушілігі салдарынан басылымның шықпай қалған кездері де болған.

«Малахитовая шкатулка», «Каменный цветок» және «Серебрянное копытце» сияқты белгілі ертегілер мен әңгімелердің авторы, танымал жазушы Павел



Бажов алғаш редакторлық қызмет атқарған тұлғалар қатарында болды.

Газеттің қазіргі атауы 1963 жылдың 1 мамырында берілді. Ол енді «Рудный Алтай» деген атаумен басыла бастады.



Рудный Алтай

восточно-казахстанская областная газета

№ 52 (20112)
3 МАЯ
2018 год
ЧЕТВЕРГ

Выходит с 10 апреля 1918 года

WWW.RUDNYI-ALTAI.KZ
WWW. ALTAYNEWS.KZ

Карты не в руки, а в ноутбуки!

6 стр.

Сегодня в номере:

Транспорт — Маршрут без смога и бензина — 3 стр.

Ракурс — Качелям подрезают крылья? — 9 стр.

Контрасты — Осторожно, дачи загораются — 24 стр.

Сонау жылдардан бері газеттің атауына ғана емес, форматы мен мазмұнына да бірнеше мәрте өзгеріс енгізілді. Кезінде «Рудный Алтай» газетінде еңбек еткен Н. Анов, Патрикеев, Долгунин, С. Ильин, Ф. Боярский, Г. Завъялов, И. Полушкин, П. Капустин, Ю. Матвеев, М. Новик сынды азаматтарды білмейтін жан кемде-кем шығар бүгін. Әсіресе, осылардың ішінде жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың тілмашы болған қазақстандық әдебиетші Павел Кузнецов газеттің қайнар бастауында тұрған ерекше тұлға. Осы орайда, 2000-шы жылдары «Рудный Алтай» газетіне А. Акава, Т. Посачилина, А. Кратенко, В. Дубровский сияқты жандардың басшылық жасағанын да айта кеткен орынды.

«Рудный Алтай» газетінің әрбір беті – аймақтың айнасы. Бұл күнде республика көлеміндегі үздіктердің көш басында.

**Шығыс Қазақстан облыстық «Дидар» газеті** – 1939 жылдан бері ғана облыс орталығына айналған Өскемен өңіріндегі қазақ басылымының тарихы 1931 жылғы 24-қазанда Риддерде алғаш жарық көрген қалалық «Жұмысшы» га-






зетінен басталады. 1939 жылы Өскемен қаласы Шығыс Қазақстан облысының орталығы болып құрылуына байланысты «Жұмысшы» газеті облыс орталығына көшіріліп, «Социалистік Алтай» деген атпен шыға бастады. Соғыс жылдары алдымен аударма газет болып, 1943 жылдан «Алтай большевигі», 1953 жылғы 31-наурыздан ел тәуелсіздігіне дейін «Коммунизм туы» деген атпен жарық көрді. Газет 1990 жылғы 27-қарашадан бері «Дидар» деген жаңа атпен шығып келеді. 2009 жылы «Шығыс Ақпарат» медиахолдингі құрылып, облыстық «Рудный Алтай» газеті және бірнеше аудандық газеттермен бірге сол ұжымның құрамына кірді. Қазақстан Республикасы Президенті Грантының және Қазақстан журналистика академиясы «Алтын жұлдыз» сыйлығының иегері. Газеттің алғашқы редакторы – Алаш арыстарының бірі Мақсұт Тайшыбаев. Қазіргі бас редакторы – Уәлихан Тоқпатаев.

**Шығармашылық тапсырма!**
**Газетке немесе журналға мақала жазғың келе ме?**

✐ Ендеше, мағыналы, әрі қызықты мақала жазу үшін бірнеше кеңесімізді оқып алыңдар.
✐ Мақаланың не туралы жазылатынын, не мақсатта жазылатынын анықтап алыңдар.
✐ Аудиторияны анықтап алу керек.

✐ Жазудан бұрын кім үшін, қанша жастағы оқырман үшін жазатыныңды анықтап алыңдар.
✐ Мәселен, ғылыми мақала мен балаларға арналған мақаланы шатастырмау керек.
✐ Аудиторияға сәйкес, дайындықтарың да өзгеріп отыруы керек.
✐ Оқырманға не керектігін іздеңдер. Оқырмандар не туралы білгісі келеді?
✐ Мақалаға өзгеше реңк, жаңа тұрпат беріңдер.
✐ Оқырман ғана емес, жазып жатқан тақырыпқа өздерің де аса үлкен мән беретіндеріңді көрсетіңдер.
✐ Іздеуді жалғастыра түсіңдер.
✐ Сенімді ақпарат көздеріне жүгініңдер.
✐ Бастысы, оқырманға ақпараттың түсінікті болу қажеттігін естен шығармаңдар.

**Сөздікпен жұмыс!**
**Очерк** – адамдар мен шынайы өмір суреттелетін көркем әдеби әрі деректі шығарма.

**Топтық жұмыс!**
**Біздің өлкемізде қандай басылымдар бар? Олардың тарихы туралы не білесіңдер? Қандай белгілі журналистерді білесіңдер? Өз аймақтарындағы газет-журналдар туралы айтып беріңдер.**

*Думан Анаш*

### Айдынды Алакөл. Алакөлді Әуезов те зерттеді

Алакөл – өте ертеден келе жатқан қазаншұңқырлардың бірі. Атауы жағынан алғанда, түп-тамыры түркілер заманымен ұштасатын болуы керек. Бұл турасында талас көп. Жер-су аттарына жетік ғалым Ғ.Қоңқашбаев ежелгі түрік және моңғол сөздерінің этимологиясы негізінде Алакөлдің «Ұлы көл» немесе «Таулы көл» мағынасын беретінін айтып жүр. Баба түрік «Ұлы көл» десе деуі мүмкін, бір заманда Алакөл мен Балқаш қосылып, телегей теңіз болған деп ауыл ақсақалдары әңгіме соғушы еді. XIX ғасырда Шоқан Уәлиханов екі байтақ судың біртұтас су қоймасы болғанын алғаш рет анықтады. Ғылымда оны «Ханхай теңізі» деп те айтады. Қазір ұлы теңіздің жұрнағы болып Балқаш пен Алакөлден өзге Сасыққөл, Жалаңашкөл, Қытай жерінде Ебі-нұр көлдері қалған. Осы жағрафиялық өлкеде адуынды Ебі желі бар. Төре Шоқан Ебінің де ебін тауып, ғылыми айналымға түсірді. Ашуға мінген сәтінде бұл жел Жоңғар қақпасынан шығып, Алакөлді armансыз сапырады. Мұндай буырқану үлкен теңіздердің өзінде бола бермейді. Осы көрініс те тәңіри түрік заманында Алакөлге айрықша бас идірген болуы кәдік. Ебі бір жағынан көлдің санитарлық тазалығын реттеп отырады. Бізде демалу мәдениеті кемшін ғой. Ішіп-жеп болған соң қалдықтарды көл жағасына шашып кететіндер баршылық. Бір ғажабы, қоқысқа айналған заттар ешқашан көл суымен араласпайды.

# § 18. «МЕНІҢ ТУҒАН ӨЛКЕМ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ

**Сендер бұл сабақта:**

- энциклопедия ұғымын түсінесіңдер;
- энциклопедияға қатысты мәліметтерді іріктей білуге үйренесіңдер;
- өлкетанудың бағыттарын анықтайсыңдар;
- өлкетанудың бағыттарына байланысты электрондық энциклопедия құрастырудың ұжымдық жұмысына қатысасыңдар.

*Түйін сөздер: энциклопедия, сөзтізбе, электронды энциклопедия.*

**Зерттеуге арналған сұрақ!**
***Энциклопедия не үшін қажет?***
***Электронды энциклопедия дегеніміз не?***

Энциклопедия – ғылыми бағытты қамтитын, анықтамалық көлемді еңбек. Топтастыру деген мағынаны білдіреді. Энциклопедиядан белгілі бір аймаққа, ғылыми түсінікке, тұлғаға т.б. байланысты қысқа әрі нұсқа мәлімет аламыз. Энциклопедияның тарихы ертеден бастау алады. Грек тілінен аударғанда мағынасы «білім өрісі» деген мағынаға келеді. Белгілі бір ғылыми ұғымдарды меңгеруде энциклопедияның алар орны зор. Тарихымыздағы Ж. Баласағұнның «Құтты білігі» – ел басқарудың қыр-қырын үйрететін ғылыми энциклопедия сияқты.

**Ойланыңдар!**
**Энциклопедия құрастыру үшін ең алдымен не қажет?**

**Бұл қызық!** *Энциклопедия белгілі ғылыми айналымға немесе белгілі бір аймаққа, не боламаса белгілі бір тарихи оқиғаға, немесе белгілі бір тұлғаға арналады.*

**Есте сақтаңдар!**
**Энциклопедия мақаласы көпшіліккке түсінікті тілде, анықтамалық сипатта, мағлұматтар негізінде жазылуы тиіс.**

Энциклопедия жазу үшін ең алдымен сөзтізбе қажет. Жеке мақала болып енетін атаулар мен ұғымдарды жинап, іріктеу – аса жауапты жұмыс. Сондықтан кез келген энциклопедиялық жинақтың мазмұнының құндылығы мен сапасы оның сөзтізбесіне тікелей байланысты. Бұл жинақтың

басынан аяғына дейін материалдың берілу жүйесін жасауға негіз болады.

Энциклопедияда берілетін карта, иллюстрация, деректерді есепке алып, жоспарлауға мүмкіндік береді. Сөзтізбе екіге бөлінеді: тақырыптық, алфавиттік. Тақырыптық сөзтізбеде мақалының аты, иллюстрациясы, портреті (суреті), картасы, библиографиясы көрсетіледі. Тақырыптық сөзтізбеге байланысты ұсыныстар, пікірлер толық талқылаудан өткеннен кейін алфавиттік сөзтізбе жасалады. Бұл барлық тақырыптық сөзтізбелердің жиынтығы.







Алфавиттік сөзтізбеден кейін (жаңа атау қосу немесе шығару, мақаланың атын өзгерту, көлемін ұлғайту, азайту т.б.) болмайды. Ондай өзгерістер белгілі тәртіппен, дәлелді себептерге негізделген арнайы рұқсатпен енгізіледі. Сөзтізбенің негізі мақала атауы. Энциклопедия мақаласы көпшіліккке түсінікті тілде, анықтамалық сипатта, мағлұматтар негізінде жазылуы тиіс.Еліміздің тарихы байланысты көптеген энциклопедиялар әр жылдары жарық көрген. Ел тәуелсіздігінен кейінгі ең іргелі энциклопедиялық еңбек – бұл **«Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясы.**

Туған өлкемізге, белгілі тұлғаларымызға арналған «Абай», «Мұхтар Әуезов», «Шәкәрім» тұлғалық энциклопедиялар, «Шығыс Қазақстан» облысы энциклопедиясы бар. Бұл энциклопедияларда Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұхтар Әуезов өмірі мен шығармашылығы, Шығыс Қазақстан облысы тарихы, белгілі тұлғалар, жер-су атаулары, ғылыми терминдер толық қамтылып, сөзтізбесі жасалған.

**Электронды энциклопедия** – энциклопедиялық сипатты қамтитын, мәтіндер мен суреттерді, қамтылатын ақпарат мазмұнына сай ақпараттарды қамтитын электронды бет. Елімізде әр аймақтың өзінің электронды энциклопедиясы бар. Бұлар өлке туралы, оның зерттеу объектілері туралы, сондай-ақ бағыттары туралы ақпараттарды қамтиды.

**Есте сақтаңдар!**
**«Абай» тұлғалық энциклопедиясының сөзтізбесін қайраткер ғалым Қайым Мұхамедханов жасаған.**

## Ойланыңдар!

**Өлкеміз туралы электронды энциклопедия сөзтізбесін қалай жасаймыз?**

Шығыс Қазақстан бойынша электронды энциклопедия жасау барысында: жер көлемі, жергілікті тұрғындары, әдеби өлкетануы, тарихи орындары мен оқиғалары туралы; табиғаты, өлкеміздің экономикасы, мәдени өмірі; өлке өнері, табиғат, климат, тарихы, тұрғындары, мәдениеті және тұрмысы; қазба байлықтары, тарихи-мәдени ескерткіштері, өсімдіктер мен мекен ететін жан-жануарлары, өлкетану туралы ғылыми мектебі туралы т.б. мол мәліметтер аламыз.




## Ойланыңдар!

**Шығыс Қазақстан облысының өздерің мекен ететін қала, аудан туралы өлкетану бағыттарын анықтап, электронды энциклопедиялық сөзтізбе жасаңдар.**

### Сөзтізбе

Энциклопедияға жеке мақала болып енетін атаулар мен ұғымдарды жинап, екшеп іріктеу – аса жауапты жұмыс. Өйткені кез келген энциклопедияның мәдениеті, сапасы, құндылығы оның сөзтізбесіне тығыз байланысты.

Энциклопедиялық басылымнһ сөзтізбесі тақырыптық және жалпы алфавиттік болып бөлінеді. Алдымен ғылым салалары бойынша тақырыптық сөзтізбе жобасы жасалады. Ол тиісті салалық ғылыми редакцияның күшімен де (маман кеңесшілерді қатыстыра отырып), кейде мамандарға тапсырыс беру жолымен де дайындалады. Мұнда мақаланың дәл аты, көлемі (таңбамен), иллюстрациясы (И), портрет (П), картасы (К) библиографиясы (Б), кажетті жағдайда қысқаша аннотациясы, сілтенетін мақаласы көрсетіледі.

Мысалы: «Қабырға» сөзі келесі мағыналарға ие:

- қабырға (анатомия)-адамның және жануарлардың омыртқа жүйесіне бекіген сүйектері;
- қабырға (геометрия) – геометриялық фигуралардың қырлары;
- қабырға – Торғай алабындағы өзен;
- қабырға – Шығыс Қазақстан облысындағы елді мекен.

# § 19. ТУҒАН ӨЛКЕНІҢ ФЛОРАСЫ МЕН ФАУНАСЫ



**Сендер бұл сабақта:**

- біздің өлкемізге тән өсімдіктер дүниесіне сипаттама бересіңдер;
- өңірге тән жануарлар дүниесінің өкілдері жайлы баяндайсыңдар;
- «Қызыл кітап» деген не және Қызыл кітапқа кірген, Шығыс Қазақстанды мекендейтін жануарлар жайлы білетін боласыңдар.

*Түйін сөздер: флора, фауна, «Қызыл кітап».*

**Зерттеуге арналған сұрақ!**
***Шығыс Қазақстанда өсімдіктер мен жануарларды қалай қорғайды?***

**Ойланыңдар!**
**«Қызыл кітап» деген не?**

Өлке табиғатының биоалуантүрлілігі дегеніміз берілген аумақтың өсімдік түрлерінің және басқа да тірі ағзаларының алуантүрлілігі, өлке флорасы мен фаунасының бірлігі. Тірі ағзалар қоршаған табиғи ортаның әсемдігін және қайталанбастығын тудырады. Табиғатқа деген сүйіспеншілік біздің өмірімізді байытады, суретші, ақын, композиторларды шабыттандырады, адамдардың адамгершілік қарым-қатынасын тәрбиелейді.

**Ойланыңдар!**
**Шығыс Қазақстанның өсімдіктер және жануарлар дүниесі сан алуан. Олардың байлығы немен анықталады?**
**Шығыс Қазақстан облысының аумағында қандай географиялық заңдылықтарға өсімдіктер мен жануарлардың таралуы қандай географиялық заңдылықтары бағынады?**

Облыстың өсімдіктер және жануарлар дүниесінің байлығы табиғат жағдайларының әртектілігімен анықталған, ал аумақ бойынша орналасуы ендік аймақтық және биіктік белдеулік заңына бағынады.

Шығыс Қазақстанның флорасы 3000-нан астам өсімдік түрлерін біріктіреді. Флора– нақты бір жер аумағында өсетін өсімдік түрлерінің тарихи қалыптасқан жиынтығы. Солардың ішінде, 400 түрі – сирек, эндемик және




Шығыс Қазақстан облысының физикалық картасы

ежелгі өсімдік түрлері, ал 57 түрі  Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген. Біздің облысымыздың фаунасы 20 мың омыртқасыз және 615 омыртқалы жануарлар түрлерін біріктіреді. Фауна – нақты бір жер аумағында мекендейтін жануарлар түрлерінің тарихи қалыптасқан жиынтығы. Ежелгі түрлер (реликттер) – осы уақытқа дейін сақталған өсімдіктер/жануарлардың көне түрлері. Эндемиктер – шағын аймақтарда таралған өсімдіктер/жануарлар түрлері.

Өсімдік белдемдері жер бедерінің әр түрлі биіктігінде орналасқан және біздің өлкеміздің табиғи-аймақтық өңірлері құрамына кіреді. Бұлар: Қазақстандық Алтай (Батыс немесе Кенді Алтай, Оңтүстік Алтай), Қалба жотасы, Ертіс жазығы, Қазақ және Көкпекті-Шар ұсақ шоқыларының шығыс бөлігі, Сауыр-Тарбағатай, Жайсан және Алакөл ойпаңдары. Бұндай бөлуге негіз – климат, топырақ, грунт суларының ерекшеліктері және басқа да факторлар болып келеді. Біздің облыстың өсімдік белдемдері: шөлді, таулы-далалы, таулы-орманды, биік таулы шалғынды-тундралық, нивальді-тундралы.  Өсімдік белдемдерінің өзіндік ерекшеліктері жануарлардың сан алуан түрлерінің мекен етуіне ерекше жағдайлар жасайды.

**Шөлді белдеу** Зайсан және Алакөл ойпаңын алып жатыр. Белдемге құмды, сазды, тасты-қиыршықтасты және сор басқан шөл тән. Шығыс Қазақстанның шөлді белдеміне келесі өсімдіктер тән: ақ сексеуіл, трагакант қарағаны, қатты сораң (күйреуік), тасбұйырғын, қарабүргін (шашақты жусан), Крылов сасыры.


Сексеуіл


Қылқұйрық бұлдырық

«Қызыл кітапқа» Жайсан лақсасы мен қыртысты жуа енгізілген.

Шөлді белдемде орналасқан Жайсан және Алакөл көлдерінің ихтиофаунасына: торта балық, шортан, алабұға, алтын мөңке мен бозша мөңке, нәлім және басқа да балықтар кіреді. Әр жылдары жерсіндіріліп, адамның шаруашылыққа пайдалану объектілеріне айналған балықтар: сазан, табан және көксерке.   Бұл көлдердің жағалауларына қоныстанатын құстар: өгізшағала, өзен қарқылдағы, үлкен көлбұқа,  көкқұтан мен аққұтандар, қызғыш,  барылдауық үйрек.

Өңірдің шөлдерінде кездесетіндер: тақыр батбаты, түрлі түсті кесіртке, дала сұр жыланы, кәдімгі қалқан тұмсық жылан. Құстардан дала бозторғайы мен қара бозторғай,  алаторғай,  дала күйкентайы,  сарыалқым


Қарсақ


Сұр жылан


Жайсан батбат кесірткесі


Сарыалқым аражегіш


Қыртысты жуа

аражегіш, үлкен тағанақ, қылқұйрық бұлдырық кездеседі. Сүтқоректілер арасында қасқыр, қарсақ, түлкі, құлақты кірпі, жоңғар атжалманы, жүнбалақ қосаяқ мекендейді.

Шығыс Қазақстанның шөлдерін мекендейтін, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген, сирек кездесетін және жоғалу қаупіндегі жануарлар: Жайсан батбат кесірткесі (Жайсан қазаншұңқырының эндемик түрі) және үшсаусақты ергежейлі қосаяқ (Жайсан қазаншұңқырының көне замандық және эндемик түрі).


Үшсаусақты ергежейлі қосаяқ

**Бұл қызық!**

*Қосаяқтар – шөлдердің түнгі мекендеушілері, солтүстік типтегі қатаң шөлдерге жоғары бейімділігімен ерекшеленеді. Виноградов, Житков және үшсаусақты ергежейлі қосаяқтарды майқұйрықтылар деп те атайды. Олар майды құйрығына май жинап, оны қысқы ұйқыға жатқанда пайдаланады.*


Бетегелі дала

**Таулы-далалы белдеу.** Сауыр-Тарбағатай, Көкпекті-Шар ұсақ шоқылы таулары, Қалба жотасы, Семейлік Ертіс маңы және Нарын-Бұқтырма ойпаңы жерлерін қамтыған. Мұнда бұталы құрғақ далалар, бозды, түрлі шөпті, бозды-бетегелі және астық дақылды далалар таралған.

Шығыс Қазақстан далаларында өсетін бұталар: орта және шайқурай тобылғылары, бұталы қараған, аран раушан. Шөптесін өсімдіктер: садақбоз және қауырсын қаулары, бетеге және басқалар.



Қауырсын қау



Ала күлтелі қызғалдақ



Бетеге



Дала таушымылдығы



Ақбас тырна



Дала қыраны

«Қазақстан Қызыл кітабына» енгізілген, сирек кездесетін түрлерге дала таушымылдығы, Людвиг құртқашашы, алтай рауғашы, көктем жанаргүлі, кіші сепкілгүл, ала күлтелі қызғалдақ, Резниченко кермегі, Келлер кестежусаны жатады.



Ұзынқұйрық сарышұнақ



Құм қоян

Құрғақ далалы аумақ жануарлары ашық кеңістіктерге бейімделген. Кеміргіштердің дағдылы кездесетін 28 түрі бар. Бұлар: ұзынқұйрық сарышұнақ, кәдімгі аламан, дала қаптесері және қаптесер тышқан. Таулы-далалы кеңістіктерге құм қоян (толай), дала шықылдағы, қасқыр, түлкі, сасық күзен тән. Құстардың ішінде дала бозторғайы, дала құладыны, сарыалақаз, бөдене, құр кездеседі.

Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген жергілікті фауна өкілдері: тас сусары, ақбас тырна, дала қыраны, қарақұс, бүркіт.



Дала бозторғайы



Дала құладыны

**Таулы-орманды белдеу.** Қалба жотасының, Батыс және Оңтүстік Алтайдың, Сауыр-Тарбағатайдың орманды ақшылқылқанды, ұсақ жапырақты, орманды-шалғынды және таулы-тайгалы өсімдік кешендерін қамтиды. Аралас және ұсақ жапырақты ормандарда қотыр қайың, кәдімгі және сібір қарағайы, көктерек, қара самырсын, мойыл, шетен, шәңгіш, орман жасылшасы, иваншәй, тілік балдырған және басқалар өседі.



Оңтүстік Алтайдың тайга ормандары

Таулы-орманды белдеуінің Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген, сирек кездесетін өсімдіктері: таушымылдық, Алтай суықшөбі, ірі гүлді шолпанкебіс және басқалар.

Шығыс Қазақстан таулы ормандарының фаунасына омыртқалы жануарлардың кәдімгі сібір және алтай түрлері кіреді. Тау өзендері мен көлдерінде қарауыз, таймен, сібір



Жіңішке жапырақ иваншәй



Орман жасылшасы



Ірі гүлді шолпанкебіс



Саңырау құр



Орман көктекесі

майқан балығы (ускуч) мекендейді. Бауырымен жорғалаушылар көп емес, олар: секіргіш және тірі туатын кесірткелер, кәдімгі сұржылан. Сүтқоректілер арасында тұрақты кездесетін түрлер: аю, борсық, кәмшат, сілеусін, бұлан, марал, елік, бұлғын, американың қара күзені, алтай тиіні, өзен құндызы. Құстардан меңіреу құр, сұр құр, қара тоқылдақ, қаршыға, орман көктекесі, шыршашыл қайшауыз және басқалар мекен етеді.

Биік таулы шалғынды-тундралық белдемге Батыс және Оңтүстік Алтай, Сауыр тән. 1800-1900 м биіктікте субальпілік өсімдік дамиды. Флора құрамында сібір қарағайының, қара самырсынның, сібір және боз аршаның жатаған формасы басым өскен. Шөптесін өсімдіктерден альпілік қоңырбас, алтай жыланбас жалбызы, Лобель тамырдәрісі, алтай күнгелдісі өседі. Альпі шалғындары және таулы-тундралы белдеу Батыс Алтайда – 1900-2000 м, Оңтүстік Алтайда 2100-2400 м, ал Сауырда 2500 м биіктікте қалыптасқан.

Альпілік шалғындар аласа шөпті келеді, олар субальпілік шалғындардан жоғары орналасады және оларды биік таулы тундралы белдемдегі жеке өсімдік кешені түрінде қарастыруға болады. Альпі шалғындары жақсы ылғал-



Бұғылар



Борсық



Тиін



Ара тісті дарабас



Альпілік қоңырбас



Тірі туатын таран



Альпі қашқаргүлі

данған. Мұнда альпі қашқаргүлі, алтай бетегесі, сібір қоңырбасы, алтай шегіргүлі, қызғылт семізот, тірі туатын және жылтыр таран, ара тісті дарабас өседі.

**Нивальді-тундралы** белдеу тасты тақырларға, қар жұрнағына және мұздықтарға өтетін аумақтарды алып жатыр. Мұнда бұталы, шөптесін, мүкті-қыналы және тасты-қиыршықтасты тундра түрлері таралған. Тундраларға аласа дөңгелек жапырақты қайың, ара тісті дарабас, сібір тасшүйгіні, бүйра шарбас, аяз семізот, жалаңаш көкнәр тәрізді өсімдіктер тән.

«Қазақстанның Қызыл кітабына» енгізілген, биік таулы өсімдіктер: қар дәуаяғы, сафлор тәріздес аюдәрі (маралтамыр), қызғылт семізот (алтын тамыр), Сібір қандығы.



Алтайдың мұздықтары мен тундралары

Қазақстанның биік таулы белдеудің фаунасы бірегей. Мұнда қатаң табиғат жағдайларға бейімделген жануарлар мекендейді, мәселен, бұл жерлердің жазы қысқа, ал қысы ауа-райының күрт құбылуымен созылмалы келеді, жылымақтар сирек болады. Мұнда тірі туатын кесіртке, құзғын, сарытұмсық шауқарға, азиялық тауқұдірет, тау жадырағы, аққұр, тундра аққұры мекендейді. Сүтқоректілерден дағдылы кездесетіндер: алтай шықылдағы, сібір таутекесі, алтай суыры.



Жалаңаш көкнәр



Дөңгелек жапырақты қайың



Қызғылт семізот

Биік таулы белдеудің «Халықаралық Қызыл кітапқа» және «Қазақстан Қызыл кітабына» енгізілген, сирек кездесетен жануарлар түрлері: қар барысы (ілбіс), алтай арқары, алтай ұлары, лашын, бүркіт, сақалтай.


Қар барысы


Алтай суыры


Шықылдақ


Бүркіт


Аққұр

**Топпен жұмыс!**

**Топпен жұмыс жасау барысында Шығыс Қазақстан облысының табиғаты бойынша электрондық қосымшаны, анықтамалық әдебиеттерді, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің картасын, интернет-ресурстарды пайдалана отырып, төмендегі кестені толтырыңдар:**

| Биіктікті-аймақтық белдемдер | Флораның негізгі түрлері | Фаунаның негізгі түрлері |
|---|---|---|
| 1. | | |
| 2. | | |
| 3. | | |
| 4. | | |
| 5. | | |

Өлкенің табиғи байлығын сақтау мақсатында, Шығыс Қазақстан облысында, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құрылған, оларға: қорықтар, қаумалдар, ұлттық саябақтар, табиғат ескерткіштері, орман резерваттары, ботаникалық бақтар жатады.

## ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ЕРЕКШЕ ҚОРҒАЛАТЫН ТАБИҒИ АУМАҚТАР

Шығыс Қазақстанның республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтары (ЕҚТА):

– үш қорық: Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығы, Батыс Алтай мемлекеттік табиғи қорығы, Алакөл  мемлекеттік табиғи қорығы;

– бір саябақ: Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы;

– бес мемлекеттік табиғи қаумал: Құлжа және Тарбағатай зоологиялық қаумалдары, ботаникалық қаумалдар – «Қаратал құмы» және Төменгі Тұрғысын;

– бір республикалық маңызы бар кешендік табиғи қаумал: «Оңтүстік Алтай» кешенді мемлекеттік табиғи қаумалы;

– бір табиғат ескерткіші: «Көкшілтау самырсын тоғайы» табиғат ескерткіші;

– бір резерват: «Семей орманы» орман резерваты;

– бір ботаникалық бақ: Риддер қаласында орналасқан Алтай ботаникалық бағы.

**Шығармашылық тапсырма!**

**Шығыс Қазақстан облысының табиғаты бойынша анықтамалық әдебиеттерді, электронды қосымшаны және интернет-ресурстарды пайдалана отырып, мысалдармен ШҚО ЕҚТА схемасын құрастырыңдар.**

**Ойланыңдар!**

**1. Қандай мақсатпен және қандай жер телімдерінде ЕҚТА – ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құрылатынын түсіндіріңдер?**

**2. Неліктен табиғатты қорғаудың қорықтық режимі аса тиімді болып табылады? Жауаптарыңды нақты мысалдармен дәлелдеңдер.**

**Қорық** – сирек кездесетін және құнды өсімдіктерді, жануарларды, бірегей табиғи кешендерді, тарихи және мәдени құндылығы бар жерлерді сол қалпында сақтау мақсатымен аумағындағы барлық табиғи кешен толығымен шаруашылыққа пайдаланылудан алынған ерекше қорғалатын табиғи аумақ.

**Қаумал** – қорықтарға қарағанда табиғи кешеннің жеке компоненттері, яғни, тек өсімдіктер немесе тек жануарлар не олардың жеке түрлері, не дара тарихи-мемориалды немесе геологиялық объектілер қорғалатын ерекше табиғи аумақ.

**Ұлттық табиғи саябақ** – қоршаған ортаны қорғау мақсатында адамның шаруашылық іс-әрекеті шектелген, ғылыми зерттеулер мен ұйымдастырылған туризм өткізілетін ерекше қорғалатын табиғи аумақ.



Мысалы, **Қатонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы.**

2001 жылдың 17-шілдесінде құрылған. Ұлттық саябақ аумағы Бұқтырма, Ақ және Қара Берел өзендерінің жоғарғы жағын, Мұзтау тауының шығыс жақ шыңынан Листвяга жотасының және Қатын жотасының оңтүстік беткейлерін, Бұқтырма өзенінің сол жағалауы бөлігіндегі Сарымсақты, Тарбағатай және Оңтүстік Алтай

жоталарын алып жатыр. Ұлттық саябақ Катонқарағай ауданында, ал саябақ қожалығы Катонқарағай ауылында орналасқан. Ауданы 643477 га.

Құрылу мақсаты: ғылыми, экологиялық, тарихи, мәдени және рекреациялық мұра құндылығын құрайтын, Оңтүстік Алтайдың бірегей табиғи экожүйелерін даму және қалыптасу жағдайында зерттеу, сақтау болып табылады.

**«Қызыл кітап»** – бұл сирек кездесетін, жылдан жылға азайып не жойылып бара жатқан жануарлар, өсімдіктер және саңырауқұлақтар түрлерінің тізбесі. Қызыл кітапты 1948 жылы ұйымдастырылған Халықаралық табиғат және табиғат ресурстарын қорғау одағының (ХТҚО) сирек кездесетін және жоғалу қаупіндегі өсімдіктер бойынша комиссиясы бекіткен.

«Қазақстанның Қызыл кітабы» 1978 жылы бекітілді. Ол екі бөлім шығарылымынан құрылды: 1. Жануарлар (1978ж.), 2. Өсімдіктер (1981ж.). «Қазақстанның Қызыл кітабы» 1991, 1996, 2010 және 2015 жылдары қайта шығарылды. Екінші және үшінші басылымдарына көптеген өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Қазіргі уақытта басылымға «Шығыс Қазақстанның Қызыл кітабы» дайындалып жатыр.

**Шығармашылық тапсырма!**

**ШҚО биоалуантүрлілігін қорғау бойынша электронды қосымша мен басқа да ақпараттық әдебиет көздерін пайдаланып, «Қазақстан Қызыл кітабына» енгізілген, ШҚО флорасы мен фаунасы өкілдерінің тізімін құрастырыңдар. Олардың санының қысқартылу себептерін түсіндіріңдер.**

# § 20. МЕНІҢ ӨЛКЕМНІҢ ВИЗИТ КАРТОЧКАСЫ: ӨЛКЕТАНУДЫҢ ДЕРЕКТЕР БАЗАСЫН ӘЗІРЛЕУ

**Сендер бұл сабақта:**

- материалды ұсыну формасын анықтауды;
- өлке туралы негізгі анықтамалық мәліметтерді қамтитын, түрлі форматтағы ақпараттық материалдарды әзірлеуді;
- оқушы немесе тыңдаушыға эмоциялық әсер ету мақсатымен материалдарды жинақтап саралауды

үйренесіңдер.

*Түйін сөз: өлкенің визит карточкасы.*

**Зерттеуге арналған сұрақ!**
***Өз өлкең туралы қалай әңгімелеу керек?***
***Оны қалай таныстыруға болады?***

Өз туған өлкесін тани отырып, адам ата-бабасынан қалған табиғи және тарихи-мәдени мұраны игереді. Болашақта өмірі қандай болып қалыптасатынына қарамастан адам әрдайым өз өлкесінің тағдырына ортақ екендігін сезінеді. Сол аймақтағы бірегей мәдениеттің иеленушісі ретінде әрекет етеді. Ата-бабадан қалған бай мұраны кейінгі ұрпақтарға жеткізе білу аса маңызды міндет. Сондықтан басқа өңірлерден келген отандастарымызға және шетелдік қонақтарға өзіміздің Кіші Отанымыз, оның халқы және табиғаты туралы қызықты әңгімелер айта білгеніміз жөн болады.

**Ойланыңдар!**
**Шығыс Қазақстан туралы басқа елден келген досыңа не айтар едің?**



Туған өлке туралы әңгімелеу жағдайға және тыңдаушылардың қызығушылықтарына қарай әр түрлі болуы мүмкін. Сондықтан өлкетану жөніндегі білімнің толық базасы – Шығыс Қазақстан облысының визит карточкасын қалыптастырып көрейік.

**Сөздікпен жұмыс!**

**Өлкенің визит карточкасы –** өлкенің аса маңызды сипаттамаларының, оларды ұсыну формасының тізімі.

Өлкенің (не басқа географиялық нысанның) визит карточкасын құрастыру үшін келесі мәліметтерді жинақтау керек.

**ЕРЕЖЕ**

1. Географиялық орналасуы, шекарасының ерекшеліктері, жергілікті жермен, ауданмен, облыспен, аймақпен шектесетін мемлекеттердің географиялық орны.
2. Жер бедерінің ерекшеліктері мен облыстың негізгі минералдық байлықтары.
3. Аумақтың климаттық ерекшеліктері.
4. Облыстың су ресурстарының ерекшеліктері.
5. Облыс аумағы бойынша табиғат зоналары таралуының ерекше өзгешеліктері.
6. Облыстағы биоалуантүрлілікті қорғаудың негізгі формалары.
7. Экономикалық-географиялық ерекшеліктері: өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының жетекші салалары.
8. Аймақ мәдениетінің ерекшеліктері.

**Ойланыңдар!**

**Шығыс Қазақстанның визит карточкасын құрастыру үшін қандай мәлімет көздерін пайдаланған жөн?**

**Шығыс Қазақстанның визит карточкасы**

**Құрылған күні:** 10.03.1932 ж.

**Жер аумағы** – 283,6 мың км$^2$ (Қазақстан бойынша 3-орын).

**Халқы (2018 ж.) –** 1384 мың адам (Қазақстан бойынша 3-орын).

Халықтың 60 %-ы қалалық жерлерде, 40 %-ы ауылдық елді мекендерде тұрады.

**Ең ірі қалалары**: Өскемен (329 мың адам) және Семей (321 мың адам)

**Халықтың орташа тығыздығы:** әр 1 км$^2$-ге шаққанда 4,9 адам.

**Ұлттық құрамы:** 105 ұлт өкілдері тұрады.

**Ең ірі этностар –** қазақтар (60 %) және орыстар (36 %).

**Әкімшілік-аумақтық құрылысы:** 15 аудан, 10 қала, 3 кент, 727 ауыл.

**Облыс орталығы** – Өскемен қаласы.

1. Шығыс Қазақстан облысын Батыс Сібір жазығымен шектесетін ұсақ шоқылы қазақ даласы мен Алтайдың оңтүстік-батыс бөлігін алып жатыр. Облыс аумағында Еуразияның географиялық орталығы (50$^0$ с.е. және 78$^0$ ш.б.), қазақтың бас ақыны, ұлы ойшылы және ағартушысы Абай Құнанбайұлының отанында, Семей қаласының оңтүстік-батысына қарай, 180 шақырымдай жердегі Абай ауданындағы Жидебай қонысында орналасқан.



«Еуразия құрлығының орталығы» белгісі. Жидебай. Абай ауданы

Шығыс Қазақстан облысы, біздің республикамызда Павлодар, Қарағанды, Алматы облыстармен, Қытайдың Шынжаң Ұйғыр автономиялық ауданымен, Алтай өлкесімен және Ресей Федерациясының Алтай Республикасымен шектеседі.

2. Шығыс Қазақстанның бірегей табиғатының басты ерекшелігі – табиғат кешендерінің алуан түрлілігі – ыстық шөлдерден мәңгі қарлар мен мұздықтарға дейін болуы.

Шығыс Қазақстан облысының **жер бедері** күрделі және алуан түрлі. Аймақтың батыс бөлігін Ертіс жазығы (теңіз деңгейінен 140 м) және аласа таулар (Сарыарқа немесе Қазақтың ұсақ шоқысы) алып жатыр. Шығыс бөлігінде биік таулар басым: Алтай, Сауыр, Тарбағатай, Жайсан және Алакөл тауаралық ойпаңдарымен бөлінген Жетісу Алатауы. Алтайдың ең биік шыңы – Мұзтау (теңіз деңгейінен 4506 м) – Қазақстан Республикасының ұлттық маңызы бар қасиетті объектілер тізбесіне және ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік табиғи мұралар объектілерінің тізіміне енген.

Біздің облыста **пайдалы қазбалардың** барлық топтары – жанғыш, кен және кенсіз топтары өндіріледі. Басты байлығы – құрамында мырыш, қорғасын, мыс, алтын, күміс пен сирек металлдары бар полиметалл кендері.

3. Біздің өлкеміздің **климаты** қоңыржай, қоңыржай-континенттіктен күрт континенттікке жыл мезгілдерінің нақты айқындалуымен ауысады. Марқакөл көлінің шығысына қарай Қазақстанның ең суық орны – Күршім ауданындағы Шанағат қазаншұңқыры орналасқан, абсолюттік минимумы -56$^0$С. Жаздағы ең ыстық орын – Жайсан және Алакөл қазаншұңқыры, абсолюттік максимумы +43$^0$С. Ең ылғалды аудан – Кіші Үлбі өзенінің аңғары, мұнда жылына 1500-

2000 мм-ден астам жауын-шашын түседі. Мұзтау тауының беткейлерін географтар қазақстандық «қар полюсі», ал Жайсан ойпаңын орташа жылдық жауын-шашын мөлшері – 102 мм болғандықтан, республиканың ең құрғақ жерлерінің бірі деп атайды.


Жайсан көлінің жағалауы

4. Тұщы су қоры мен өзендерінің қуаты бойынша Шығыс Қазақстан елімізде бірінші орын алады. Еліміздің басты су жолы – Ертіс өзенінің жалпы ұзындығының жартысы облыс аумағында жатыр. Жалпы алғанда біздің өлкеде 1200-ден астам өзен бар. Қазақстандағы ең ірі су қоймасы – Бұқтырма (аудан бойынша әлемде 17-орында) және елдегі ең ірі екі су электр стансалары – Шүлбі мен Бұқтырма жұмыс істеп тұр.

Шығыс Қазақстанда 2000-ға жуық көл бар. Соның ең ірісі – Жайсан (әлемдегі ежелгі көлдердің бірі), Алакөл (көлдің бір бөлігі Алматы облысына қарайды), Марқакөл (Қазақстанның ең ірі тау көлі). Облыстың терең көлдері – Өлмейіс (38 м), Алакөл (54 м).

5. Біздің облысымыздың **табиғат ландшафттары** әр түрлі болып келеді. Табиғаттанушылар арасында Шығыс Қазақстанның «кішкентай құрылық» деп аталатыны да сондықтан. Өйткені бұл өлкеде құмды және сазды шөлдер де, сораң шөлейттер де, шөбі шүйгін далалар да, суы мол өзендер мен көлдер де, самырсын мен қарағай өскен ормандар да, таулы-тайгалы белдеулер де, табиғаты көркем субальпілік және альпілік шалғындар да, басын мәңгі қар басқан биік таулар да, мұздықтар да – бәрі-бәрі бар.

6. **Табиғатты сақтау мақсатында** біздің облыста республикалық маңызы бар 12 мемлекеттік ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құрылған (§19 «Туған өлкенің флорасы мен фаунасы» қараңыз). Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы – Қазақстанның шығысындағы тұңғыш және әзірше жалғыз, елдегі ең ірі саябақ.

7. Біздің облысымыздың басты **экономикалық-географиялық ерекшелігі** – жергілікті табиғат ресурстары негізінде құрылған өндірістердің бірегей үйлесуі болып табылады.

Тек біздің облыста атом электростансалары үшін жанармай, мырыш, қорғасын, титан, магний, тантал, берилий, балқытқыш қышқыл өндіріледі.

Республика көлемінде алғанда біздің облысымыз:

жеңіл және жүк автокөліктер, автобустар, ауыл шаруашылық тракторлар, күміс, цемент, ағаш материалдар мен күнбағыс майын шығару, жылқы мал басы, сүт пен ара шаруашылығы бойынша – 1-орында;

алтын, мыс, күкірт қышқылы, ет өндірісі, қарабидай мен қарақұмық жинау бойынша – 2-орында;

тас көмір шығару, электр энергиясын өндіру, мүйізді ірі қара мал басы және картоп жинау бойынша – 3-орында.

Президент Н.Ә. Назарбаев Шығыс Қазақстанды табиғатының әсемдігіне, сонымен қатар, ел экономикасына қосқан үлесіне қарай, «Қазақстанның жарқын інжу-маржаны» деп атады.

Өлке экономикасының өсіп келе жатқан саласы – туризм. Шығыс Қазақстанның туристік объектілерінің арасында ерекше танымалдылыққа ие жерлер: Алакөл, Бұқтырма, Алтай, Ұлан курорт зоналары, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, көптеген тарихи және сәулет өнері ескерткіштері.

8. **Шығыс Қазақстан облысы табиғат ресурстарына ғана емес, тарихи-мәдени мұраларға да бай.** Табиғи объектілер арасында ерекше құндылыққа ие және аса үлкен қызығушылық тудыратын жерлер: Қоңыр Әулие үңгірі, Берел қорымы, Шілікті қорғаны, Қозы Көрпеш – Баян сұлу мазары, Ырғызбай ата кесенесі, Ф.М. Достоевскийдің әдеби-мемориалды үйі, «Абай-Шәкәрім» мемориалдық кешені, «Алаш арыстары» үйі, Семей ядролық полигонының құрбандарына арналған «Өлімнен де күшті» монументі. Бұлардың бәрі Қазақстан Республикасының ұлттық маңызы бар қасиетті орындар тізбесіне кіреді.



**Топтық жұмыс!**

**Ұсынылған жоспар негізінде өз аудандарыңның немесе елді мекендеріңнің визит карточкасын құрастырыңыз. Кімге және қандай формада өз визит карточкаларыңды таныстыра аласыңдар?**

# ЗЕРТТЕУ ЖОБАСЫ ҚАЛАЙ ЖАЗЫЛАДЫ?

**СЕНДЕР ҮЙРЕНЕСІҢДЕР:**

- ғылыми-зерттеу жобасының мәселелік тақырыбын таңдап алып, проблемалық жағдайды талдауды үйренесіңдер;
- жобаның өзектілігін негіздеуді үйренесіңдер;
- зерттеудің мақсатын, міндеттерін, объектісін және пәнін анықтауды үйренесіңдер;
- жобаның гипотезасын дәйектеуді және жобаның жазылу кезеңдерін жоспарлауды;
- қорытынды жасауды және жобаның презентациясын жасауды үйренесіңдер;
- топта табысты жұмыс істеуді үйренесіңдер.

---

*Жоба дегеніміз не?*

Сонымен сендер ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізіп, өз жобаларыңды іске асырғыларың келеді. Кітаптар мен анықтамалық сөздіктерде **«жоба»** ұғымының әр түрлі анықтамаларын кездестіреміз.

**Жоба** – белгілі бір ғимаратты, құрылысты тұрғызуға немесе бұйымды жасауға арналған құжаттардың (есептер, сызулар) жиынтығы.

**Жоба** –мәселелердің, оларды шешу туралы түпкі ойдың, оларды жүзеге асырудың құралдарының және жүзеге асыру процесінде қол жеткен нәтижелердің жиынтығы.

**Жоба** –жаңалықты енгізуді көздейтін, белгілі бір уақытпен, бюджетпен, қормен, сонымен қатар жүзеге асыруға байланысты нақты нұсқаулармен шектелген, кешенді, қайталанбайтын шара.

**Жоба** – бұл айрықша нәтиже алу мақсатындағы бір кезеңде ғана орындалатын (яғни, белгілі бір бастау және аяқталу уақыты бар) жұмыс.

**Жоба** – белгіленген шектеулі уақыт кезеңінде жүзеге асырылатын және ерекше, сонымен қатар белгілі бір нәтиже алуға бағытталған өзара байланысқан оқиғалардың жүйесі.

Осы жоғарыда келтірілген анықтамалардың мәніне мұқият талдау жасайтын болсақ, «жоба» терминінің екі түрлі түсініктемесін аңғаруымызға болады. Оның біреуі тар мағынаға, екіншісі кең мағынаға ие.

Алғашқыда жоба (латынша projectus – «алға тасталған») белгінің моделі кескінінде немесе болашақ объектінің (ғимарат, құрылыс, құрылғы) кішірейтілген табиғи көшірмесі ретінде түсіндірілді. Бірақ қазіргі күні «жоба» термині кең мағынада қарастырылады. Ол тілекке сай нәтиженің бейнесін ғана емес, сонымен қоса оны жүзеге асыруға бағытталған әрекетті, оны өндірудің барлық – идеяның пайда болуынан бастап, оны жүзеге асыруға дейінгі – кезеңдерін қамтиды.

*Жобамен жұмыс неден басталады?*

Сендердің жобаларыңның басқаларға ұқсамайтын ерекше болуы керек. Жобаға деген қажеттілік болуы тиіс, бірақ оны қажет ететіндер не істеу керек екенін, оны қалай жасау керек екенін білмегенде, оларды қанағаттандыру мақсатында жасалатын өнім болуы тиіс. Мұндай жағдайда «белгілі бір мәселе туындады» деп айтады.

Сендердің мұғалімдерің ғылыми жетекші бола алады, бірақ ол сендердің орындарыңа жобаны іске асырады деген сөз емес, ол сендердің кеңесшілерің, жетекшілерің болады. Өз зерттеулеріңді неден бастап, қалай аяқтау керек екенін біз сендерге алгоритм ретінде ұсынамыз:

1. Мәселені анықтау: ғылыми мәселені тұжырымдау, яғни басты нәрсені екінші кезекті нәрседен, белгіліні белгісіз нәрседен бөліп алу, оның өзіктілігін дәлелдеу. Сендердің ғылыми мәселелеріңнің негізгі сұрағы: сендер қандай мәселені шешулерің керек?

